# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»**

**Мектепалды даярлық** О сынып

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 9-апта 03-07 қараша 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Бірлік және ынтымақ

**Құндылық айы:** Әділдік және жауапкершілік айы

**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын, «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.

**Апта дәйексөзі:** Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | Сәрсенбі | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Өнегелі 15 минут» Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю. | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Б балалармен балабақша туралы әңгімелесу. | Фотосуреттер қарастыру «Сүйікті ойыншықтарым ». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау. | Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі». | Құрылыс ойындары Қуыршақтарға үй құрас-тырамыз. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені №1 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық** | **Жылулық сәті:** Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді. | **Жылулық сәті:** Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз. | Жылулық сәті: Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді. | Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:** Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. |
| | 1 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | **Математика негіздері** **Тақырыбы**: Шартты өлшеуішті | **Сауаташу негіздері** **Тақырыбы:** Дыбыстық талдау | **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Шартты өлшеуішті | **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Мен не істей аламын | **Сауаташу негіздері** **Тақырыбы:** Дыбыстық талдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет** | пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.<br>**Мақсаты:** -шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>**күтілетін нәтиже**:<br>шаршының сызбасын сыза алады және өлшейді.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.**<br>Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады.<br>П: Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді. Құстар үшін де пайдалы. Оның бұтақтарына құстар ұясалады<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма. | **Мақсаты:** балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту;<br>-сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту;<br>-ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу;<br>**Күтілетін нәтиже**: кез келген өздерге дыбыстық талдау жасай алады.<br>**Саққұлақ**<br>Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және т. б.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br><br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br>4-тапсырма | пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.<br>**Мақсаты:** -шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>Күтілетін нәтиже. шаршының сызбасын сыза алады және өлшейді.<br>Дидактикалық ойын: «Қандай пішін шықты?»<br>Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.<br>Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары<br>Барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады.<br>Қандай пішін шықты?<br>Тәрбиеші тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қоюды ұсынады. Қандай пішін шықты?<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br>4-тапсырма | **Мақсаты:** -шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>Күтілетін нәтиже. Шартты өлшеуіштерді пайдаланып есептер шығара алады.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Мынау қай пішін?»<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br>4-тапсырма | **Мақсаты:** балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту;<br>-сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту;<br>-ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу;<br>**Күтілетін нәтиже**: кез келген өздерге дыбыстық талдау жасай алады.<br><br>2-тапсырма<br><br>3-Тапсырма.<br><br>4-тапсырма<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/watch?v=pt71qtnq325 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  |  **ЖИ тапсырма** [https://learningapps.org/watch?v=pidjfqc5k25](https://learningapps.org/watch?v=pidjfqc5k25) |  |  | |

**Күй күмбірі- үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Бармақ болып жұмысқа,<br>Қырға шықты құмырсқа,<br>Тоңып кетіп аяғы,<br>Қырға қайтып шығады.<br>Ой – ой – ой,<br>Әне аю келеді.<br>Құмырсқаны көреді.<br>Енді қайтып құтылар,<br>Илеуіне тығылар.<br><br>Осман |   | Құрылымдалған ойын:<br>Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»<br>Мақсаты: Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау)<br><br>Жарас |

| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Алғашқы қар<br>**Мақсаты:** -дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу;<br>-балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту;<br>-туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі,ойлау қабілеттерін дамытады<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кімде не бар?»**<br>**Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Педагог:<br>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер.<br>Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.<br>Балалар, сендер күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер<br>1-тапсырма.<br>Суретке қарап мәтін құрастыр.<br><br><br>Тапсырма. Суретті боя | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Тақырыбы:** Аңдар қысқа қалай дайындалады?<br>**Мақсаты:** жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру;<br>-логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** аңдар қыс мезгілінде қалай дайындық жасайтыны жайлы ақпараттар алып өздеріне тоқиды.<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Тұқым» ойыны**: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды.<br>Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.)<br><br>**«Тағы кім?» ойынан ойнауға** | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Тәуелсіз Қазақстан.(өлеңмен таныстыру)<br>Оразақын Асқар<br>**Мақсаты:** -өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншіік сезімдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>еліміздің тәуелсіз ел және егемен Қазақстанымыз жайлы біршама бейне жазбадан көрсетеді.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»<br>Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.<br>Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу.<br><br>**1-тапсырма**.Еліміздің тәуелсіз алған күнін жылын атап айту. | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Алғашқы қар<br>**Мақсаты:** -дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу;<br>-балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту;<br>-туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі,ойлау қабілеттерін дамытады<br>**«Саңырауқұлақтар»** тақырыбындағы кеспелі суреттерді құрастыруға шақырады, ойын барысында саңырауқұлақтарға сипаттама береді.<br><br>АҚ САҢЫРАУҚҰЛАҚ — қалпағы қоңыр, дөңгелек, сабағы жуан болады.<br>ҚАЙЫҢҚҰЛАҚ — негізінен қайың ағашының түбінде өседі, қалпағы дөңгелек, қара- қоңыр түсті, сабағы жіңішке, биік болып өседі.<br>ТЕРЕКҚҰЛАҚ — қалпағы қызыл, сабағы биік болады.<br>ТҮЛКІШЕК — түсі сары, сабағы аласа, қалпағы иілген.<br>ТОМАРҚҰЛАҚ — ақшыл-қоңыр түсті саңырауқұлақ, сабағы жіңішке, жиегінде «жағасы» бар, «отбасымен» топтасып өседі.<br>Педагог: орманнан тек саңырауқұлақ тереміз бе?<br>Қазақстанда өсетін орман жидектерімен танысады. Олар: таңқурай, қызыл тал, шырғанақ, арша, шетен, бөріқарақат, итмұрын. Алған әсерлерімен бөліседі, олардың дәмі туралы әңгімелейді<br><br>1-тапсырма.<br>Қыс мезгілінде болатын құбылыстарды атаңыз | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Тәуелсіз Қазақстан.(өлеңмен таныстыру)<br>Оразақын Асқар<br>**Мақсаты:** -өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншіік сезімдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** еліміздің тәуелсіз ел және егемен Қазақстанымыз жайлы біршама бейне жазбадан көрсетеді.<br>**Дидактиалық/ойын**<br>«Зейінді бол»<br>Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.<br>Көрнекілік: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер /5–сурет/.<br>Барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші /екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы/ суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.<br><br>Біз Л.Н. Толстой шығармашылығымен танысамыз.<br>-Экранға назар аударыңыз , бұл Лев Николаевич Толстой.<br>- Ал енді оның "Әке мен ұлдар" шығармасымен танысамыз.<br>Әкесі ұлдарына тату-тәтті өмір сүруді бұйырды; олар бағынбады. Сондықтан ол сыпырғышты әкелуді бұйырды да:<br>— Сындыр!<br>Олар қанша куресce де, сындыра алмады. Содан кейін әкем сыпырғышты шешіп, бір-бірден таяқшаны сындыруды |



**ЖИ тапсырма**

https://learningapps.org/watch?v=p7r2ynydk25

**шақырады.**Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).

**Тапсырма.** Суретке қарап аңдарды атап қыс мезгілінде қандай аң ұйқыға кетеді.



**Ойланып жауап бер!**
Орман аңдары қыс мезгілінде немен қоректенеді.

**Тапсырма.** Суретті боя








2-тапсырма. Еліміздің тарихымен таныстыру




.

Дидактикалық ойын
Тәрбиеші: Ойыншықтардың үлкенді-кішілі болатынын білесіздер. Ойнайық. Сіздердің әрқайсыларыңыз өз ойыншықтарыңыз туралы айтып бересіздер: "Үлкені – балық, кішісі – балық".
Үлкен қуыршақ – кішкентай қуыршақ.
Үлкен доп – кішкентай доп.
Үлкен машина – шағын машина.
Үлкен қоян – кішкентай қоян.
Бас барабан – кішкентай барабан. "Үлкен - кіші" дидактикалық жаттығуы
*Тәрбиеші*: Балалар, біз бір нәрсені күттік. Ойнайық, қол-аяқты жаттықтырайық.



2-тапсырма
Қыс көрінісіне көңіл бөліп балдарға ұғындыру






бұйырды. Олар штангаларды бір-бірлеп оңай сындырды.
Әке былай дейді: — Сонымен, сіз: егер сіз келісіммен өмір сүрсеңіз, сізді ешкім жеңе алмайды; ал егер сіз ұрысып, бәрін бөлек алсаңыз, бәрі сізді оңай құртады.

**1-тапсырма.** Тәуелсіз еліміз қай жылы алды?
**2-тапсырма.**






.

**Күй күмбірі- үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

**Тілді жаттықтыратын тақпақ**
Үйшікте мына бір сәулетті
Тұратын қай мықты әулеті?
Мен – тышқан-шиқылдақ,
Мен – қоян-желаяқ,
Мен – түлкі-керіммін,
Мен – қасқыр-серімін.
Бәріміз тұратын көңілді,
Қажетті сәулетті көр үйді!

Үйге кірді Алдияр,
Оған қоса Мадияр,
Кейін келді Айдана,
Қанша болды бар бала?

Елн9р



Артикулыциялық жаттығулар: Балықтар
Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.
Жарас, Осман

**Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** Менің пәтерім (үйім)
**Мақсаты:** -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.
Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру;
-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
Артикуляциялық аппаратты дамыту.
**Күтілетін нәтиже:** әр бала өзінің тұратын орнын таза әрі ұқыпты ұстауды дағдыға айналдыру.
**Демонстрациялық материалдармен жұмыс.**
Педагог шағын мәтін құрайды. Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша. Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ. – Мынау не? – Мынау – жапырақ. – Жапырақ сары. – Жапырақ қандай? – Жапырақ сары. – Алтын күз. – Қандай күз? – Алтын күз. Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды

**Сурет салу**

**Тақырыбы:** Гүлдене бер, Қазақстан! (Акварель бояу)
**Мақсаты**: -балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;
-балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту;
**Күтілетін нәтиже:** Қазақстанымыздың көркейуіне кішкентай баладан бастап жауапты екенін ұғындырады.

**Тапсырма.**Сурет саламыз




Ескерту: Қағаз, қайшы, желіммен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік ережелерімен

**Сауаташу негіздері**

**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау
**Мақсаты:** балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту;
-сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту;
-ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу;
**Күтілетін нәтиже**: дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі,ойлау қабілеттерін дамытады
**Дидактикалық ойын:** «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.
Көрнекілік: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.
Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»

**Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** Менің бөлмем
**Мақсаты:** -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру.
Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.
-қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту;
-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
**Күтілетін нәтиже:** әр бала өзінің тұратын орнын таза әрі ұқыпты ұстауды дағдыға айналдыру.

**Дидактикалық ойын:** **«Дүкен» ойыны**.
Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің

**Қоршаған әлем**

**Тақырыбы:** Аңдар қысқа қалай дайындалады?
**Мақсаты:** жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру;
-логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту;
-табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтиже:** аңдар қыс мезгілінде қалай дайындық жасайтыны жайлы ақпараттар алып өздеріне тоқиды.
**Дидактикалық ойын:**
**Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар»**
қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар. Диалог:
Бала: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. т.б.

<table>
<tr>
<td></td>
<td>1-тапсырма. Суреттерде қандай үйлер бейнеленген? Сен қай үйде тұрасың? Бөлмелерді ата. Бөлмелерде нелер бар?<br>

<br>
2-тапсырма. Қандай үйде тұрғың келеді? Суретін сал.<br><br><br><br>
Қосымша тапсырма.<br>
Айырмашылығын айтамыз.<br>

<br>
Жеке жұмыс.<br>
Мұғалім оқиды. Балалар қайталайды. Жақсы өнегелерді қайталап отырады.<br>
Пәтер- квартира<br>
Бөлме- комната<br>
Қонақ бөлме- гостиная</td>
<td>таныстырамыз.<br><br>
Тапсырма. Қазақстанның кез келген қаласындағы бір жерін суретке саламыз<br>
</td>
<td>1-тапсырма<br>

<br>
2-тапсырма.<br>

<br>
3-тапсырма<br>

<br>
4-тапсырма<br>

</td>
<td>қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды.<br>
Балалар дүкенге келеді.<br>
Диалог: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Маған қияр беріңізші. – Алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз.<br>
Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін табады.<br><br>
1-тапсырма.<br>
Суретте қандай бөлме бейнеленген? Бөлмеде нелер бар?<br><br>
2-тапсырма. Өзіңнің бөлмеңде бар заттардың суретін сал. Ата.<br><br><br><br>
Жеке жұмыс.<br>
Мұғалім оқиды. Балалар қайталайды.<br>
Балалар бөлмесі- детская комната<br>
Ойыншықтар- игрушки<br>
Перде- шторы<br>
Шам- лампа<br>
Кітаптар- книги</td>
<td>Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар болады<br><br>
Тапсырма. Аңдардың іздерін қарап қай аңныңізі екенін анықта<br>
<br><br>
Тапсырма. Ұйқыға кететін жануарларды боя<br>

</td>
</tr>
</table>

**Күй күмбірі- үзіліс: Ойын: Саусаққа арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| Тауық шықты көшеге,<br>Ерді барлық шөже де.<br>Алға кетті 7-еуі,<br>Артта қалды 3-еуі.<br>Санай алмай барлығын<br>Есі шықты тауықтың.<br>Сен есепте, балақан,<br>Қанша еді балапан?<br><br>Әр қолына Нүриден<br>Төрт өріктен бердім мен.<br>Бала санай білмеді,<br>Неше өрік ол жеді?<br><br>Осман |  | **Саусақ ойыны: « Құрттар»**<br>**Мақсаты:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>**Тіл дамыту жаттығуы**<br>1,2,3,4,5<br>Құрттар серуенге жүрді,<br>Бір уақытта қарға алдарынан шықты,<br>Басын шайқап иіле ,<br>-Менің түскі асым- деп,<br>Енді қараса құрттар жоқ.<br><br>Жарас |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Біз- болашақ әскерміз!<br>**Мақсаты:**<br>-заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.<br>-қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>еңбекқорлық пен төзімділік берік болса мықты спортшы болатынын ұғындыру<br><br>**Қозғалмалы ойындар:**<br>**Доппен ойнау**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.<br> | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Біздің рәміздер.<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру;<br>-қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ халқымыздың рәміздерін суретімен таныстыру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазақстан жалауы» (Д. Омаров)<br>Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жаса,Қазақстан»(үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені<br>(өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)<br><br><br>**ЖИ тапсырма**<br>**https://learningapps.org/watch?v=p0pqiasen25** | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Біздің стадион.<br>**Мақсаты:** -кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: стадионда қандай спорт түрлерімен жаттығуға болады,сол жайлы балаға мәлімет беру.<br><br>**Қозғалмалы ойындар:**<br>**Ойын шарты:**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 2-нұсқа:<br>Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі.Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады<br><br>**«Қораздар шайқасы» ойыны:**<br>Бұл ойын үшін алдын - ала мүмкіндігінше үлкен етіп, дөңгелек сызу керек. Қарсыластар бір аяқтап жүріп, дөңгелек ішінен бір - бірін итеріп шығаруы керек. Екінші аяғы жерге тисе, ол ойыншы ұтылған болады.<br> | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Біздің рәміздер.<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру;<br>-қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ халқымыздың рәміздерін суретімен таныстыру<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазақстан жалауы» (Д. Омаров)<br>Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жаса,Қазақстан»(үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені<br>(өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)<br><br> | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы**: Менің отбасым.<br>Менің үйім<br>**Мақсаты:** -еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.<br>-балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары.<br>**Күтілетін нәтиже:** денені үнемі шынықтырсаң денің сау болатынын түсіндіру<br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады.<br>**Қозғалмалы ойындар**<br>**Секіртпемен секіру ойындары.**<br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді<br>**«Арқа» ойыны:**<br>Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топтың мүшелері теріс қарап тұрып, аяқтарының арасымен допты екінші командаға бағыттайды. Одан кейін екінші команда қайталайды<br><br><br>.**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/watch?v=pcvz9fs8a25 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Күй күмбірі- үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар** | | | | | |
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады **арыстан:**<br>**А-а-а-а-а-а**<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>**Мә-ә-ә-ә-ә**<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>**Мө—ө-ө-ө**<br><br>**Елнұр** | |   | | Ойын: «Допты қуып жет»<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты:<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.<br>Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.<br>Осман, Жарас | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы  5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 8-апта 20-24  қазан  2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Әділдік және жауапкершілік
**Айдың құндылығы:** Тәуелсіздік және отаншылдық айы
**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.
**Апта дәйексөзі:** Отаным- алтын бесігім!

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Біз бақытты баламыз»<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | «Мен әдепті баламын»<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал,кәнеки бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге. | «Нәр алып»<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | «Қуан,шаттан!»<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке ддайындық | Жылулық сәті:<br>Апам мені «Айым» -дейді,<br>Мн мұңайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті:<br>Қуанамыз күлеміз<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып,қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті:<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті:<br>Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті:<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйыымдастырылған іс-әрекет | **1-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек. Шаршы.Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш.<br>**Мақсаты**-геометриялық фигура -тіктөртбұрышпен таныстыру; | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Үнді  дауыссыз дыбыстар.<br>**Мақсаты:** -үнді дауыссыз дыбыстарды басқа | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек  және сопақша<br>**Мақсаты:** -сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек  және сопақша<br>**Мақсаты:** -сопақша геометриялық фигураны | **Сауаташу негіздері.**<br>**Сабақтың тақырыбы** : Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>Мақсаты: -дауыссыз дыбыстардың түрлерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: геометриялық фигураларды таниды және атайды. дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйренді. Тақырыпқа байланысты бірнеше мысалдар келтіріледі.<br><br>«Мынау қай пішін?»<br><br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br><br>1-тапсырма Заттарға қара. Заттар қандай фигураға ұқсайды? Оларды сәйкес геометриялық фигурамен сызып қос.<br> | дыбыстардан ажыратуға үйрету;<br>-үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. 3. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** үнді дауыссыз дыбыстарды ажырата алады. Дыбыстарға қандай әріптер жататынын біледі.<br><br>«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br><br>Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.<br>Көрнекілік: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.<br>Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдыңда қуыршақ, оң жағыңда машина, сол жағыңда доп, артыңда зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?.<br><br>2-тапсырма. Тыңда, орында.<br><br> | үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу).<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: геометриялық фигураларды таниды және атайды. дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйренді. Тақырыпқа байланысты бірнеше мысалдар келтіріледі.<br>.<br>«Ұзын және қысқа»<br><br>Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.<br>Ойынның мазмұны: балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.<br><br>1-тапсырма Фигуралардың үстіне саусағыңмен жүргіз.<br>Ұқсастығымен айырмашылығын ата. | тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу).<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: геометриялық фигураларды таниды және атайды. дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйренді. Тақырыпқа байланысты бірнеше мысалдар келтіріледі.<br><br>«Тәулік бөліктері »<br>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер<br>Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.<br><br>1-тапсырма Өзің салатын заттың суретін дөңгелек және сопақша түрінде бейнеле. | ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>-дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: Өтілген тақырыптарды қорытындылайды<br><br>«Мынау қай пішін?»<br><br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br><br>3-тапсырма Суретке қара. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін қорша.<br><br><br><br>4-тапсырма. Тыңда, орында. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-тапсырма. Зат қандай фигуралардан құралатынын ата. Фигураларды сана. Цифрларды жаз.<br><br>4-тапсырма. Сандықты геометриялық фигуралардан құрылған өрнектермен безендір. Боя.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс. Үшбұрышты қызыл, төртбұрышты көк, дөңгелекті сары түспен боя.<br><br> | 3-тапсырма. Штрихта.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br><br><br> | <br>2-тапсырма. Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. Боя<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс. Дөңгелекті қызыл, сопақшаны көк түспен боя.<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/watch?v=pawan4ab225 | <br>3-тапсырма. Фотосуреттерді сәйкес пішіндегі жақтаулармен сызып қос.<br><br>4-тапсырма. Әр фигураны карандаштардың көрсетілген түсіне сәйкес боя.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс. Сопақша мен дөңгелекті қоршап сыз.<br> | Саусақтарды қайшылап,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып- қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз.<br><br>5-тапсырма.<br>Суреттерді бастыр.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br>Дауысты дыбыстарды қызыл, дауыссыз дыбыстарды көк үйге орналастыр.<br><br> |
| **Күй күмбірі- үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар** | | | | | |
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Бармақ болып жұмысқа,<br>Қырға шықты құмырсқа,<br>Тоңып кетіп аяғы,<br>Қырға қайтып шығады.<br>Ой – ой – ой,<br>Әне аю келеді.<br>Құмырсқаны көреді.<br>Енді қайтып құтылар,<br>Илеуіне тығылар. | |   | | **Құрылымдалған ойын:**<br>Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»<br>Мақсаты: Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>Шарты: Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды.<br><br>Осман, Елнұр | |

| Жарас | | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)<br>**Сабақтың мақаты:** -балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету;<br>-мақал- мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту;<br>-отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп,<br>сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Отбасындағы әженің орнын түсінеді.<br><br>«Поезд құрастыр»<br>Мақсаты: 1-ді қосу таблицасын қайталату.<br>Көрнекілік: 1-ді қосу таблицасы берілген карточкалар, 0+1, 1+1, 2+1, т.с.с.<br>Барысы: Тәрбиеші карточкаларды балаларға таратып береді, оларды вагондар, ал бір баланы тепловоз деп тағайындайды. Балалар қолдарындағы карточкаларына қарай отырып, алдымен «тепловозға» ретімен тіркелуі тиіс.<br><br>Әжесін қайсысы жақсы көреді? деген әңгімені тыңдайды.<br>Сосын келесі сұрақтарға жауап береді.<br>-Кімнің әжесі бар?<br>-Кім әжесін жақсы көреді?<br>-Не үшін жақсы көреді?<br> | **Қоршаған әлем**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Тұрмыстық техника оның қажеттілігі<br>**Мақсаты:** -тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру;<br>-қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту;<br>-қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тазалыққа, жинақылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** біз техникасыз мына заманда өмірде сүре алмайтынымызды түсіну.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Шамдар»<br>Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар<br>Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Ақымақ қасқыр (қазақ халық ертегісі)<br>**Мақаты:** -ертегіні дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегінің кейіпкерімен танысады. Қасқырдың ақымақтығын түсіндіреді<br><br>«Таныс пішіндер доминосы»<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру.<br>Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>1-тапсырма<br>Ертегінің желісін сурет бойынша айтып бер.<br>Үй жануарларын ата. Үй жануарлары туралы не білесің?<br>Қой қасқырды қалай алдады?<br>Ешкі қасқырдан қалай құтылды?<br>Досыңмен кейіпкерлердің диалогын құра. | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Қысқа дайындық (ертегі)<br>**Мақсаты :** -әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету;<br>-дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту;<br>-еңбеккорлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** мезгілдің ішіндегі күннің суу қай мезгілде боатынын біледі.<br><br>«Қуыршақтардың сыйлықтары»<br>Мақсаты: 1. Сандар мен олардың құрамы туралы білім беру.<br>2. Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.<br>Көрнекілік: Қуыршақ, шарлар.<br>Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі. Балалар ол шарларды үрлеп, қандай түсін және қанша екенін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Шардың санымен артық, қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу.<br><br>Жазғы мезгілде адамзат көбіне немен шұғылданады? | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Қыс (Абдрахман Асылбековтың өлеңі)<br>**Мақаты:** -сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтап, шығармашылық қабілеттері дамиды.<br><br>«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»<br>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.<br>Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.<br>Барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр<br><br>Абдрахман Асылбековтың ҚЫС өлеңімен танысады.<br>1-тапсырма.<br>Суретте жылдың қай мезгілі белгіленген?<br>Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.<br>Баллардың көңіл күйлері қандай?<br>Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тапсырма. Мамандарды арнайы көлік түрлерімен сәйкестендір.<br><br>Болат пен Қанаттың үйіне қай көлік түрі келді? Белгіле.<br><br>Жеке тапсырма. Өз әжең туралы жақсы естеліктер айтып бер. | шығады<br><br>1-тапсырма. Заттарды ата. Тұрмыстық техникаға жатпайтын затты белгіле.<br><br>2-тапсырма. Заттарды 1-ден 6-ға дейінгі реті бойынша резеткамен қос.<br>Тапсырма. Жеке жұмыс. Үйіндегі тұрмыстық техникаларды ата.<br>Қайсысын қайда, қалай пайдаланытынын түсіндір. | <br>2-тапсырма. Қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екпінмен айт.<br><br>3-тапсырма. Ұйқасын тап.<br>Моп- момақан өзі,<br>Суп- сүйкімді ... .(қозы) | <br><br>Қысқа дайындық ертегісін тыңдайды. Ертегі желісі бойынша тапсырмалар орындайды.<br><br>1-тапсырма. Ертегі кейіпкерлері қысқа қалай дайындалды? Өзің итке қалай көмектесер едің? Суретін сал.<br><br>2-тапсырма. Қыздар жаңбырлы күні сыртқа қалай шықты? Әңгімеле. Күзгі және қысқы киімдердің қандай айырмашылығы бар? | <br>2-тапсырма.<br>Кім қайда ойнайды? Сызып көрсет.<br><br>3-тапсырма. Жұмбақты шеш.<br>Ақ көрпесін тұйықтап,<br>Қыстай жатар ұйықтап. |
| **Күй күмбірі- үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар** | | | | | |
| **Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>Үйшікте мына бір сәулетті<br>Тұратын қай мықты әулеті?<br>Мен – тышқан-шиқылдақ,<br>Мен – қоян-желаяқ,<br>Мен – түлкі-керіммін,<br>Мен – қасқыр-серімін.<br>Бәріміз тұратын көңілді,<br>Қажетті сәулетті көр үйді!<br><br>Үйге кірді Алдияр,<br>Оған қоса Мадияр,<br>Кейін келді Айдана,<br>Қанша болды бар бала? | |  | | **Артикулыциялық жаттығулар: Балықтар**<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды!<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек. | |
| **3-ұйымдастырылған әрекет** | | | | | |

| | Қазақ тілі | Жапсыру | Сауаташу негіздері | Қазақ тілі | Қоршаған әлем |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сабақтың тақырыбы:** Мамандықтың бәрі жақсы.<br>**Мақсаты**: -мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету;<br>-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйренеді. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінеді.<br><br>«Ұзын-қысқа»<br>Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.<br><br> <br>1-тапсырма. Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос.<br>Дәрігер емдейді. ..... | **Сабақтың тақырыбы:** Күзгі жапырақтар.<br>**Мақсаты:** -қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту; -табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Күзгі жапырақтардан және табиғи материалдардан түрлі заттар жасап үйренеді.<br><br>**Күз мезгілімен танысу**<br>Күз — жылдың төрт мезгілінің бірі. Бұл мезгілде Жер шары өз орбитасының күн мен түннің күзгі теңелу нүктесінен Күннің қысқы тоқырау нүктесіне дейінгі аралығында болады. Астрономиялық тұрғыдан Күз 90 күнге (24 қыркүйек – 22 желтоқсан), ал күнтізбелік тұрғыдан 91 күнге (1 қыркүйек — 30 қараша) созылады. Әдетте, қыркүйек, қазан, қараша Күз айлары болып есептеледі. Күзде күн суытып, көлдер мен өзендер тартылып, өсімдіктер қурап, ағаштардың жапырағы түседі. Күн қысқара береді. Егін піседі, мал семіреді. Жыл құстары тізбектеліп, жылы өлкелерге ауып кетеді.<br><br>1-тапсырма. Жапсыру сабағының тапсырмаларын орындамас бұрын қауіпсіздік сабағымен танысамыз. | **Сабақтың тақырыбы**: Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Мақсаты:** -дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>-дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Жаттығулар жасайды, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтайды. Өтілген тақырыптарды қорытындылайды.<br><br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды<br><br>1-тапсырма. Суреттердегі заттарды ата. Әр сөздің бірінші дыбысын ата. Егер сөз дауыстан | **Сабақтың тақырыбы:** Жақсы өнеге.<br>**Мақсаты**: -сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру;<br>-қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтырады. Оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландырады.<br><br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны** 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді<br><br>1-тапсырма. Суретке қара. Сыпайы сөздерді қай кезде айтады? Суреттерді сәйкес сөздермен қос. Сөйлем құра.<br>-Сәлеметсіз бе?<br>-Сау болыңыз!<br>-Кешіріңіз<br>-Өтінемін<br>-Рақмет | **Сабақтың тақырыбы:** Бөлме өсімдіктері және оларды күту.<br>**Мақсаты:** -өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру;<br>-өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту;<br>-топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** біз техникасыз мына заманда өмірде сүре алмайтынымызды түсіну.<br><br>1-тапсырма<br>Біздің елде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Дидактикалық ойын:** «Шамдар»<br>Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар<br>Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тапсырма. Жеке жұмыс. Өскеде қандай мамандық иесі болғың келеді? Ойынмен бөліс.<br><br><br><br>Сұрақ- жауап айдары.<br>-Үйде қанша адам тұрасыңдар?<br>-Олар қандай мамандық егесі?<br>-Сонда үйінде қанша мамандық егесі тұрады?<br><br>Тапсырма. Мұғалім оқиды. балалар есте сақтайды.<br>Кім болып істейді?- кем работает?<br>Ұшқық- летчик<br>Ғарышкер- космонавт.<br>Құрылысшы- строитель<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>[https://learningapps.org/watch?v=ppjd70wfa25](https://learningapps.org/watch?v=ppjd70wfa25) | 2-тапсырма. Қолдағы бар заттармен күзгі көріністі жапсырып жасаймыз.<br><br><br> | басталса, дөңгелекті қызыл түспен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түспен боя.<br><br><br>2-тапсырма. Суреттердегі заттарды ата. Үнді дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін көк коржынға, ұяң дауыссыз дыбыстан басталтын заттың суретін қызыл коржынға сал.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Қ дыбысынан келетін сөздерді айтамыз.<br> | 2-тапсырма. Мақал- мәтелдерді жаттап ал.<br>Әдептілікті данадан үйрен.<br>«Сіз» деген- әдеп,<br>«Біз» деген- көмек<br><br>Жеке тапсырма. Суретке қарап әңгіме құра.<br><br><br><br><br>Тапсырма. Мұғалім оқиды. балалар есте сақтайды.<br>Жақсы өнеге- хорошие манеры<br>Әдепті- воспитанный<br>Рақмет- спасибо | шығады<br><br>Тапсырма. Бөлме өсімдіктерінің аттарын білесің бе? Білетін өсімдіктерініңнің аттарын ата.<br><br>Тапсырма. Мына өсімдіктердің ішінен үй жағдайында өсіретін өсімдіктерді көрсет.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Бөлме өсімдіктерін қалай күтіп, баптаймыз?<br> |
| **Күй күмбірі- үзіліс Ойын: Саусаққа арналған ойындар** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Тауық шықты көшеге,<br>Ерді барлық шөже де.<br>Алға кетті 7-еуі,<br>Артта қалды 3-еуі.<br>Санай алмай барлығын<br>Есі шықты тауықтың.<br>Сен есепте, балақан,<br>Қанша еді балапан?<br><br>Әр қолына Нұриден<br>Төрт өріктен бердім мен.<br>Бала санай білмеді,<br>Неше өрік ол жеді? |  | **Саусақ ойыны: « Құрттар»**<br>**Мақсаты:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br><br>**Тіл дамыту жаттығуы**<br>1,2,3,4,5<br>Құрттар серуенге жүрді,<br>Бір уақытта қарға алдарынан шықты,<br>Басын шайқап иіле ,<br>-Менің түскі асым- деп,<br>Енді қараса құрттар жоқ.<br><br>Осман |

**4-ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | Дене тәрбиесі | Музыка | Дене тәрбиесі | Музыка | Дене тәрбиесі |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:** Ақылдылар<br>**Мақсаты:** -допты алып жүру (қашықтық 5 м) жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру.<br>-гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу.<br>Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**: Балалардың денесін шынықтыра отырып ақылды бола алатынын түсіндіру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттығады.<br><br>«Баскетбол» | **Тақырыбы**: Елтаңбасы елімнің.Гүлдене бер, Нұр Сұлтан.<br>**Мақсаты:** музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Еліміздің рәміздерін қастерлеп жатқа біледі.<br> | **Тақырыбы:** Ақылдылар<br>.**Мақсаты:** -допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру.<br>-гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу.<br>Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Балалардыңденесін шынықтыра отырып ақылды бола алатынын түсіндіру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттығады.<br><br>**«Гимнастика»** | **Тақырыбы**:Біздің рәміздер<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру;<br>-қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Еліміздің рәміздерін қастерлеп жатқа біледі.<br> | **Тақырыбы Тақырыбы:** Бізбен бірге және бізден артық орында.<br>**Мақсаты:** -балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату.<br>**Күтілетін нәтиже** :Жаттығу баланың денесін шынықтырып салауатты өмір салтын ұтануға көмек береді.<br><br>«Гараждар»<br><br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді<br>1-тапсырма<br>Денені қыздырамыз<br><br><br> | Музыка тыңдау:<br>«Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа)<br>Ән айту:<br>«Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:«Асатаяқ биі» (қыздар)<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату» | Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.<br>Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек<br><br><br> | Музыка тыңдау:<br>«Қазақстан жалауы» (Д. Омаров)<br>Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жаса,Қазақстан»(үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені<br>(өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай)<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>**https://learningapps.org/view35982314** | бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктерінді гараждарына апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.<br><br><br> |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар** | | | | | |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Тіл жаттығулары:<br>Үш бала.<br>Бір ауылда үш бала,<br>Олар – құрдас: үш жаста.<br>Бірақ, бірақ олардың,<br>Қылықтары үш басқа.<br>Біріншісі шыңқ етпе,<br>Тиіп кетсе, жылайды.<br>Екіншісі бір коңыр,<br>Ақыл айтсаң, тулайды.<br>Үшіншісі – елгезек,<br>Бәрімізге ұнайды</td>
<td colspan="2"> </td>
<td colspan="2">Аз қимылды ойын: Ойын: «Кеме»<br>Мақсаты: Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Қажетті атрибуттар: ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.<br>Ойын шарты: Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады. Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады. Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады.<br>Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Балаларды үйге қайтару</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</td>
</tr>
</table>

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 7-апта 13-17 қазан 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Әділдік және жауапкершілік
**Айдың құндылығы:** Тәуелсіздік және отаншылдық айы
**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.
**Апта дәйексөзі:** Отанды сүю- отбасынан басталады!

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме:<br>«Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Біз бақытты баламыз»<br>Кел, шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | «Мен әдепті баламын»<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал, кәнеки бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге. | «Нәр алып»<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | «Қуан,шаттан!»<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар, Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Жылулық сәті:<br>Апам мені «Айым» -дейді,<br>Мен мұңайсам, уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті:<br>Қуанамыз күлеміз<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті:<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті:<br>Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті:<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- | **1-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Буынға бөлейік. | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Бүтін және фигуралардың | **Сауаташу негіздері.**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Дыбысты талдау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекет | **Мақсаты:** -сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу).<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** дөңгелек пен сопақша тәріздес заттарға мысалдар келтіреді.<br><br>«Мынау қай пішін?»<br><br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br><br>1-тапсырма<br><br><br><br>2-тапсырма | **Мақсаты:** басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету;<br>-сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру;<br>-ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** сөздерді буынға бөлінетінін көрсете отырып,дауысты және дауыссыз дыбыстарды қайталау. Дыбыстарға қандай әріптер жататынын біледі.<br><br>«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br><br>Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.<br>Көрнекілік: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.<br>Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?.<br><br>1-тапсырма | **Мақсаты:** -сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу).<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** дөңгелек пен сопақша тәріздес заттарға мысалдар келтіреді.<br><br>«Ұзын және қысқа»<br><br>Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.<br>Ойынның мазмұны: балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.1-тапсырма<br><br>2-тапсырма. | бөліктері.<br>**Мақсаты:** -геометриялық фигура - тіктөртбұрышпен таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** барлық заттарды бөлікке бөле алады және олар туралы түсінік береді..<br><br>«Тәулік бөліктері »<br>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер<br>Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.<br><br>1-апсырма<br><br><br>2-тапсырма. | **Мақсаты**--дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру;<br>-сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту;<br>-тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** дыбыстарды буынға бөледі және талдай алады.<br><br>«Мынау қай пішін?»<br><br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br><br>1-тапсырма Суреттегі заттарды ата. Үнді дауыссыз дыбыстан басталатын заттарды суреттің үшбұрышқа, қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын заттардың суретін дөңгелекке, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын заттардың суретін төртбұрышқа қос.<br>1тапсырма. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td><br>3-тапсырма<br><br>4-тапсырма<br></td>
<td><br>2-тапсырма<br><br>3-Тапсырма.<br><br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/watch?v=poib3buhn25</td>
<td><br>3-тапсырма<br><br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/watch?v=p0w8cu0z525</td>
<td><br>3-тапсырма.<br><br>4-тапсырма<br></td>
<td><br>2-тапсырма<br><br>3-тапсырма<br></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс : Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Тіл жаттығулары:<br>Ар-арaар<br>Түрлі түсті шар<br><br><br><br><br>Ма-ма—ма<br>Бақшадағы алма<br><br>Осман</td>
<td colspan="2"><br>Елнұр</td>
<td colspan="2">Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»<br>Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.<br>Қолданатын көрнекіліктер: Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.<br>Ойын шарты:<br>1-ші нұсқа. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.<br>2-ші нұсқа. Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.<br>3-нұсқа. Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | береді, қалғандары оны шешу керек. | |
| | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Шаштараз (Өлең)<br>**Сабақтың мақаты:**-балалардың ойлау қабілетін дамыту;<br>-балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Шаштараз деген қандай мамандық екендігін, ол маманның не істейтінін балаларға видео, суреттер арқылы түсіндіру.<br><br>«Поезд құрастыр»<br>Мақсаты: 1-ді қосу таблицасын қайталату.<br>Көрнекілік: 1-ді қосу таблицасы берілген карточкалар, 0+1, 1+1, 2+1, т.с.с.<br>Барысы: Тәрбиеші карточкаларды балаларға таратып береді, оларды вагондар, ал бір баланы тепловоз деп тағайындайды. Балалар қолдарындағы карточкаларына қарай отырып, алдымен «тепловозға» ретімен тіркелуі тиіс.<br><br><br>Тапсырма.<br>Тазалық заттарын тауып, оларды сызықпен қос.<br>Ұқыпты, таза сөздерін қатыстырып, | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Жыл құстары<br>**Мақсаты:** -қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту;<br>-табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту;<br>-табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен карауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалар жыл құстарының аттарын біледі ажырата алады. Тұратын жеріндегі құстарды ажырата біледі.<br><br>«Неше саңырауқұлақ немесе көкеністер?»<br>Мақсаты: Артық-кем ұғымдарын бекіту.<br>Көрнекілік: Кәрзеңке, санырауқұлақтар, көкеністер. (15 дана)<br>Барысы: Тәрбиеші балаларға былай дейді : «Саңырауқұлақтың саны үштен кем, бірден артық. Неше саңырауқұлақ бар? Кәрзеңкеге кокеніс түрлерін салғызып жаттығуды қайталайды. | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Әдептілік әлемі (өлең оқу)<br>Ермек Өтетілеуұлы<br>**Мақаты:** өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** өлең мазмұнын түсінеді. Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Бала тәртіпті болса сонда ғана білім дұрыс беретінін біледі.<br><br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру.<br>Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>1-тапсырма. Суреттерге қарап, әдепті бала туралы әңгіме құра. | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Ең тәтті дүние (Ертегі)<br>**Мақсаты :** -әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту;<br>-дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту;<br>-хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** бала өсу үшін армандап және ертегілерді естіп өсу керек екенін ұғынады.<br><br>«Қуыршақтардың сыйлықтары»<br><br>Мақсаты: 1.Сандар мен олардың құрамы туралы білім беру.<br>2. Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.<br>Көрнекілік: Қуыршақ, шарлар.<br>Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі.<br>Балалар ол шарларды үрлеп, қандай түсін және қанша екенін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Шардың санымен артық, қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу. | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Әдептілік әлемі (өлең оқу)<br>Ермек Өтетілеуұлы<br>**Мақаты:** өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** өлең мазмұнын түсінеді. Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Бала тәртіпті болса сонда ғана білім дұрыс беретінін біледі.<br>«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»<br>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.<br>Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.<br>Барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр<br><br>Тапсырма. Суретке қарап, әдепті бала туралы әңгіме құра.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Мақалды жаттап ал. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірнеше сөйлем құра.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Мына суреттен шаштараз мамандығын тауып, сызықпен қорша. | 1-тапсырма. Құстардың суретіне қара. Өзің білетін құстарды белгіле. Құстар құрылысының ерекшелігін анықта. Олардың қандай ортақ белгілері бар?<br><br>**Тапсырма.** Өз өлкеңде тіршілік ететін құстар туралы әңгіме құра.<br>**Зерттеу жұмысы**. Құстың қауырсынын зерттеу жұмысына қатыс. Бұл туралы туысқандарыңа не айтасың?<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>[https://learningapps.org/watch?v=pp85w0he525](https://learningapps.org/watch?v=pp85w0he525) | <br><br>Тапсырма. Суретке қарап әңгімеле. Қай баланың әрекеті дұрыс, қай бала әдепсіз. Себебін түсіндір.<br> | <br><br>Тапсырма.<br>Ертегі кейіпкерлері нені ұнатады? Ал өзің қандай тағам түрлерін ұнатасың?<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Суреттерді сәйкестендіріп, сызықпен қос. | Әдепті адам- көрікті.<br><br><br>Тапсырма. Суретке қарап әңгіме құрастыр.<br> |

**Күй күмбірі- үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Көбелектер бақалар»**

| | | |
|---|---|---|
| Топ, топ, добым.<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап |   | **Ойын: « Көбелектер бақалар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.<br>**Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. |

**3-ұйымдастырылған әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Менің отбасым. Ғажайып алаң<br>**Мақсаты**: -отбасы мүшелерінің | **Құрастыру**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Жәндіктер. Жануарлар әлемі.<br>**Мақсаты:** -табиғи | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Ойнай отырып оқимыз.<br>**Мақсаты:** сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Мен және менің достарым<br>**Мақсаты:** --қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және | **Қоршаған әлем**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Тұрмыстық техника оның қажеттілігі<br>**Мақсаты:** -тұрмыстық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>-отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету,<br>диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Отбасы басты тәрбие. Отбасы мүшелерін ажырата алады.<br><br>«Ұзын-қысқа»<br>Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас | материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету;<br>-кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>-киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету;<br>-қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** табиғи материалдардың түрлерімен танысады. Олардан жәндіктерді құрастырып үйренеді. Кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындап, шығармашылық қабілеттерін дамытады.<br><br>1-тапсырма. Табиғи материалдармен танысады. Мысалы қазіргі күз мезгілінде күзгі жапырақтардан әртүрлі заттарды құрастырып жасауға болатынын көрсетеміз. Сосын балаларға жасатамыз.<br><br> | жаттықтыру;<br>-дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту;<br>-шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** сөздерді буынға бөле отырып оқимыз.<br><br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды<br><br>2-тапсырма<br><br><br><br>2-Тапсырма.<br><br> | оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Адал достың қадірін білуге шақыру. Досы көпті жау алмайды.<br><br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны** 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді<br>1-тапсырма<br>Ана бізге нені береді?Ол кім?<br><br><br><br><br>1-тапсырма. Суретке қарап, достар туралы қысқа мәтін құра. Балалар қандай ойындар ойнайды?<br><br>2-тапсырма. Арманға достарымен кездесу үшін жолды табуға көмектес.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. балалар | техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру;<br>-қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту;<br>-қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тазалыққа, жинақылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** біз техникасыз мына заманда өмірде сүре алмайтынымызды түсіну.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Шамдар»<br>Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар<br>Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп шығады<br><br>Тапсырма. Заттарды ата. Тұрмыстық техникаға жатпайтын затты белгіле.<br> |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>жолақшаны табуға тапсырма беру.<br><br>Суретті сипатта. Отбасы мүшелері не істейді? Өз отбасың туралы әңгімеле.<br><br>2-тапсырма. Мақал- мәтелді жаттап ал.<br>Отан отбасынан басталады.<br>Баланың бас ұстазы- ата- анасы.<br><br>Тапсырма. Суреттерге қара. Отбасы мүшелерін ата. Сөйлем құра.<br>Менің атам бар. Атамның аты-...</td>
<td><br>  </td>
<td>3-Тапсырма.<br><br>4-тапсырма<br></td>
<td>қайталайды.<br>Дос- друг<br>Достар- друзья<br>Тату- дружно<br>Біздің достарымыз- наши друзя.</td>
<td><br>Тапсырма. Заттарды 1-ден 6-ға дейінгі реті бойынша резеткімен қос.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар!</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Ойын: «Күн мен жаңбыр»<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты:Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді<br>«терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>Мына жерде құрт бар,<br>Мына жерде май бар.<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық!<br><br>Елнұр |  | Жарас |

**4-ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | Дене тәрбиесі | Музыка | Дене тәрбиесі | Музыка | Дене тәрбиесі |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:** Командалық эстафеталар (таза ауада)<br>**Мақсаты**:-гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары<br>**Күтілетін нәтиже**: Балалар эстафета дегенді түсінеді. Ұжымдық ойында бір бірін сыйлауды, ынтымақтасуды үйренеді.<br><br>«Баскетбол»<br>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді | **Тақырыбы**:Сабантойды тойлаймыз.<br>**Мақсаты** қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау;<br>-ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Сабантойдың дәстүрімен танысады.<br> | **Тақырыбы:** Ерекше сабақтар<br>**Мақсаты:** -гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Балаларды денені шынықтырудың маңызын түсінеді. Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйренеді.<br><br>**«Гимнастика»**<br>Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.<br>Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет | **Тақырыбы**:Сабантойды тойлаймыз.<br>**Мақсаты** қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау;<br>-ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Сабантойдың дәстүрімен танысады.<br><br>Ешбір Сабантой ойынсыз, жарыссыз өтпейді. Білесіз бе, халықтық мерекенің ең басты сайысы қандай! Иә, сондықтан біз ұлттық өнерімізді ән мен би жарысына қатыстырамыз Біз сабантойымыздың ең әншісі мен билерін таңдаймыз. | **Тақырыбы Тақырыбы:** Акробат болғым келеді.<br>**Мақсаты:** -заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже** : Бала арманын білу үшін түрлі жаттығулр жасай отырып қызығушылығын түсінеді.<br><br>«Гараждар»<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-тапсырма<br>Білім алушыларды қатарға тұрғызу сәлемдесу, сабақ мақсаттарымен таныстыру. Бір орында оңға,солға, кері бұрылу алаң шетімен қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен және қолды белге қойып өкшемен жүру. Аяққа толық отырып,қарапайым жүріс және қолды иық тұсынан айналдырып отыру. Жүруден жүгіріске өтіп алаң шетімен жүгіру.Қосарланып жасау арқылы жалпы шынығу жаттығуларын жасау. Жүгіруден жүріске өтіп, жалпы дамыту жаттығуларын жасау және сергіту ойындары.<br><br>Тапсырма. Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретеді.<br> | Бүгін бізге мереке келді,<br>Көңілді, батыр, пранкстер,<br>Сабантой, сабантой,<br>Ән айт, секір, күрес, биле!<br><br>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) | болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек<br><br>Гимнастикалық қондырғыларда элементтерді көрсету (қолда бар қондырғыларға байланысты).<br>Ұлдар. Керме. Асылып тұрып, аударылып түсіп көтерілу – баяу асылып тұруға түсу – аяқтарды артқа сермей секіріп түсу.<br>Қоссырық. Сілтеу арқылы қолға таяна көтерілу – қолмен таянып бүгілуден көтерілу<br>– аяқ екі жаққа бүгіліп көтерілу<br>– алға домалап отыру, аяқ екі жаққа ішке ырғып түсу және артқа сермеу, алға сермеу<br>- артқа сермеу арқылы иіле секіріп түсу.<br>Қыздар. Әртүрлі биіктіктегі қоссырық. Жоғарғы сырықта ілініп тұрып, бүгіле иілу<br>-төменгі сырықта артқа жатып ілініп, бір қолды жібере, жатып ілініп айналу<br>– жоғарғы сырықтан оң (сол) қолмен ұстана,төменгі сырыққа отыруға ауысу<br>– бұрыш жасап,артқа секіріп түсу.<br>Тепе-теңдік. Бір аяқта тұру «қарлығаш». | <br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан)<br> | беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарыңа апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.<br><br>Гимнастика спорт түрінің жаттықтырушы үшін өте маңызды, өйткені гимнастикалық жаттығулардың қай жерде қолданылатынына қарамастан бірде–бір түрі жоқ. дене шынықтырумен шұғылдану дың басым көпшілігі таңертеңгі сағаттарға арналған.<br>Бұларды гимнастикалық жаттығ у деп айтуға болады.<br> |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Күй күмбірі- үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар** | | | | | |
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан | | | | **Ойын: «Допты қуып жет»**<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ақырады **арыстан:**<br>**А-а-а-а-а-а**<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>**Мә-ә-ә-ә-ә**<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>**Мө—ө-ө-ө**<br><br>Осман | |   | | Ойынның шарты:<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.<br>Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.<br><br>Жарас | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымыКММ «ЖББ Исаковка».
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 6-апта 06 қазан-10 қазан 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Бірлік және ынтымақ
**Құндылық айы:** Тәуелсіздік және отаншылдық айы
**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.
**Апта дәйексөзі:** Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабыылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балаларды сабаққа уақытысында әкелу,сабақтан қалдырмауды ескерту | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келуді ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: балаларға үлкенді құрметтеп айналасына мейрімді болуға баулу. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю. | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Б балалармен балабақша туралы әңгімелесу. | Фотосуреттер қарастыру «Сүйікті ойыншықтарым ». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау. | Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі». | Құрылыс ойындары Қуыршақтарға үй құрастырамыз. |
| **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Жылулық сәті: Апам мені «Айым» -дейді, Мен мұңайсам, уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті: Шақырамн сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер, Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері** **Сабақтың тақырыбы:** Қанша? Реті бойынша нешінші? **Мақсаты:** -реті бойынша нешінші екенін анықтайды | **Сауаташу негіздері** **Сабақтың тақырыбы:** Дыбыстар әлемі **Мақсат:** -дауысты, дауыссыз дыбыстарды | **Математика негіздері** **Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек ,шаршы ,тіктөртбұрыш,үшбұрыш **Мақсаты:** геометриялық фигура - тіктөртбұрышпен | **Математика негіздері** **Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек ,шаршы ,тіктөртбұрыш,үшбұрыш **Мақсаты:** геометриялық фигура - тіктөртбұрышпен | **Сауаташу негіздері.** **Сабақтың тақырыбы:** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз **Мақсаты:** -сөздерді буынға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -қанша деген сұраққа жауап бере алады<br>**Күтілетін нәтиже:** сандарды санай алады. Сандардың нешінші екенінін және реті бойынша орналасуын ажырата алады.<br><br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны** 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>1-тапсырма.<br><br><br>2-тапсырма.<br><br><br>3-тапсырма | ажыратуды үйретуді жалғастыру;<br>-тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру;<br>-достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** балаларға дыбыстық талдау жасап үйренді, сөздерді буынға бөлуі дамыды, саусақ моторикасы дамыды.<br><br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br><br>5-тапсырма.<br><br> | таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** балдарға сандарды толық меңгеріп дөңгелек шаршы үшбкрыштарды суреттерімен таныса отырып аттарын жаттау.<br>1-тапсырма.<br><br><br>2-тапсырма. 3-тапсырма.<br><br>4-тапсырма.<br> | таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** балдарға сандарды толық меңгеріп дөңгелек шаршы үшбкрыштарды суреттерімен таныса отырып аттарын жаттау.<br><br>1-тапсырма<br><br>2-тапсырма<br><br>3-тапсырма<br><br><br>4-тапсырма | бөлуді үйретуді жалғастыру. 2. -суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту;<br>3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтырады, білімге деген қызығушылықтары арттады<br>1-тапсырма<br><br><br>2-тапсырма.<br><br><br>3-тапсырма.<br><br><br>**4-тапсырма** |

<table>
<tr><td></td><td><br></td><td></td><td><br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/view22810571</td><td><br></td><td><br></td></tr>
<tr><td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>Үйшікте мына бір сәулетті<br>Тұратын қай мықты әулеті?<br>Мен – тышқан-шиқылдақ,<br>Мен – қоян-желаяқ,<br>Мен – түлкі-кеРіммін,<br>Мен – қасқыр-серімін.<br>Бәріміз тұратын көңілді,<br>Қажетті сәулетті көр үйді!<br><br>Үйге кірді Алдияр,<br>Оған қоса Мадияр,<br>Кейін келді Айдана,<br>Қанша болды бар бала?<br>Осман</td><td colspan="2"></td><td colspan="2">Артикулыциялық жаттығулар: Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды!<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.<br>Жарас</td></tr>
<tr><td></td><td>Тіл дамыту<br>Сабақтың тақырыбы: Отбасының күзгі еңбегі.<br>Сабақтың мақаты: -отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу;<br>-отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек</td><td>Қоршаған әлеммен танысу<br>Сабақтың тақырыбы: Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>Мақсаты: -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы</td><td>Көркем әдебиет<br>Сабақтың тақырыбы: Мақтақыз бен мысық<br>(қазақ халық ертегісі)саханалау.<br>Мақаты: -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;</td><td>Тіл дамыту<br>Сабақтың тақырыбы: Күзгі жапырақтар<br>Мақсаты: -балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру;<br>-Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету.</td><td>Көркем әдебиет<br>Сабақтың тақырыбы: Мақтақыз бен мысық<br>(қазақ халық ертегісі)саханалау.<br>Мақаты: -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | етуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** отбасымен жасайтын еңбек түрлерімен танысады. Еңбекпін наны тәтті екендігін біледі. Үлкендерге көмектесуді біледі.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр»** – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте дәмді. Өзен қыста қатады. Лақтар өте сүйкімді. Достар шахмат ойнады. Медет – жақсы бала<br><br>1-тапсырма. Суретке қарап мәтін құрастыр<br><br>2-тапсырма. Күзгі мезгілде табиғатқа қол ұшын беруге жұмыс жасау.<br><br>Тапсырма. Жемістер мен көгеністерді ата. Тек көгеністерді боя | сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** жануарлардың ішіндегі біздің елімізде қандай түрлері көп мекендейтінін балдарға сурет арқылы түсіндіру.<br>1-тапсырма.<br>Мемлекетіміздегі кездесетін жануарлар<br><br><br>2-тапсырма.Сен қандай жануарларды білесің?<br><br>Жеке тапсырма.<br>Үйіңде жануар асырайсың ба? Қандай? Ол туралы айтып бер. | -ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта,<br>қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнымен, кейіпкерлерімен танысады. Қайырымдылық жасаудың үлкен кішісі жоқ екендігін біледі.<br><br>Қимылды ойын<br>«Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>1-тапсырма<br>Суретке қарап ертегіні сомдауға жұмыс жасау<br><br>2-тапсырма. Ертегіде Кімнің іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсың?<br><br>3-тапсырма.Ертегідегі мақтақыз мына өмірде қыздарға нені үйретеді?<br><br>ЖИ тапсырма<br>[https://learningapps.org/watch?v=pe4me0ekt25](https://learningapps.org/watch?v=pe4me0ekt25) | Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту;<br>-балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** күз мезгілінде табиғаттың өзгеруін балдармен талқылап,мәтіндер құрастыру.<br><br>**Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»** – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек. Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады). Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты).<br>Тапсырма. Жапырақтың түрлерін анықтап көр<br><br>Жапырақты бояу<br><br>Тапсырма. Ағаштарды ата. Әрқайсысының жапырақтарын | -ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта,<br>қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнымен, кейіпкерлерімен танысады. Қайырымдылық жасаудың үлкен кішісі жоқ екендігін біледі.<br><br>Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).<br>Атасы немерелерімен қайда барды?<br>Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.<br>2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр?<br>Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы егісте<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз<br><br>1-тапсырма.<br>Ертегіні баяндауды үйренеміз<br><br>2-тапсырма.<br>Мысықтың әрекеттерін сипаттап бер.<br><br>3-тапсырма. Мақал –мәтелдер айту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жандарына жапсыр. | |
| | | | | | |

**Күй күмбірі- үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| Тауық шықты көшеге,<br>Ерді барлық шөже де.<br>Алға кетті 7-еуі,<br>Артта қалды 3-еуі.<br>Санай алмай барлығын<br>Есі шықты тауықтың.<br>Сен есепте, балақан,<br>Қанша еді балапан?<br><br>Әр қолына Нүриден<br>Төрт өріктен бердім мен.<br>Бала санай білмеді,<br>Неше өрік ол жеді?<br><br>Осман |  | ***Саусақ ойыны:* « Құрттар»**<br>**Мақсаты:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>**Тіл дамыту жаттығуы**<br>1,2,3,4,5<br>Құрттар серуенге жүрді,<br>Бір уақытта қарға алдарынан шықты,<br>Басын шайқап иіле ,<br>-Менің түскі асым- деп,<br>Енді қараса құрттар жоқ.<br><br>Елнұр |

**3-ұйымдастырылған әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Неше? Санау<br>**Мақсаты**: - санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балдардың ойнай отырып сөздер мен сөйлемдерді ажырата алып үйрену.<br><br>Қимылды ойын | **Мүсіндеу.**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Көгөністер. Саңырауқұлақтар<br>**Мақсаты:** -геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу;<br>-қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>көгөністер мен саңырау құлақтартардың суреттерін сала отырып олардың пайдасы мен зияндарын білу | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Буын.<br>**Мақсаты:** -сөздерді буынға түрлі әдістерменбөлуді үйрету;<br>-сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту;<br>-ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу және сөздерді буынға бөле отырып қабілеттері жетілді, тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтырды.<br><br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны).<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Апта күндері<br>**Мақсаты: -**апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету;<br>**-**жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту.<br>артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** балдарға апта күндерін түсіндіре отырып мағынасын түсіндіре отырып жаттату.<br><br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Ауа-райы қандай? | **Қоршаған әлем**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?<br>**Мақсаты:** -күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету;<br>-балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>табиғаттағы кездесетін ағаштардың жапырақтары қалай қай мезгілде түсетінін суреттер арқылы түсіндіру.<br><br>ұқыпты қарауға қалыптастру |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>«Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас.<br><br>1-тапсырма.<br><br><br>2-тапсырма. Жұмбақты жасыру.<br><br><br><br>Тапсырма. Әрбір дөңгелектің ішіндегі цифрды ата және сонша затты боя.<br><br>Жеке жұмыс. Мұғалім айтады. Балалар қайталайды.<br>Сан- счет<br>Санамақ- считалка<br>Санау- считать<br>Қанша? Неше?- сколько</td>
<td>Бояумен жұмыс жасағандағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырады. Ұқыпты болуға үйретеді.<br><br>1-тапсырма<br>Саңырауқұлақтың түрлерімен танысу.<br><br>2-тапсырма. Ермексаздан саңырауқұлақ жасаймыз<br><br>Әуелі ермексазбен жұмыс барысындағы қауіпсіздік ережелерімен танысамыз.<br></td>
<td>алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады.<br>Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды<br>1-тапсырма.<br><br><br>2-тапсырма.<br><br><br>3-тапсырма<br><br><br>4-тапсырма<br><br><br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/</td>
<td>Қыс мезгілінде неше ай бар, Қандай?<br>Бір жылда неше мезгіл бар? Қандай атап көрейік.<br>Жыл мезгілдері туралы тақпақ кім біледі, кәне еске түсірейікші.<br>Біз бүгін апта күндерімен танысамыз<br><br>1-тапсырма. Сөйлемдерді тыңда.<br>Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет.<br>Балалар дүйсенбіде доп ойнады.<br>Сейсенбі күні серуенге шықты.<br>Сәрсенбіде сурет салды.<br>Бейсенбіде би билеп, ән салды.<br>Жұмада жидек терді.<br>Сенбіде кино көрді.<br>Жексенбіде үйлерінде демалды.<br>Балалар осылай бір аптаны өткізді.<br><br>2-тапсырма Жеке жұмыс. Мұғалім айтады. Балалар қайталайды.<br>Апта күндері- дни недели<br>Дүйсенбі- понедельник<br>Сейсенбі- вторник<br>Сәрсенбі- среда<br>Бейсенбі- четверг<br>Жұма- пятница<br>Сенбі- суббота<br>Жексенбі- воскресенье</td>
<td>1-тапсырма<br>Біздің елде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»<br>Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы<br>қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен<br>бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.<br>– Бұл қандай жануар?<br>– Қандай ертегіде кездеседі?<br>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына<br>бөлінесіңдер.<br>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар?<br>(Үяшықтар, слайдтан көрсетеді)<br>– Әр ұяшықта сандар бар.<br>– Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.<br>– Ұяшықтан ертегінің суреті шығады.<br>Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні<br>рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.<br>1-Тапсырма.<br><br><br>Тапсырма. Жапырақ түрлерімен танысу<br><br></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>view33775346</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс   Ойын: «Кеме»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тіл жаттығулары:<br>Үш бала.<br>Бір ауылда үш бала,<br>Олар – құрдас: үш жаста.<br>Бірақ, бірақ олардың,<br>Қылықтары үш басқа.<br>Біріншісі шыңқ етпе,<br>Тиіп кетсе, жылайды.<br>Екіншісі бір қоңыр,<br>Ақыл айтсаң, тулайды.<br>Үшіншісі – елгезек,<br>Бәрімізге ұнайды</td><td colspan="2"> </td><td colspan="2">Аз қимылды ойын:  «Кеме»<br>Мақсаты: Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Қажетті атрибуттар: ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.<br>Ойын шарты: Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады.<br>Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">4-ұйымдастырылған іс-әрекет</td></tr>
<tr><td></td><td>Дене тәрбиесі<br>Тақырыбы: Зейінді боламыз<br>Мақсаты: -денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау<br>Күтілетін нәтиже: Дененің үнемі шыныққанды болу үшін жаттығуды жасап жүру.<br><br>«Баскетбол»<br>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді<br>1-тапсырма<br>Денені қыздырамыз</td><td>Музыка<br>Тақырыбы: Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр.<br>Мақсаты: -күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру;<br>-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету;<br>-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.<br>Күтілетін нәтиже: музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертеді;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындайды.</td><td>Дене тәрбиесі<br>Тақырыбы: Бірінші бол!<br>Мақсаты: -бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру<br>Күтілетін нәтиже: Доп арқылы денені қыздыруға түрлі жаттығулармен ойындарды білу.<br><br>«Гимнастика»<br>Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.<br>Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек<br></td><td>Музыка<br>Тақырыбы: Күз – жомарт. Күзгі жаңбыр.<br>Мақсаты: -күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру;<br>-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету;<br>-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.<br>Күтілетін нәтиже: музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертеді;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындайды.</td><td>Дене тәрбиесі<br>Тақырыбы: Бірінші бол!<br>Мақсаты: -бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру<br>Күтілетін нәтиже:<br>кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүреді, бір-бірінің артынан еңбектеп жүреді, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықты.<br><br>Ойынның шарты: Балалар допты аяқтың арасына қысып, секіру арқылы жарысады. Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>Жалпы саптағы жаттығулар.<br>1.Жүру. (аяқтың ұшымен, өкшемен, екі қырымен, жартылай бүгіп)<br>2.Жүгіру жаттығулары.<br>3.Жалпы дене қыздыру, қимыл жаттығуларын қатарда және шеңберде жасату<br><br>Қауіпсіздік ережелері<br>1.Қысқа қашықтықта тек өз жолыңмен жүгіру<br>2.Жүгіретін, секіретін, лақтыратын алаңдарды көлденең кесіп өтуге болмайды. | <br>Музыка тыңдау:<br>«Саржайлау» (Тәттімбет)<br>Ән айту:«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жеңіл би» (Т.  Ломова)<br>Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br>«Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев) | **Ашық ойын "Жылдам доп".**<br>***Мақсаты:*** балаларды допты тура бағытта домалатуға жаттықтыру, мұғалімнің белгісі бойынша әрекет ету.<br>***Ойын барысы:*** Балалар сызықпен немесе баумен көрсетілген бастапқы сызықта тұрады. Әр баланың қолында доп бар (диаметрі үлкен). Тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар бастапқы позицияны алады – аяқтар иық енінде, доп бүгілген қолдарда кеудеде. Келесі бұйрық бойынша балалар еңкейіп, допты жігерлі қимылмен итеріп, алға қарай домалатады, содан кейін оның артынан жүгіреді. Олар бастапқы сызыққа қадаммен оралады. | <br>Музыка тыңдау:<br>«Саржайлау» (Тәттімбет)<br>Ән айту:«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жеңіл би» (Т.  Ломова) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br>«Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев) | <br>Келесі ойынымыз « Жүйрік паровоз» жарысын бастаймыз. Ойын шарты: бірінше бала паровоз, қалған балалар вагондары болады. Бірінші паровоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ерітіп айналып келіп, үшінші баланы ерітеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паровозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Күй күмбірі- үзіліс:  Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»** | | | | | |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық! Жарас</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Ойын: «Күн мен жаңбыр»<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты:Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді<br>«терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды<br><br>Елнұр</td>
</tr>
<tr>
<td>Балаларды үйге қайтару</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</td>
</tr>
</table>

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы  5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 5-апта 29 қыркүйек- 3 қазан 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Бірлік және ынтымақ
**Құндылық айы:** Тәуелсіздік және отаншылдық
**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.
**Апта дәйексөзі:** «Ел- жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабыылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балаларды сабаққа уақытысында әкелу,сабақтан қалдырмауды ескерту | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келуді ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: балаларға үлкенді құрметтеп айналасына мейірімді болуға баулу. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Шаттық шеңбер | «Менің топтағы достарым» достарының суретін салу | «Мен спортшымын» Фотосуретте бейнеленген суреттерді атау. | Әңгімелесу.Спорт не үшін керек? Әңгімелеп беру | Сурет салу. «Футболшы» |
| **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Жылулық сәті:<br>Апам мені «Айым» -дейді,<br>Мен мұңайсам, уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті:<br>Қуанамыз күлеміз<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті:<br>Шақырамн сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті:<br>Бақыт толы шеңберге<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті:<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** 7, 8, 9 сандары және цифрлары<br>**Мақсаты:** -цифр мен заттар санын | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстар<br>**Мақсат:** --сөйлеу тілінің | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** 0 саны және цифры 10 саны<br>**Мақсаты:** -10 санының жазбасын | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Қанша?Реті бойынша нешінші?<br>**Мақсаты:** -реті бойынша | **Сауаташу негіздері.**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>**Мақсаты:** --берілген дыбысқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>-заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** 7,8,9 сандарын дұрыс тануға және осы цифрларымен бейнелеуді үйренді, зейін мен ойлауы дамыды, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдылары дамыды.<br><br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны** 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br><br>4-тапсырма. Текшелерді ретімен қос.<br><br><br>3-тапсырма. Фигуралардың тізбегін боя.<br><br><br><br>4-тапсырма. | дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру<br>**Күтілетін нәтиже:** балаларға дыбыстық талдау жасап үйренді, сөздерді буынға бөлуі дамыды, саусақ моторикасы дамыды.<br><br>1-тапсырма.<br><br><br>2-тапсырма.<br><br><br>3-тапсырма.<br><br><br>4-тапсырма.<br><br><br><br>5-тапсырма. | заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету;<br>-заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру;<br>-10 санын дұрыс тануға 1 және 0 цифрларымен бейнелеуге үйрету; зейін мен ойлауды дамыту;<br>-е сте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** 10 санын дұрыс тануға және 0 мен 1 цифрларымен бейнелеуді үйренді, зейін мен ойлауы дамыды, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдылары дамыды.<br><br>Қосымша жұмыс.<br><br><br><br>1-тапсырма. Суретке қара. Тиісті цифрмен сызып қос.<br><br><br><br>2-тапсырма. | нешінші екенін анықтайды<br>-қанша деген сұраққа жауап бере алады<br>**Күтілетін нәтиже:** сандарды санай алады. Сандардың нешінші екенінің және реті бойынша орналасуын ажырата алады.<br><br>1-тапсырма<br><br>2-тапсырма<br><br><br>3-тапсырма<br><br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br><br>Заттарды қарастыр. Оларды түсі және өлшемі бойынша жапсыр.<br><br>Үлкен заттарды қызыл, ал кішкентай заттарды сары түске боя. Әр зат қайда орналасқанын айт.<br> | сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру;<br>-тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтырады, білімге деген қызығушылықтары арттады<br>1-тапсырма<br><br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br><br>**4-тапсырма** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/view38808966 |  | <br>3-тапсырма.<br><br>4-тапсырма.<br><br>Қосымша тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/watch?v=pc2ssf9nt25 | |  |
| **Күй күмбірі- үзіліс** | | **Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойында «Лақтыр да қағып ал»** | | | |
| **Суретті тіл ұстарту:**<br>**Ша – ша – ша**<br>Айшаның шанасы **тама (ша)**<br>**Са – са – са**<br>Қасқыр соқты **Мұ (са)**<br>**Ол – ол – ол**<br>Ағашта лимон **м(ол)**<br>**Ра – ра – ра** | | | | **Психологиялық ойын: «Суреттерді аяқтайық» жаттығуы.**<br>**Мақсаты:**<br>**Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын бойынша жұмыс істей білуін дамыту .**<br>**Ойын шарты: Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады. Оқушылардың көздері шарфпен байланады да, олар кезек-кезекпен шығып, бірі денесін, бірі басын, бірі аяғын салады, осылайша жалғаса береді.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Дүкеннен нан алды **Са (ра)**<br>**Із – із – із**<br>Тамаққа қосты **сәб(із)**<br>**Жу – жу – жу**<br>Ыдысты тазалап **(жу)** **Жарас** | |  | | Осман | |
| | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Қорыққанға қос көрінеді (ертегісі)<br>**Сабақтың мақаты:** ертегіні соңына дейин тыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнымен, оның кейіпкерлерімен танысады. Батырлық пен қорқақтықтың айырмашылығын түсінеді. Сөздік қорлары артады.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр»** – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте дәмді. Өзен қыста қатады. Лақтар өте сүйкімді. Достар шахмат ойнады. Медет – жақсы бала<br><br>Қорыққанға қос көрінеді ертегісінің мазмұнымен толық танысады.<br>Баяғыда әже, күлекеш немере, қыттықтай беретін тауық және пештің астын мекендейтін тышқан болыпты. Олар күнде су тасиды екен. Әжесінің қолында үлкен шелек, немересінің қолында кішірек шелек, тауықта қиярдың үлкендігіндей, | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Мақсаты:** -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттері қалыптасады.<br><br>**Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».**<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Арыстан мен тышқан (қазақ халық ертегісі)<br>**Мақаты:** -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнымен, кейіпкерлерімен танысады. Қайырымдылық жасаудың үлкен кішісі жоқ екендігін біледі.<br>Айналасындағыларға көмектесуді үйренеді.<br><br>Қимылды ойын<br>«Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br><br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас<br>1-тапсырма | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Отбасының күзгі еңбегі<br>**Мақсаты:** отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу;<br>-отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** отбасымен жасайтын еңбек түрлерімен танысады. Еңбекпін наны тәтті екендігін біледі. Үлкендерге көмектесуді біледі.<br><br>**Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»**<br>– Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.<br>Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады). Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты). | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Алтын астық (Қосжан Мүсірепов)<br>**Мақаты:** -ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Жыл мезгілдерімен танысады. Күз мезгіліндегі егістіктегі еңбек түрлерін біледі. Ондағы қайнаған еңбекпен келген астықтың қандай пайдасы бар екендігін біледі. Астық жинайтын техника түрлеріменде танысады.<br><br>Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).<br>Атасы немерелерімен қайда барды?<br>Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.<br>2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр?<br>Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы егісте<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз<br><br>1-тапсырма.<br>Суреттегі қай жыл мезгілі?<br>Суретте не бейнеленген?<br>Астықты қай кезде жинайды?<br>Астықты қырманға немен жеткізеді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тышқанда оймақта шелек бар екен. Әжесі суды құдықтан, немересі астаудан, тауық шалшықтан, тышқан торғайдың тұяғы кірген жерден алады екен. ......<br><br><br>1-тапсырма. Дидактикалық ойын «Белгілі дыбысқа сөз таңда».<br>Әже сөзіндегі Ә дыбысына, қыз сөзіндегі Қ дыбысына, тышқан сөзіндегі Т дыбысына<br>2-тапсырма. Мағынасын түсіндір «Батыр бір өледі, қорқақ мың өледі»<br><br>3-тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br>Сурет бойынша әңгімеле | <br>1-тапсырма. Суретке қара. Суретші бейнелеген жануарларды ата. Олардың қайда тіршілік ететінін білесің бе? Өзіңнің өлкеңде тіршілік ететін жануарларды белгіле.<br><br>Не артық?<br><br> | Суреттерді қара.<br>Арыстан тышқанға не айтты?<br>Тышқан арыстанға қалай көмектесті?<br>Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт.<br>Досыңмен кейіпкерлердің диалогын құра.<br><br><br>2-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап.<br><br>Балалар ертегіні тыңдай отырып, түсінгендерін әңгімелей біледі.<br><br>Арыстанның тышқанды менсінбегенін, кейін тышқанның көмек бергенін түсінді. | Дидактикалық ойын:<br>«Сөйлемді толықтыр»<br>Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.<br>Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет.<br>Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр<br><br>Тапсырма. Жемістер мен көгеністерді ата.<br>Тек көгеністерді боя.<br>Көгеністерді сәйкес пішіндермен сәйкестендір. | 2-тапсырма.<br>Жұмыс барысының реті бойынша нөмірле.<br><br>3-тапсырма. Жұмбақты шеш. Жеке жұмыс.<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойынында дәні бар.<br><br>4-тапсырма.<br>Не артық? Белгіле. |
| | | | | | |

**Күй күмбірі- үзіліс "Шапшаң жүргізуші" ашық ойыны**

| | | |
|---|---|---|
| Топ, топ, добым.<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап |   | **"Шапшаң жүргізуші" ашық ойыны.**<br>***Мақсаты:*** балаларды түрлі-түсті сигнал бойынша әрекет етуге, әр түрлі бағытта шашыраңқы қозғалуға, залдың барлық аумағын пайдалануға жаттықтыру. Жол қозғалысы ережелерін қайталаңыз.<br>***Ойын барысы:*** Балалар бүкіл залда еркін түрде орналасады, әр баланың қолында руль (құрсау) болады. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша: "Кеттік!" - балалар – "көліктер" бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысып, бүкіл залды әртүрлі бағытта аралайды. Егер мұғалім қызыл жалаушаны көтерсе, онда барлық машиналар тоқтайды. Егер жасыл болса– қозғалысты жалғастырыңыз. |

**3-ұйымдастырылған әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Жидектер<br>**Мақсаты**: қазақ тіліндегі сөздер | **Сурет салу**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Жаңбырлы күн.<br>*(Акварель бояу)* | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстар<br>**Мақсаты:** -қатаң дауыссыздарды | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Ойнайық та ойлайық<br>**Мақсаты:** меңгерген сөздерді | **Қоршаған әлем**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жидектерді жатқа айтады.<br>Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br><br>Қимылды ойын<br>«Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас.<br><br>1-тапсырма. Жидектерді тап және | **Мақсаты:** -мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету;<br>қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйренеді; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптасады.<br><br>Бояумен жұмыс жасағандағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырады. Ұқыпты болуға үйретеді.<br><br>1-тапсырма<br>Жаңбырлы күн қандай болады?<br><br><br><br>2-тапсырма<br>Бояймыз | қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>-суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру;<br>-бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттері жетілді, тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтырды.<br><br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны).<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды<br>1-тапсырма.<br><br>3-тапсырма. | ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру;<br>-бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінеді. Күнделікті өмірде қолдана біледі<br>-ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап береді.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады;<br><br>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Балалар, мынау – аула.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – аула.<br>– Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).<br>– Аулада не болуы мүмкін?<br>Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с.<br>Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не?<br>Аулада тауық (әтеш) бар.<br>Құстардың суреттерін аулаға орналастырады<br>– Мынау – қаз. Қаз – үй құсы.<br>– Мынау – ... (қаз).<br>– Қаз қандай құс?<br>– Қаз – үй құсы.<br>– Аулада қаз бар.<br>– Аулада не бар?<br>– Аулада қаз бар.<br>– Мынау – үйрек. Үй-рек.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – үйрек. | **Мақсаты:** -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттері қалыптасады.<br><br>ұқыпты карауға қалыптастру<br>1-тапсырма<br>Біздің елде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»**<br>Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы<br>қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен<br>бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.<br>– Бұл қандай жануар?<br>– Қандай ертегіде кездеседі?<br>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына<br>бөлінесіңдер.<br>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді)<br>– Әр ұяшықта сандар бар.<br>– Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.<br>– Ұяшықтан ертегінің суреті шығады.<br>Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні<br>рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.<br>Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>ата. Қызыл түспен белгіле.<br><br><br>2-тапсырма. Жұмбақты жаттап ал.<br>Жапырақты тасалап,<br>Өскен жері бау- бақша,<br>Күрең қызыл, шіркін- ай,<br>Жидектің аты-... (құлпынай)<br><br>Қосымша тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Жидектерге нелер жатады?<br><br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/view22649555</td>
<td></td>
<td><br>4-тапсырма<br><br><br>Қосымша жеке жұмыс.<br>Үзік сызықтарды бастыр.<br><br>ЖИ тапсырма<br><br>https://learningapps.org/view31910862</td>
<td>– Үйрек – үй құсы.<br>– Үйрек қандай құс?<br>– Үйрек – үй құсы.<br>– Аулада үйрек бар.<br>Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді.<br>Балалар мәтінді қайталайды<br><br>1-тапсырма<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Ойын-игра<br>Ойлан- думай</td>
<td> <br>Тапсырма. Сызық арқылы ересек жануарларды балаларымен қос. Олардың қандай айырмашылықтары бар?<br><br>Тапсырма. Сызбаның көмегімен жабайы жануарлар туралы әңгіме құра. Олардың жыртқыш не шөпқоректі жануар екенін айтуды ұмытып кетпе.<br><br>Есіңде болсын!<br>Адам бәрін табиғаттан үйренеді.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс Қозғалмалы зерек ойындар «Автобус жүргізушісі»</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">.<br>Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">«Автобус жүргізуші» (қауіпсіздік сабағы)<br>Ойын мақсаты:<br>Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүюге баулу,<br>Жол ережесін ,қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету.<br>Қажетті атрибуттар: руль, абонементтер, орындықтар, микрофон.<br>Ойын шарты: Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде өткізілсе, орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі параллель сызығын сызады. Аялдамада тосып тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп қолдарындағы абонементтерін компостерге тесіп орындарына отырады.<br>Жүргізуші рөліндегі бала «ал кеттік» деп, аузымен мотордың дүрілін салып жүргізеді. Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды «дүкен, дәріхана, парк» деп микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада 4-5 баладан түсіп отырады. Тексеруші рөлін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы абонементтерін</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мына жерде құрт бар,<br>Мына жерде май бар .Елнұр<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық! | |  | | жинап алады. Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны-мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады. Ойынды осылайша қайта жалғастыруға болады | |
| **4-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Дене қабілеттерін дамыту.<br>**Мақсаты:** -денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру<br>**Күтілетін нәтиже**: Дененің үнемі шынықканды болу үшін жаттығуды жасап жүру.<br><br>«Баскетбол»<br>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді<br>1-тапсырма<br>Денені қыздырамыз<br> <br>Жалпы саптағы жаттығулар.<br>1.Жүру. (аяқтың ұшымен, өкшемен, екі қырымен, жартылай бүгіп) | **Музыка**<br>**Тақырыбы**:Күзгі серуен<br>**Мақсаты**: -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:** музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертеді;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындайды.<br><br>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Доппен ойнап, көңілінді көтер!.<br>**Мақсаты:** -допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары<br>**Күтілетін нәтиже:** Доп арқылы денені қыздыруға түрлі жаттығулармен ойындарды білу.<br><br>**«Гимнастика»**<br>Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.<br>Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек<br> <br><br>**Ашық ойын "Жылдам доп".**<br>***Мақсаты:*** балаларды допты тура бағытта домалатуға жаттықтыру, мұғалімнің белгісі бойынша | **Музыка**<br>**Тақырыбы**:Күзгі серуен<br>**Мақсаты**: -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:** музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертеді. қимылдарды музыкаға ілесе орындайды.<br><br><br>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Шабандоздар | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Біз әртүрліміз<br>**Мақсаты:** -кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүреді, бір-бірінің артынан еңбектеп жүреді, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықты.<br><br>Ойынның шарты: Балалар допты аяқтың арасына қысып, секіру арқылы жарысады. Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді.<br><br>Келесі ойынымыз « Жүйрік паровоз» жарысын бастаймыз. Ойын шарты: бірінше бала паровоз, қалған балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.Жүгіру жаттығулары.<br>3.Жалпы дене қыздыру, қимыл жаттығуларын қатарда және шеңберде жасату<br><br>Қауіпсіздік ережелері<br>1.Қысқа қашықтықта тек өз жолыңмен жүгіру<br>2.Жүгіретін, секіретін, лақтыратын алаңдарды көлденең кесіп өтуге болмайды. | Жотаева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | әрекет ету.<br>***Ойын барысы:*** Балалар сызықпен немесе баумен көрсетілген бастапқы сызықта тұрады. Әр баланың қолында доп бар (диаметрі үлкен). Тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар бастапқы позицияны алады – аяқтар иық енінде, доп бүгілген қолдарда кеудеде. Келесі бұйрық бойынша балалар еңкейіп, допты жігерлі қимылмен итеріп, алға қарай домалатады, содан кейін оның артынан жүгіреді. Олар бастапқы сызыққа қадаммен оралады. | биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | вагондары болады. Бірінші паровоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ерітіп айналып келіп, үшінші баланы ерітеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паровозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жалғыз аяқ жолмен»** | | | | | |
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады **арыстан:**<br>**А-а-а-а-а-а**<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>**Мә-ә-ә-ә-ә**<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>**Мө—ө-ө-ө**<br><br>Жарас | | <br> | | **Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Жалғыз аяқ жолмен»**<br>**Мақсаты:** ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады.<br>**Ұсыныс:** бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді<br><br>Осман | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелесу | бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»**

**Мектепалды даярлық** О сынып

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 4-апта 22-26 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Жасампаздық және жаңашылдық

**Құндылық айы:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.

**Апта дәйексөзі:** «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» Абай Құнанбайұлы.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Өнегелі 15 минут» Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю. | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Б балалармен балабақша туралы әңгімелесу. | Фотосуреттер қарастыру «Сүйікті ойыншықтарым ». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау. | Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі». | Құрылыс ойындары Қуыршақтарға үй құрастырамыз. |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық** | **Жылулық сәті:**<br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұнайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім -дейді. | **Жылулық сәті:**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | **Жылулық сәті:**<br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | **Жылулық сәті:**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: 5 саны және цифры.<br>Мен 5-ке дейін санаймын.<br>6 саны және цифры.<br>**Мақсаты:** -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>-5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**күтілетін нәтиже**:5 санның жазылуы мен айтылуына мән беру.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.**<br>Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады.<br>П: Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді. Құстар үшін де пайдалы. Оның бұтақтарына құстар ұясалады<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br> | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстардың жасалуы.<br>**Мақсаты:** -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру<br>**Күтілетін нәтиже**: Дауыссыз дыбыстарға мысалдар келтіру<br><br>**Саққұлақ**<br>Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және т. б.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br><br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br><br>3-тапсырма. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: 7, 8, 9 сандары және цифрлары<br>**Мақсаты:** --цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>-заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже.** 7 саны мен 8,9 сандарын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Қандай пішін шықты?»<br>Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.<br>Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары<br>Барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады.<br>Қандай пішін шықты? Тәрбиеші тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қоюды ұсынады. Қандай пішін шықты?<br><br>**1-тапсырма.**<br><br><br>**2-тапсырма.** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: 7, 8, 9 сандары және цифрлары<br>**Мақсаты:** --цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>-заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже.** 7 саны мен 8,9 сандарын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Мынау қай пішін?»<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br>**1-тапсырма.** Дүкен сөресіндегі қанша өнім болса, себетке сонша таяқшаның суретін сал.<br><br><br>2-тапсырма. Заттарды түсі, пішіні және өлшемінен басқада қасиеттері болады. Мына заттардың қасиеттерін ата.<br> | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біз нені үйрендік?Нені білдік?<br>**Мақсаты**: -балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету;<br>-сөздерді буынға бөлуді дамыту;<br>-саусақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: Дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыстарды жатқа білу<br><br><br>2-тапсырма<br><br><br>3-Тапсырма.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-тапсырма.<br><br><br>4-тапсырма<br><br> | <br>3. Тыңда, орында.<br>Партадағы саусақтар<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар<br>Сурет сала біледі.<br>Ортаңғы мен сұқ саусақ<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға<br>Қоян да бола қалады. | <br><br>3-тапсырма.<br><br><br>**ЖИ тапсрыма**<br>https://learningapps.org/watch?v=pv9n416nj25 | 1-тапсырма.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>9 санын бастырып жаз.<br> | |

**Күй күмбірі- үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Бармақ болып жұмысқа,<br>Қырға шықты құмырсқа,<br>Тоңып кетіп аяғы,<br>Қырға қайтып шығады.<br>Ой – ой – ой,<br>Әне аю келеді.<br>Құмырсқаны көреді.<br>Енді қайтып құтылар,<br>Илеуіне тығылар.<br><br>Осман |  <br><br>Елнұр | Құрылымдалған ойын:<br>Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»<br>Мақсаты: Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау)<br><br>Жарас |

| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Менің атам<br>**Мақсаты:** -ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: ертегідегі атаның орны ерекше екенін сезіну және білу<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кімде не бар?»**<br>**Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Педагог:<br>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер.<br>Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.<br>Балалар, сендер күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер<br><br><br>1-тапсырма.<br>Отбасы мүшелерін ата және сөздерді буынға бөл.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Өз отбасың туралы әңгімеле. | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Тақырыбы:** Ағаш және бұта.<br>**Мақсаты:** -ағаш пен бұтаның айырмашылығымен таныстыру;<br>-танымдық мүмкіндіктерін арттыру,тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** судың кадірін білу, «Судында сұрауы бар» деген мақалдың мағынасын түсіну<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Тұқым» ойыны**: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды.<br>Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.)<br><br>**«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.**Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).<br><br>**Тапсырма.** Суретке қара. Өзің білетін ағаштар мен бөталарды ата. Өз ауланда өсетін өсімдіктерді корша. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Менің ойыншықтарым (Мұзаффар Әлімбаевтың өлеңі)<br>**Мақсаты:** -өлеңдегі баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-өлең мазмұнын әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»<br>Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.<br>Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу.<br><br>**1-тапсырма**. Суретте не бейнеленген?<br>Әр вагонда қандай ойыншықтар бар?<br>Суреттегі өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта.<br>Сенде қандай ойыншықтар бар?<br><br>2-тапсырма. Не артық? Белгіле.<br><br>3-тапсырма. Үлкен және кіші доптың суретін аяқтап сал. Боя.<br><br>Дидактикалық ойын<br>Тәрбиеші: Ойыншықтардың үлкенді-кішілі болатынын білесіздер. Ойнайық. Сіздердің | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)<br>**Мақсаты:** -ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** баланы қорқыта берсе ынжық болатынын, батылдыққа баулыса керемет тұлға болатынын ұғындыру<br>Дидактикалық тапсырма:<br><br>**«Саңырауқұлақтар»** тақырыбындағы кеспелі суреттерді құрастыруға шақырады, ойын барысында саңырауқұлақтарға сипаттама береді.<br><br>АҚ САҢЫРАУҚҰЛАҚ — қалпағы қоңыр, дөңгелек, сабағы жуан болады.<br>ҚАЙЫҢҚҰЛАҚ — негізінен қайың ағашының түбінде өседі, қалпағы дөңгелек, қара- қоңыр түсті, сабағы жіңішке, биік болып өседі.<br>ТЕРЕКҚҰЛАҚ — қалпағы қызыл, сабағы биік болады.<br>ТҮЛКІШЕК — түсі сары, сабағы аласа, қалпағы иілген.<br>ТОМАРҚҰЛАҚ — ақшыл-қоңыр түсті саңырауқұлақ, сабағы жіңішке, жиегінде «жағасы» бар, «отбасымен» топтасып өседі.<br>Педагог: орманнан тек саңырауқұлақ тереміз бе?<br>Қазақстанда өсетін орман жидектерімен танысады. Олар: таңқурай, қызыл тал, шырғанақ, арша, шетен, бөрікарақат, итмұрын. Алған әсерлерімен бөліседі, олардың дәмі туралы әңгімелейді<br><br>1-тапсырма.<br>Ертегі кейіпкерлерінің | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әкесі мен балалары (Лев Толстойдың әңгімесі)<br>**Мақсаты:** --әңгіме арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>-әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:** мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br><br>**Дидактиалық/ойын**<br>«Зейінді бол»<br>Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.<br>Көрнекілік: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер /5–сурет/.<br>Барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші /екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы/ суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар?<br>Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.<br><br>Біз Л.Н. Толстой шығармашылығымен танысамыз.<br>-Экранға назар аударыңыз , бұл Лев Николаевич Толстой.<br>- Ал енді оның "Әке мен ұлдар" шығармасымен танысамыз.<br>Әкесі ұлдарына тату-тәтті өмір сүруді бұйырды; олар бағынбады. Сондықтан ол сыпырғышты әкелуді бұйырды да:<br>— Сындыр!<br>Олар қанша күрессе де, сындыра алмады. Содан кейін әкем сыпырғышты шешіп, бір-бірден таяқшаны сындыруды бұйырды. Олар штангаларды бір-бірлеп оңай сындырды.<br>Әке былай дейді: — Сонымен, сіз: егер сіз келісіммен өмір сүрсеңіз, сізді ешкім жеңе алмайды; ал егер сіз ұрысып, бәрін бөлек алсаңыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отбасы мүшелерін ата.<br><br> | **Ойланып жауап бер!**<br>Ағаштар мен бұталардың қандай айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар?<br><br>**Тапсырма.** Суретке қара. Ағаш пен бұтаның негізгі бөліктерін көрсет. Оларды салыстыр.<br><br>**Тапсырма.** Тәжірибе жүргізуге қатынас. Ағаштың қасиеттері туралы не айта аласың?<br><br>Әрбір ағаштың бұтағында оның «балалары» бар: жапырақ, гүлдер, жемістер. Жеміс және бұтақ жұбын құрастыр. Сызықпен қос. | әрқайсыларыңыз өз ойыншықтарыңыз туралы айтып бересіздер: "Үлкені – балық, кішісі – балық".<br>Үлкен қуыршақ – кішкентай қуыршақ.<br>Үлкен доп – кішкентай доп.<br>Үлкен машина – шағын машина.<br>Үлкен қоян – кішкентай қоян.<br>Бас барабан – кішкентай барабан. "Үлкен - кіші" дидактикалық жаттығуы<br>*Тәрбиеші*: Балалар, біз бір нәрсені күттік. Ойнайық, қол-аяқты жаттықтырайық. | шелектерін тауып жапсыр.<br>Өзіңе ертегідегі қай кейіпкер ұнады?<br><br><br> | бәрі сізді оңай құртады.<br><br>**1-тапсырма.** Суреттер бойынша әңгімеле. Әкесі балаларына сыпыртқыны не үшін берді?<br>Сен осы балалардың орнында болсаң, не істер едің?<br>Әңгіме қалай аяқталады?<br>**2-тапсырма.** Үзік сызықпен бастырып сыз. Боя.<br>**3-тапсырма**: Жеке жұмыс.<br>Мақалды жаттап ал.<br>Бірлік болмай, тірлік болмас.<br><br>. |
| **Күй күмбірі- үзіліс:** **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>Үйшікте мына бір сәулетті<br>Тұратын қай мықты әулеті?<br>Мен – тышқан-шиқылдақ,<br>Мен – қоян-желаяқ,<br>Мен – түлкі-керіммін,<br>Мен – қасқыр-серімін.<br>Бәріміз тұратын көңілді,<br>Қажетті сәулетті көр үйді!<br><br>Үйге кірді Алдияр,<br>Оған қоса Мадияр,<br>Кейін келді Айдана,<br>Қанша болды бар бала?<br><br>Жарас | <br>Осман | Артикульциялық жаттығулар: Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды!<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суреті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Көкөністер<br>**Мақсаты:** -тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлем мен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту;<br>-сөздік корларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, карапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік корларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** көкөністердің адам ағзасына пайдалы дәрумендер беретінін суреттер арқылы ұғындыру<br>**Демонстрациялық материалдармен жұмыс**.<br>Педагог шағын мәтін құрайды. Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша. Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ. – Мынау не? – Мынау – жапырақ. – Жапырақ сары. – Жапырақ қандай? – Жапырақ сары. – Алтын күз. – Қандай күз? | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** Көшедегі үйлер. Біздің үй.<br>**Мақсаты**: -архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту;<br>-балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру<br>**Күтілетін нәтиже:** ұшақпен баратын жеріне жылдам әрі үнемді баратынын түсіндіру<br><br>**Тапсырма.**Үйді бояп шық.<br><br>Ескерту: Қағаз, қайшы, желіммен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік ережелерімен таныстырамыз.<br><br>Тапсырма. Түрлі түсті қағаздан геометриялық | **Сауаташу негіздер**<br>**Тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстардың жасалуы.<br>**Мақсаты:** -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру<br>**Күтілетін нәтиже**: Дауыссыз дыбыстарға мысалдар келтіру<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қалай жүріп, нені тапқын келеді?»Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.<br>Көрнекілік: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.<br>Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br><br>**3-тапсырма** | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Жемістер<br>**Мақсаты:** -жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету;<br>-диалогке катысуға үйрету;<br>-сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік корларын байыту;<br>-казақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>жемістердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Дүкен» ойыны**.<br>Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді. Диалог: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Маған қияр беріңізші. – Алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін | **Қоршаған әлем**<br>**Тақырыбы:** Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Мақсаты:** -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** елімізде тіршілік ететін жануарларды білу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар»** коржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар. Диалог:<br>Бала: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. т.б. Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>– Алтын күз. Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды<br><br><br>1-тапсырма. Көгеністерді тап. Ата. Олар қайда өседі? Өзіңе ұнаған көгеністі сипатта.<br>2-тапсырма. Жаңылтпашты жаттап ал.<br>Бақшада көп көгеніс,<br>Бақтарда да көп жеміс.<br>Өседі, піседі<br>Көп жеміс пен көгеніс.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. Балалар қайталайды.<br>Көгеністер- овощи<br>Бақша- огород<br>Дәмді- вкусно<br>Пайдалы- полезно<br>Қызылша свекла<br>Орамжапырақ- капуста</td>
<td>фигуралар сызып, қиып аламыз. Оны қағаз бетіне үй құрастырып жапсырамыз.<br><br></td>
<td><br>3. Тыңда, орында.<br>Партадағы саусақтар<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар<br>Сурет сала біледі.<br><br>Ортанғы мен сұқ саусақ<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға<br>Қоян да бола қалады.<br>3-тапсырма.<br><br></td>
<td>табады.<br><br>1-тапсырма. Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір.<br><br>2-тапсырма. Жаңылпашты жаттап ал.<br>Алма базардан<br>Алма алар ма?<br>Ақ алма алар ма?<br>Әлде алары анар ма?<br><br>Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. Балалар қайталайды.<br>Жемістер- фрукты<br>Өрік- абрикос<br>Анар- гранат<br>Құрма- хурма<br>Шабдалы- персик<br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/view21344064</td>
<td>болады<br> <br><br>Суретке қара. Суретші бейнеленген жануарларды ата. Олардың қайда тіршілік ететінін білесің бе? Өзіңнің өлкеңде тіршілік ететін жануарларды ата.<br><br>Тапсырма. Сызық арқылы ересек жануарларды балаларымен қос. Олардың қандай айырмашылықтары бар?<br><br>Тапсырма. Сызбаның көмегімен жабайы жануарлар туралы әңгіме құра. Олардың жыртқыш немесе шөпқоректі жануар екендігін айтуды ұмытып кетпе.</td>
</tr>
</table>

**Күй күмбірі- үзіліс: Ойын: Саусаққа арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| Тауық шықты көшеге,<br>Ерді барлық шөже де.<br>Алға кетті 7-еуі,<br>Артта қалды 3-еуі.<br>Санай алмай барлығын<br>Есі шықты тауықтың.<br>Сен есепте, балақан,<br>Қанша еді балапан?<br><br>Әр қолына Нұриден<br>Төрт өріктен бердім мен.<br>Бала санай білмеді,<br>Неше өрік ол жеді?<br><br>Жарас |  | **Саусақ ойыны: « Құрттар»**<br>**Мақсаты:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>**Тіл дамыту жаттығуы**<br>1,2,3,4,5<br>Құрттар серуенге жүрді,<br>Бір уақытта қарға алдарынан шықты,<br>Басын шайқап іиле ,<br>-Менің түскі асым- деп,<br>Енді қараса құрттар жоқ.<br><br>Осман |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Қалай спортшы болуға болады?<br>**Мақсаты:**<br>-ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын,<br>салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>еңбекқорлық пен төзімділік берік болса мықты спортшы болатынын ұғындыру<br><br>**Қозғалмалы ойындар:**<br>**Доппен ойнау**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Біздің аспаптар.<br>**Мақсаты:** -ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру;<br>-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-әуеннің би сипатын сезіну,би қимылдарының элементтерін орындау;<br>-балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ халқымыздың аспаптарының суретімен таныстыру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Балбырауын» (Құрманғазы)<br>Ән айту:«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов) Билер: «Шабандоздар би» | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Менің сүйікті жануарларым<br>**Мақсаты:** -экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа, психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: өз ұнататын жануарларыңның суретін салу және баяндау<br><br>**Қозғалмалы ойындар:**<br>**Ойын шарты:**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 2-нұсқа:<br>Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі.Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады<br><br>**«Қораздар шайқасы» ойыны:** | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Күзгі серуен<br>**Мақсаты:** әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже**: Күзгі серуеннің кереметтігін айнала сары түске боялатынын суреттерден көрсету<br>**Музыка тыңдау**:<br>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы**: Дене қабілеттерін дамыту<br>**Мақсаты:** -денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру<br>**Күтілетін нәтиже:** денені үнемі шынықтырсаң денің сау болатынын түсіндіру<br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады.<br><br>**Қозғалмалы ойындар**<br>**Секіртпемен секіру ойындары.**<br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді<br><br>**«Арқа» ойыны:**<br>Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топтың мүшелері теріс қарап тұрып, аяқтарының арасымен допты екінші командаға бағыттайды. Одан кейін екінші команда қайталайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жібермеген команда ұтып шығады.<br>**Саптағы жаттығулар:**<br>а) Оңға! Артқа! Солға! Солға!<br>Жүру және оның түрлері:<br>а) қолды жоғары тік көтеріп,аяқтың ұшымен жүру<br>ә) қолды екі жаққа созып, өкшемен жүру<br>б) қолды белге қойып, сыртқы қырымен жүру<br>в) қолды белге қойып, ішкі қырымен жүру<br>Арнайы жүгіру жаттығулары:<br>а) аяқты артқа бүгіп жүгіру<br>ә) тізені жоғары көтеріп жүгіру<br>б) оң (сол) жақ қырмен тіркеле адымдап жүгіру<br>в) аяқтың ұшын созып, алдыға қайшы тәріздес жүгіру<br>г) жылан тәріздес жүгіру<br>Оқушыларды бір лекке тұрғызу:<br>а) 1,2,3,4 санал! | (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>**https://learningapps.org/view32545837** | Бұл ойын үшін алдын - ала мүмкіндігінше үлкен етіп, дөңгелек сызу керек. Қарсыластар бір аяқтап жүріп, дөңгелек ішінен бір - бірін итеріп шығаруы керек. Екінші аяғы жерге тисе, ол ойыншы ұтылған болады.<br> |  | <br>**Ұшты-ұшты ойыны:**<br>«Ұшты-ұшты». Жүргізуші түрлі құстардың атын атап, «ұшты-ұшты» деп қолдарын сермейді, барлық ойыншылар қайталап, қимылдар жасайды. Бір сәт жүргізуші: мысалы «сиыр» дейді; егер ойыншылардың біреуі қолын былғап қалса, ол қандай да болсын бір тапсырманы орындайды. |

<table>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td></tr>
<tr><td colspan="6">Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар</td></tr>
<tr><td>Тіл жаттығулары:<br>Үш бала.<br>Бір ауылда үш бала,<br>Олар – құрдас: үш жаста.<br>Бірақ, бірақ олардың,<br>Қылықтары үш басқа.<br>Біріншісі шыңқ етпе,<br>Тиіп кетсе, жылайды.<br>Екіншісі бір қоңыр,<br>Ақыл айтсаң, тулайды.<br>Үшіншісі – елгезек,<br>Бәрімізге ұнайды</td><td colspan="3"> </td><td colspan="2">Аз қимылды ойын: Ойын: «Кеме»<br>Мақсаты: Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Қажетті атрибуттар: ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.<br>Ойын шарты: Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады. Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады. Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады. Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.<br>Елнұр</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды үйге қайтару**<br><br>**«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»**

**Мектепалды даярлық** О сынып

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта** 15-19 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю, шаңдарын сүрту | Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру . | Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю | Ққұрылыс ойындары «Үй жиһаздары», «Қуыршақтарға үй құрастырамыз». | Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем беру |
| **Таңертенгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені №1 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық** | **Жылулық сәті:** Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұңайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді. | **Жылулық сәті:** Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз. | **Жылулық сәті:** Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді. | **Жылулық сәті:** Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:** Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. |

| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 3 саны және цифры. 4 саны және цифры<br>**Мақсаты:** -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету ,-заттарды санау дағдыларын жетілдіру,3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету,-зейін мен логикалық ойлауды дамыту,есте сақтау,сөйлеу,назар аудару дағдыларын дамыту. қалыптастыруды жалғастыру<br>**Күтілетін нәтиже**: 3 саны мен 4 санын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасынын құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>4-тапсырма. Жолақты бастырып сыз.<br><br>5-тапсырма. Музыкалык дукенде сатылатын заттарды коршап сыз. Сана. Олардың саны канша? | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дауысты дыбыстар.<br>**Мақсаты:**сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже**: дауысты дыбыстарды ажырата білу, сөз құрау.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Саққұлақ**<br>Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және т. б.<br>Ойын барысы:Тәрбиеші қалқанның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br>**1-тапсырма.** Суретке қара. Дауысты дыбыстан басталатын сөздерді қызыл үйге орналастыр. Сызықпен қос. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 3 саны және цифры.<br>4 саны және цифры.<br>**Мақсаты:** -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтіллетін нәтиже**: 3 саны мен 4 санының құрамдарымен танысу және жаза алу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Тапсырма.** Суретке кара. Канша бала және канша конжық екенін сана. Уяшыкта сонша нукте сал..<br><br><br>Тапсырма. Заттарды сәйкес келетін нүктелермен қосып | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 5,6 сандары және цифрлары. 5-ке дейін санаймын.<br>**Мақсаты:** -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрену;-заттарды санау дағдыларын дамыту;5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрену;<br>**Күтілетін нәтиже**: 5 саны мен 6 санын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасынын құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма- шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Тапсырма.** Суретке қара. Мына отбасында неше адам барын сана. Қанша мысық бар, сонша нүкте сал.<br><br>Тапсырма. Артық затты тап. Коршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір.<br><br>3-тапсырма. Цифрлардың үстіне саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дауысты дыбыстарды бекіту.<br>**Мақсаты**:- сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Дауысты ,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:дыбыстарды екіге бөлінетінін және мағыналарын түсіндіру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>1-тапсырма.Суреттердің атындағы дауысты дыбыстарды ата.<br><br>2-тапсырма. Дауысты дыбыстан басталатын суреттерді белгіле.<br><br>3-тапсырма. Тыңда орында.<br>Саусақтарды қайшылап,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып- қиып аламыз.<br>Біз көіңлді баламыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>Тапсырма: Жеке жұмыс.<br>Суретке қара. Қанша қыз, қанша ит екенін сана.<br>Үкіметүйінен сонша нүкте боя<br><br>3-тапсырма. Заттарды саны қарай тиісті цифрмен және нүктемен сызып қос.<br>4-тапсырма. 2 және 3 санын тауып, қоршап сыз. Оларды боя.<br><br>Тапсырма. Цифрлардың үстіне саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса<br><br> | <br>**2-тапсырма.** Өлеңді тыңда.<br>Кім туралы айтылған? Осы сөз қандай дыбыстан басталады?<br>Күлімдеген көзіңнен<br>Күн мейірімі сезілген.<br>Бұл жалғанда балаға<br>Жақын жан жоқ өзіңнен.<br>(Ә.Дүйсенбиев)<br>3-тапсырма. Тыңда, орында.<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін бірі көреді.<br>Бір біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады.<br>4-тапсырма. Жеке жұмыс<br>Үзік сызықтарды бастыр.<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>[https://learningapps.org/view3918471](https://learningapps.org/view3918471) | сыз.<br><br>Тапсырма. Цифрлардың үстіне саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.<br><br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс. Барлығы неше жидек, неше көкөніс болды?<br><br> | <br><br>4-тапсырма. Суреттен 4 және 5 сандарын тауып, боя.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Суреттегі заттардың қанша? Неше? Екендігін санап жаз.<br><br> | 4-тапсырма. Үзік сызықтарды бастыр.<br><br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br> |

**Үзіліс-күй күмбірі: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар! |  | **Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.<br>**Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа |

| | | |
|---|---|---|
| Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>Мына жерде құрт бар,<br>Мына жерде май бар.<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық!<br>Осман |  | қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады<br>Жарас |

| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Күз бояуы<br>**Мақсаты:** -балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесі, -өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту, күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: күз мезгіліндегі болатын жағдайды әңгімелей алады.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Кім алғыр?**<br>Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.<br>Қажетті құралдар: Ойыншықтар: қуыршақ, аю, мәшине.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші үстінде ойыншықтары бар үстелдің жанында отырады. Бала одан 2 – 3 метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тыңда» :<br>-Аюды ал және мәшинеге отырғыз.<br>-Аюды мәшиненің ішінен ал.<br>-Мәшинеге қуыршақты отырғыз.<br>-Қуыршақты мәшинемен қыдырт.<br>Бала бұл тапсырмаларды естуі, түсінуі және орындауы қажет. | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Тақырыбы:**Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?<br>**Мақсаты:** -саңырауқұлақтың кейбір жеугге жарамды және улы түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру,<br>-балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрену.<br>**Күтілетін нәтиже:** саңырау құлақтың суретін сала отырып адамға қандай дәрумен беретінін білу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>**Сыңғыр - сыңғыр**<br>Мақсаты: Кеңістікте бағдарлану, дыбыс бағытын анықтай білу, есту қабілетін бағыттауды дамыту.<br>Қажетті құралдар: Қоңырау.<br>Ойын барысы: Бала көзін жұмады, ал тәрбиеші тым-тырыс оның жанына (сол, оң, артынан) келіп қоңырауды сылдырлатады. Бала көзін ашпай дыбыстың, қайдан шыққан бағытын анықтауы қажет. Егер бала кателессе, онда тағы шешеді. Ойынды 4 – 5рет қайталайды. Баланың көзін ашпауын қадағалау керек. Бала дыбыс қайдан шықты, сол жерге бетімен бұрылып, дыбыстың бағытын көрсете білуі керек. Қоңырауды баяу сылдырлату керек.<br>Суретті боя. Жеке жұмыс. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі)<br>**Мақсаты:** -ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрену,-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту, -ертегі арқылы балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Не істеу керек, табамыз**<br>Мақсаты: Есту зейінін жұмылдыра білуін дамыту.<br>Сылдырмақтың дыбысымен өзінің қозғалысының арақатынасын белгілеу, қозғалыс сәйкестігін дамыту.<br>Қажетті құралдар: Сылдырмақ, екі жалауша.<br>Ойын барысы: Баланың қолында екі жалауша бар, егер тәрбиеші сылдырмақты қатты сылдырлатса,онда бала жалаушаларды жоғары көтереді және бұлғайды. Егер сылдырмақ ақырын сылдырласа, онда жалаушаларды төмен түсіреді. Мұнда балалардың дұрыс тұруын және қозғалыстарының дәл орындалуын қадағалау | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Күз бояуы<br>**Мақсаты:** -балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесі,-өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту,күздің жомарт,мырза екенін айтып,мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** күз мезгіліндегі болатын жағдайды әңгімелей алады.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>Дидактикалық тапсырма:<br>**Бип, бип, пыш**<br>Мақсаты: Еліктеу бойынша дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту.<br>Қажетті құралдар: Паравоздың суреті.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші өлеңді оқиды, ал балалар бірінен соң бірі тізбектеліп паравоздың қимылын жасайды. Сосын еліктеу сөздерін қайталап айтады.<br>Бип, бип, пыш.<br>Мен паравоз алам.<br>Саяхатқа бет алам,<br>Бірте-бірте тездейміз,<br>Тез жетуді көздейміз.<br>Бип, бип, пыш. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі)<br>**Мақсаты:** -ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау,қисынды мазмұндауға үйрену,-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану,еңбек дағдыларын дамыту,--ертегі арқылы балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>**Дидактиалық/ойын**<br>**Немен ойнап отырмын, тапшы?**<br>Мақсаты: Тұрақты есту қабілетін дамыту, дыбысталуы бойынша аспаптарды айыра білу.<br>Қажетті құралдар: Дабыл, сылдырмақ, сырнай және т. б.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші балаға кезекпен музыкалық аспаптарды көрсетіп, олардың атауларын нақтылайды және олардың дыбысталуымен таныстырады. Тәрбиеші балалардың аспаптар атауларын ұғып және дыбысталуын есте сақтағанына көз жеткізгеннен кейін, аспаптарды қалқаның артына жинайды. Онда тәрбиеші әртүрлі аспаптарда ойнауды жалғастырады, ал бала дыбысы бойынша анықтайды.<br><br>Қайталау: Ертегі мазмұнын есіне түсіріп қайталайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапсырмалар қысқа және жеңіл, ал айтылуы ақырын, бірақ айқын болу керек.<br>Тапсырма: Күз мезгілінде қандай жағдайлар орын алады. Әңгімеле.<br><br><br>Тапсырма: сатып алуға болатын заттарды көк, сатып алуға болмайтын заттарды қызыл түспен белгіле.<br><br>Тапсырма: Жеке тапсырма.<br>Күз мезгілін сипатта.<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Күзде жасыл ағаштар қандай түске боялады?<br>-Күзде пісетін қандай жеміс түрлерін білесіңдер?<br><br>Тапсырма: Күзгі киім.<br>Ұяшықтардағы суретте адамдар жылдың әр мезгілінде киетін киімдер бір-бірімен қиылысып бейнеленген. Мұғалім баладан қандай киім киетінін сұрайды, күзгі киімдерді тауып, үлгі бойынша айтуды сұрайды *(Күзде жүннен жасалған қалпақ, резеңке етік немесе етік, күртеше киемін).* Мұғалім бұл киімнің күзде не үшін киілетінін түсіндіреді. |  <br>1-тапсырма. Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды жасыл, жеуге жарамсыздарын қызыл карандашпен қорша. Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды ата.<br><br>2-тапсырма. Суретте қандау саңырауқұлақтар жасырынып тұр? Оларды санай аласың ба?<br><br>3-тапсырма. Фотосуреттерді қара. Бұларды неліктен орман жидектері деп атайды? Ойлан. Оларды жеп көрдің ба? Дәмі қандай?<br><br>Есіңе сақта!<br>Барлық жидектерді жеуге болмайды. Бөріқарақат пен қарғакөз- улы жидектер.<br><br>Сен білесің бе!<br>Жидектер жарықты, ал саңырауқұлақтар жарықты да, көлеңкені де жақсы көреді. | маңызды.Бала жаттығуды жеңіл орындау үшін, сылдырмақтың қатты және ақырын дыбысталуын кемінде 4 рет алмастыру қажет.<br><br>**1-тапсырма**. Суретте қай ертегі бейнеленген? Шаруа аюға не айтып тұр? Ойыңды білдір. Ертегі арқылы қандай ой түйдің? Ертегі қалай аяқталады? Ертегідегі адам мен аюдың іс-әрекетін салыстыр.<br><br><br>Тапсырма. Ертегі мазмұнымен толық танысады. | Көп қаладан өтеміз.<br>Қызықтарға жетеміз,<br>Бип, бип, пыш.<br>Гук пыш,<br>Гук, пыш паравоз.<br>Мықты болсаң басып оз,<br>Қызық болды кеп қалдық,<br>Енді жайлап тоқтаймыз,<br>Бип, бух, пыш.<br>Балалардың сөз тіркестерін дұрыс айтуын қадағалау.<br><br>Тапсырма: Жеке тапсырма: Күз мезгілін бояп түс береміз.<br><br>Тапсырма: "Сөз-қимыл".<br>Мұғалім балаға "сөз-қимыл" нені білдіретінін еске салады. Суретте не бейнеленгенін сұрайды. Бала сөйлемдер құрастырады, ересек адам оның назарын іс-қимыл сөздеріне аударады *(Жаңбыр жауады, жаңбыр жауады, тамшылайды).* | **2-тапсырма.** Суреттегі заттарды ата. Шаруаның құралын қоршап сыз.<br><br>**3-тапсырма.** Жұмбақты шеш.<br><br><br>Мұғалім балаларға жұмбақ жасырады:<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны. Ол не?<br><br>. |
| **Үзіліс- күй күмбірі: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»** | | | | | |

**Тілді жаттықтыратын тақпақ**

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Оларды атап шақырар,
Әрқайсысының аты бар.
Бас бармақ,
Балаң үйрек,
Ортан терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек.

Елнұр







Осман

**Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**

**Қысқыштармен ойналатын ойын**

**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

**«Жаңғақтармен ойын »**

**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.

Жарас

**Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** Мектеп қызметкерлері. Менің ойыншықтарым

**Мақсаты:** -мектептегі қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету;

сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Күтілетін нәтиже:** мектепте кімдер жұмыс атқарады,сол адамдарды құрметтеп сәлем беруді ұмытпау

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.

**Апта дәйексөзі:**
«Ақырын жүріп анық бас, еңбегін кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы

**Тапсырма.** Мектеп қызметкері дегеніміз кімдер?

**Құрастыру**

**Тақырыбы:** Ұшақ

**Мақсаты:** -құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;
-ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту;
-өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:** әр оқушыға өзі тұратын көшенің үйлерін біле отырып нешінші үйде тұратынын айта білу.

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

**Құндылықтар:**
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін

**Сауаташу негіздер**

**Тақырыбы.** Жіңішке дауысты дыбыстар

.**Мақсаты:** -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;
-сөйлеу тілін жетілдіру.
Дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.

**Күтілетін нәтиже:** жіңішке дауысты дыбыстарды білу

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.

**Апта дәйексөзі:**
«Ақырын жүріп анық бас, еңбегін кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы

**Дидактикалық ойын:**
**Зейінді бол**

Мақсаты: Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.

Қажетті құралдар: биік және

**Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** Алтын күз. Менің сүйікті ойыншығым.

**Мақсаты:** -күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;
-жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. -қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту;
-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Күтілетін нәтиже:** күз мезгіліндегі ауа райында болатын құбылыстарды білу

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

**Құндылықтар:**
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

**Қоршаған әлеммен танысу**

**Тақырыбы:** Жыл мезгілдері: жаз, күз, қыс, көктем. Белгілері.

**Мақсаты:** -балалардың нанның дастарханға келлу жолы туралы түсініктерін жетілдіру;-танымдық-ізденістік жұмыстарға талпынысын күшейту;

**Күтілетін нәтиже:** жыл мезгілдерді ажырата алады

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:**
Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.

**Апта дәйексөзі:**
«Ақырын жүріп анық бас, еңбегін кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы

**Дидактикалық ойын:**
**Өз үйіңді тап**

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Қажетті құралдар: түрлі-түсті дөңгелектер.

Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  <br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Сиқырлы суреттер**<br>Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.<br>Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br>1-тапсырма. Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер.<br>-Мынау кім?<br>-Ол не істейді?<br><br>Жеке жұмыс.<br>Тәрбиеші- воспаитатель<br>Меңгеруші- заведующий<br>Аспаз- повар<br>Дәрігер- врач<br><br>**Менің ойыншықтарым**<br>1-тапсырма: Ойыншықтарды ата. Өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта.<br><br>2-тапсырма: Тыңда. Таныс сөздерді тап, ата.<br>Аю, қасқыр, жолбарыс,<br>Арыстан мен піл, барыс-<br>Ойыншықтар, тұрыңдар,<br>Ойын- сауық құрыңдар. | зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>Тапсырма. Қағаз бен қайшымен жұмыс жасағанда ескерілетін қауіпсіздік шараларын түсіндіреді.<br><br>Тапсырма. Жай ақ қағаздан немесе түрлі түсті қағаздан, не конструктордан ұшақ құрастырады.<br><br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Ұшақ бояп шық.<br><br><br> | аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.<br>Ойын барысы: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.<br><br>**1-тапсырма.** Суреттегі заттарды атындағы жіңішке дауысты дыбыстарды ата.<br><br><br>**2-тапсырма.** Жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын суреттерді белгіле.<br><br><br>3-тапсырма. Тыңда, орында.<br>Саусақтарды қайшылап,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып- қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз.<br><br>4-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр.<br><br>5-тапсырма: Үзбей сызып шық<br> | **Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>1-тапсырма.Суретке қарап, сөйлем құра. Күзде қандай өзгерістер болады? Ата.<br><br>2-тапсырма. Жаттап ал.<br>Алтын, сары, қызыл, көк-<br>Алуан- алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады.<br><br>1-тапсырма. Өзіңнің сүйікті ойыншығыңның суретін сал. Қысқа мәтін құра.<br><br>**Менің сүйікті ойыншығым**.<br><br>2-тапсырма. Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір.<br><br>3-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Біздің ойыншықтарымыз- наши игрушки<br>Ойын бұрышы- игровой уголок<br>Таза- чистый | Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылжам тауып, тұра қалу.<br>Тапсырма<br>Жыл мезгілдерін ата.<br><br>Тапсырма. Жыл мезгілінде болып тұратын құбылыстарды атап бер.<br><br><br>Тапсырма. Қазір қандай жыл мезгілі? Бұл жыл мезгілі саған ұнайды ма? Неге?<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br> |

| Үзіліс- күй күмбірі: Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар | | |
|---|---|---|
| **Тілді дамыту тақпақтар**<br>Топ, топ, добым.<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап | <br> <br>**Жарас**<br>**Осман** **Елнұр** | **Ойын: «Тығылыспақ»**<br>**Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту**<br>**Жасы: 5-6 жас аралығы**<br>**Қажетті заттар:**<br>**Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ........(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.** |

| 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**Бадминтон, футбол<br>**Мақсаты:**<br>-спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: ойын барысында ойынның шартын біледі<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Доппен ойнау**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар | **Музыка**<br>**Тақырыбы**:Көңілді ырғақтар.<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту;<br>-көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту<br>**Күтілетін нәтиже:** адам миына жағымды музыкалар тыңдай отырып көңілді жүру<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:**<br>Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Күзгі орманда<br>**Мақсаты**: -қозғалыс мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту,-азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.<br>**Күтілетін нәтиже**: орманда күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын әңгімелесу барысында білу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Ойын шарты:**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы 2-нұсқа: Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Көңілді ырғақтар.<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту;<br>-көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Музыка тыңдау**:<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы**: Ұлттық ойындар (таза ауада)<br>**Мақсаты:**-ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,комуникативтік құзіреттіліктерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** ұлтық ойындардың атын және шарттарын білу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br><br>**Тапсырма .** Футбол ойынындағы ойын шарттарын білесің бе? | Құнанбайұлы<br><br>**Музыка тыңдау**:<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)<br>**Билер:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі.Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады<br> | (М. Омаров)<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)<br>**Билер:**<br>«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)<br>  | <br><br>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді |

| **Балаларды үйге** | ***Ата –аналарға кеңес*** | ***Ата –аналарға кеңес*** | ***Ата –аналарға кеңес*** | ***Ата –аналарға кеңес*** | ***Ата –аналарға кеңес*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық қайтару** | Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарынан басқа да бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.<br>Киімдерді ретттілікті сақтап дұрыс киюге үйрету | Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарының бәрі бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.<br>Киімдерді ретттілікті сақтап дұрыс киюге үйрету | - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет ету дағдысы шарттарын үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.<br>Киімдерді ретттілікті сақтап дұрыс киюге үйрету | Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарының бәрі бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.<br>Киімдерді ретттілікті сақтап дұрыс киюге үйрету. | - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.<br>Киімдерді ретттілікті сақтап дұрыс киюге үйрету. |

**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

Тіл жаттығулары:
***Ар-араар***
Санамақтар.

Бессаусақ.

Ал санайық санамақ,
Саусақтарға қарап ап,
Кәне-кәне санайық,
Санын біліп алайық.

Біреу, 2, 3, 4, 5-еу,
Қолымда сонда саусағым нешеу?

Мынау, мынау, бас бармақ,
Санамақ содан басталмақ.
Мүйіз қалпақ басында,
Төрт серігі қасында.







Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка».
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 08-12 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабыылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады | Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру | Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүгіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады. | Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек. | Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. |
| Таңертеңгі жаттығу | Таңғы жаттығу кешені №1 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке ддайындық | Жылулық сәті: Апам мені «Айым» -дейді, Мен мұңайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып,қуанып, Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті: Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер, Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | 1-ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру **Мақсаты:** дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; -«біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу; | **Сауаташу негіздері** **Тақырыбы:** Сөз.Сөздің мағынасы. **Мақсаты:** сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; -сөйлеу тілін жетілдіру. Дауысты, дауыссыз дыбыс | **Математика негіздері** **Тақырыбы**: 1 саны және цифры. 2 саны және цифры **Мақсаты:** -«бір» және «көп» ( «бірнеше») терминдерін енгізі; -1 және 2 сандарымен таныстыру; -заттарды санай алуға; сандардың | **Математика негіздері** **Тақырыбы**: 1 саны және цифры. 2 саны және цифры **Мақсаты:** -«бір» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; -1 және 2 сандарымен таныстыру; -заттарды санай алуға; сандардың | **Сауаташу негіздері** Тақырыбы: Дауысты дыбыстар Мақсаты:- сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; -сөйлеу тілін жетілдіру. Дауысты,дауыссыз дыбыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: сандардың көп немесе аз сөзінің мағынасын ұғындыру<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**1-тапсырма**<br><br>**2-тапсырма.** | ерекшелігін түсіндіру<br>**Күтілетін нәтиже**:балалар сөзді ажырата алып мағынасына аса назар аударту.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**1-тапсырма** | айтылу реттілігін үйрету;<br>-заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету;<br>-сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту;<br>-қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**күтілетін нәтиже**:1 және 2 санның жазылуы мен айтылуына мән беру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Сөздік ойын:**<br>1-тапсырма. бір-бірден керсетілген заттарды белгіле. Суретте канша зат болса, уяшыкта сонша нүкте салыңдар. | айтылу реттілігін үйрету;<br>-заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету;<br>-сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту;<br>-қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**күтілетін нәтиже**:1 және 2 санның жазылуы мен айтылуына мән беру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**3-тапсырма.** 1 цифырын тауып, коршап сыз. Оны боя. | ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже**: дыбыстарды екіге бөлінетінін және мағыналарын түсіндіру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>.<br><br> |



4-тапсырма



4. Барлық үлкен заттарды жасыл, кішкентай заттарды қызыл қарындашпен қоршап сыз. Заттарды тағы қандай топтарға бөлуге болады? Осы топтарды ата.

ЖИ сілтемесі
https://learningapps.org/watch?v=pcmac40nn25



**2-тапсырма**



2. Суреттерге қара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата.

**3-тапсырма**



3. Тыңда, орында.

Партадағы саусақтар
Адымдайды, жүреді.
Өнерлі бұл саусақтар
Сурет сала біледі.

Ортанғы мен сұқ саусақ
Түйеқұсты салады.
Төңкеріліп аспанға,
Қоян да бола қалады.



2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жургіз. Ермексаздан жаса.



ЖИ сілтемесі
https://learningapps.org/watch?v=p80e40vz525



**4-тапсырма.Суретке қара. Артық затты қоршап сыз.**



**3-тапсырма**



3. Тыңда, орында.

Екі үйрек келеді,
Бірін-бірі көреді.
Бір-біріне қарайды,
Сәлемдесіп алады.

**Үзіліс- Күй күмбірі: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

**БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**

Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
**А-а-а-а-а-а**
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
**Мә-ә-ә-ә-ә**
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
**Мө—ө-ө-ө**





Ойын: *«Допты қуып жет»*

Мақсаты: Балаларды ептілікe,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

Ойынның шарты:
Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.
Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

Елнұр, Жарас

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | **Тілді дамыту**<br>**Тақырыбы.** Менің сүйікті ойыншығым.<br>**Мақсаты:** ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету;<br>-сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту;<br>-ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ойыншық ойнау арқылы ой өрісін дамыту.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:** Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім! | **Қоршаған әлем**<br>**Тақырыбы.** Табиғатта не өзгерді?<br>**Мақсаты:** -күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап,бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге;себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету;<br>-тәжірибелік-тәжіриеалдық жұмысқа деген қызығушылығын ояту,бақылау нәтиелерін салыстыру,талдау,және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау.<br>**Күтілетін нәтиже:**жапырақтар сарғайып күн суыта бастағанын әңгімелеу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:** Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Кішкентай бағбан. (әңгімелеу)<br>Мәдіхат Төрежанов **Мақсаты-** әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**бағбан деген табиғатты көріктендіруші,үлес қосушы екенін білу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:** Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру | **Тілді дамыту**<br>**Тақырыбы.** Менің сүйікті ойыншығым.<br>**Мақсаты:** ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету;<br>-сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту;<br>-ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ойыншық ойнау арқылы ой өрісін дамыту.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім! | **Көркем әддебиет**<br>**Тақырыбы:** Кішкентай бағбан. (әңгімелеу)<br>Мәдіхат Төрежанов<br>**Мақсаты-** әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**бағбан деген табиғатты көріктендіруші,үлес қосушы екенін білу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш<br>**1**-тапсырма<br>**Екі баланың неге таласып жатқанын әңгімелеу**.<br><br>ЖИ сілтемесі<br>https://learningapps.org/watch?v=pyuomk60325 | қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Зейінді бол**<br>Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.<br>Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші (екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы) суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.<br> | **Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>1-тапсырма. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Балалар қайда жүр?<br><br>2-тапсырма.Сәйкес суреттерді сызып қос. Қай сурет тақырыпқа сай келеді?<br><br>3-тапсырма. Жеке жұмыс. Ауланда, үйіңде қандай жеміс ағаштары бар? Жеміс ағаштарына қандай ағаштар жатады? Оларды ата. | **«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету).<br><br><br>**"Қатені тап" дидактикалық ойыны**<br>Міндеттері: көп буынды сөздерді анық дауыстап айтуға үйрету, есту зейінін дамыту.<br>Ойын барысы: Мұғалім ойыншықты көрсетіп, осы жануар шығарады деп болжанған қасақана дұрыс емес әрекетті атайды. Балалар бұл дұрыс па, жоқ па деп жауап беруі керек, содан кейін бұл жануардың іс жүзінде жасай алатын әрекеттерін тізімдеуі керек. Мысалға: "Ит оқиды. Ит оқи алады ма?" Балалар: "Жоқ" деп жауап береді. Ал ит не істей алады? Балалар тізімдейді. Содан кейін басқа жануарлар шақырылады. | қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Дидактиалық/ойын**<br>3-тапсырма. Мақалды жаттап ал.<br>Еңбекпен тапқанның<br>Шекер балдан тапқаның<br><br>4-тапсырма. Тақырыпқа сай түрлі сызбаларды көрсету арқылы бағбан жылдың қандай мезгілінде көбірек жұмыс жасайды?<br><br>5-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Сен қандай жемісті ұнатасың?<br>Не үшін ұнатасың?<br>Суретін салып, түстерін сәйкестендіріп боя.<br>. |

Үзіліс-Күй күмбірі: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»

| | | |
|---|---|---|
| **Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. |    | Ойын: «Күн мен жаңбыр»<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты:Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>Мына жерде құрт бар,<br>Мына жерде май бар.<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық!</td>
<td colspan="2"><br>Жарас</td>
<td colspan="2">үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды<br><br>Осман</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3-ұйымдастырылған әрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Қазақ тілі<br>Тақырыбы: Біздің сынып<br>Мақсаты: -не? нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>-игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру..<br>Күтілетін нәтиже: бала сабақты сыныпта отырып оқу арқылы бөлменің маңыздылығын түсіну.<br>«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ<br>Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу</td>
<td>Мүсіндеу<br>Тақырыбы: Жеміс бағында<br>Мақсаты: -пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,жемістерді мүсіндеу;<br>-бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту;<br>-балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>Күтілетін нәтиже: жеміс жиддектердің суреттерін сала отырып аттарына аса назар аудармау.<br>«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ<br>Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау</td>
<td>Сауаташу негіздер<br>Тақырыбы. Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?<br>Мақсаты: - сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауысс ыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру<br>Күтілетін нәтиже: дыбыс арқылы сөз шығатынын балаға мысалдар арқылы көрсету.<br>«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ<br>Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру</td>
<td>Қазақ тілі<br>Тақырыбы: Біз балабақшада не істейміз? Мектепте не істейміз?<br>Мақсаты: -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету,шағын мәтіндер құрау үйрету;<br>-сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже: бала-бақша мен мектептің айырмашыығын түсіндіру.<br>«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ<br>Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу</td>
<td>Қоршаған әлем<br>Тақырыбы: Нан қайдан келді?<br>Мақсаты: -балалардың нанның дастарханға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру;<br>-танымдық-ізденістік жұмыстарға талпынысын күшейту.<br>Күтілетін нәтиже: біздің жеп жүрген нанымыздың қалай келетінін түсіндіру.<br>«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ<br>Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>**Сиқырлы суреттер**<br>Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.<br>Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br><br>Тапсырма: Суретке қарап, сұраққа жауап бер.<br>Топта не бар?<br>Мынау не? Заттарды жекеше, көпше түрде ата.<br><br>Мұғалім оқиды. оқушылар қайталайды.<br>Жеке жұмыс.<br>Топ- группа<br>Ойын бұрышы- игровой уголок<br>Ұйықтайтын бөлме- спальня<br>Табиғат бұрышы- уголок природы | Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>Балаларға рмексаздан жеміс жидектерді мүсіндетіп үйрету.<br>Жасаған жұмыстарын мақтап мадақтап сынып безендіру шкафына салып қою.<br> | Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**1-тапсырма.**<br><br>**2-тапырма.**<br><br>**3-тапсырма.**<br> | Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>Тапсырма: Суретке қарап сұрақтарға жауап беру арқылы әңгіме құрастыр.<br>-Неге бұнда кітаптар көп?<br>-Бұл қай жер деп ойлайсың?<br>-Балалар бұнда не істейді?<br><br>1-тапсырма<br>Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмелерінің айырмашылықтары.<br>Тапсырма.<br>Суретке қара. Балалар не істейді? Сөйлемдер құра.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. оқушылар қайталайды.<br>Жаттығу жасайды- делаем зарядку<br>Тамақ ішеміз- кушаем<br>Ән айтамыз- поем<br>Би билейміз- танцуем<br>Сурет саламыз- рисуем<br>Серуенге барамыз- гуляем | Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>1-Тапсырма. Суреттерге қара. Бидайды қалай өсіретінін әңгімеле. Дәнді дақылдарды өсіруге қатысатын мамандық иелерін білесің бе? Бидайды қандай көлікпен жинайды?<br><br>Жеке жұмыс. Жақсы өнім алуға не кедергі жасайды? Ойлан. Айт.<br><br>2-Тапсырма. Ұннан дайындалған азық- түлікті карандашпен сызып қорша<br><br>3-Тапсырма. Егін ортаны машинаны белгіле. Ертеде адамдар егінді қандай еңбек құралымен орған?<br><br>Есіңде сақта!<br>Ас атасы – нан.<br><br>ЖИ сілтемесі<br>**https://learningapps.org/watch?v=pm318rhtn25** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Демаламыз- отдыхаем<br>Ұйықтаймыз- спим | |
| **Үзіліс- Күй күмбірі ойнайды: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»** | | | | | |
| Топ, топ, добым.<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап | | <br> | | **Ойын: « Көбелектер бақалар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.<br>**Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.<br>Елнұр, Жарас | |
| **4-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Күлкі сыйла<br>**Мақсаты:**<br>-бала ағзасын төзімді, мықты болуға шыныңтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.<br>**Күтілетін нәтиже**: балалармен дұрыс қарым-қатынас сыйлап жаттығу жасау.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары-**ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Нота үйренейік.<br>Мақсаты: -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын,қайырма сын ажыратуға үйрету;<br>-әннің сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.Музыка сипатын ашық ырғақты,ширақ жүріспен беру.<br>**Күтілетін нәтиже**:әуендегі дыбыстар нота арқылы дыбысталаттынын түсіндіру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Біз күшті ержүрекпіз.<br>**Мақсаты**: салауатты өмір салтын сақтауға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже**:денсаулықты күту,сортпен шұғылдану<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Нота үйренейік.<br>Мақсаты: -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>-әннің сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.Музыка сипатын ашық ырғақты,ширақ жүріспен беру.<br>**Күтілетін нәтиже**:әуендегі дыбыстар нота арқылы дыбысталаттынын түсіндіру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы**: Мен ойнағанды жақсы көремін.<br>**Мақсаты** : кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту,қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** шынығa білу,айналаңа пайдалы болу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:**еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>**«Мұқият бол» ойын жаттығуы**.<br>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу.<br>Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау.<br>Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br> | **Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>**Музыка тыңдау**:<br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).<br>Ән айту:«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),<br>«Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>Билер:«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау: | **Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).**<br><br>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында<br>**Доппен ойнау**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** | туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>**Музыка тыңдау**:<br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).<br>Ән айту:«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),<br>«Білімің – бұлағың»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>Билер:«Жұптасу биі»<br>(чех халық әуені)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br> | Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады. Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.<br><br>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  |  | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. (Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар** | | | | | |
| **Серуен**<br>Тіл жаттығулары:<br>***Ар-арaар***<br>***Тұрлі түсті шар***<br>***Ма-ма—ма***<br>***Бақшадағы алма*** | |  | | **Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»**<br>**Мақсаты**: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.<br>**Қолданатын көрнекіліктер:** Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.<br>**Ойын шарты:**<br>***1-ші нұсқа.*** Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.<br>***2-ші нұсқа.*** Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.<br>***3-нұсқа.*** Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.<br>Елнкр, Жарас | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | белдеушесіз. | | туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы..КММ «ЖББ Исаковка»...................................
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 01-05 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабыылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады | Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру | Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады. | Қимылды ойын «Аққу-каздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек. | Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. |
| Таңертеңгі жаттығу | Таңғы жаттығу кешені №1 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке ддайындық | Жылулық сәті: Апам мені «Айым» -дейді, Мен мұңайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып,қуанып, Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті: Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер, Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйыымдастырылған іс-әрекет | 1-ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Кеңістікте бағдарлау Қағаз бетінде бағдарлау **Мақсаты:** -қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, төменде, оң жағында, сол жағында) қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, | **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Дыбыс **Мақсаты:**-сөз және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау | **Математика негіздері** **Тақырыбы**: «Біреу-көп» **Мақсаты:** -«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту **күтілетін нәтиже**:бір зат пен көп затты ажырата | **Математика негіздері негіздері** **Тақырыбы:** Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру **Мақсаты:** дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; -«біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу; | Сауаташу негіздері Тақырыбы: «Сөз» Мақсаты:-балалардың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.Есту қабілеттерін жетілдіру; -танып білуге деген қызығушылығын арттыру. **Күтілетін нәтиже**:ауызша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төмен, ортасы, оң жақ, сол жақ) дағдыларын дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:Санай алу,кері санау<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>**Сөздік ойын:**<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.Ит қай жерде отырғанын айт.Үйшіктің алдында отырған иттің жанына доптың суретін сал. | ережелерімен таныстыру, қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту. Қағылездіілікке, бастаған істі аяқтай білуге баулу;<br>- шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:балалар есімдерін қысылмай айта білу,еске сақтай білу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**1-тапсырма** | білу,мысалдар келтіру<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>1-тапсырма. 1.<br>2-тапсырма.<br>Бастырып сыз. Б1р сыйлық,ты банттыц туандей ет1п боя. ^ Боялмаган к;анша сыйлы!^ калды?<br> | -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтіллетін нәтиже**: сандардың көп немесе аз сөзінің мағынасын ұғындыру<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**1-тапсырма.**<br><br>**2-тапсырма.** Карточкаларда к,андай тует! заттардыц бейнеленген1н ата. Оларды сондай тустег! шаршымен сызып к,ос. Эртурл! тустеп заттар к;анша? Сана | сөйлемдерді саптай білу,жазбашада қаламсапты ұстай білу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br> | <br>**2-тапсырма**<br><br>**3-тапсырма**<br> |  |  |  |

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Жүретін шаршы»**

| | | |
|---|---|---|
| Баланың тілін дамытуға арналған ойындар:<br>**Мақсаты:** Балалардың тілдік қоры жетіліп, ойлау қабілетін дамиды. Бұл ойын маңызды роль атқарады. Тілдері дамиды.<br>Та – та – та Ақ сақалды ата<br>Е – е – е Ақ жаулықты әже<br>Ке – ке – ке Асқар таудай әке<br>На – на – на Мейірімді ана |  | **«Жүретін шаршы»**<br>Мақсаты: байқампаздыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: бор<br>Барлық ойнаушылар шаршымен тұрады (шаршының ішіндегі барлық кеңістік мүмкіндігінше тығыз болуы үшін), тіпті олар сыйуы тиіс шаршыны алдын ала сызуға болады. Содан кейін жетекші команда береді, ал шаршы оларды орындайды, мысалы: - шаршы солға кетті; - шаршы солға қарай жүреді; - шаршы отырады- шаршы айқайлап, бәрі бірге отыруға тырысады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөйлемді дамыту**<br>**Тақырыбы.** Кел, танысайық! (Балабақшадағы,мектептегі алғашқы күн)<br>**Мақсаты:** -балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету;<br>-мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту;баланы ұқыптылыққа | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы.** Заттардың адам өміріндегі маңызы.<br>Не неден жасалады?<br>**Мақсаты:** балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру;<br>-қандай материалдардан жасалынатыны және олардың сапасы жайлы | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Білімің – бұлағың. (өлеңмен танысу)<br>Ақылбек Шаяхметов<br>**Мақсаты**-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен | **Сөйлемді дамыту**<br>**Тақырыбы.** Менің досым.<br>**Мақсаты**-суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту;<br>-бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту;<br>-достыққа деген адалдыққа, сенімділікке | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы.** Білімің – бұлағың. (өлеңмен танысу)<br>Ақылбек Шаяхметов<br>**Мақсаты:**- өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** оқу жылының алғашқы күнін сезіну, жақсы көңіл күймен бастау<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>**Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, | түсінігін кеңейту<br>**Күтілетін нәтиже:**бала-бақша мен мектепті тану,өзін ересек екенін сезіну<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Кім жылдам?** ойыны<br>Бал-бақша мен мектепте кездесетін заттардан құралған суреттер беріледі. Сол суреттерден бала екі қатарға заттарды бөліп , түсіндіреді.<br>Балаларға жас бала мен үлкен мектепте кездесетін жағдаяттарды баяндайды | таныстыру;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту;<br>-балабақша және мектеп қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**білімді ұғыну ,білу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>1-тапсырма. Суретке қарап өз ойыңды айт.<br>Балаларды кім қарсы алды?<br>Баллалардың көңіл күйі қандай?<br>2-тапсырма.Суреттегі жалпы және жеке атауын ата. | тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** досқа адал болу,сыйлау<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>**«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету). | таныстыру;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту;<br>-балабақша және мектеп қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** алғашқы күздің бірінші күні білім күні екенін атап өту,күздің тіршілігімен танысу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Дидактиалық/ойын**<br>3-тапсырма. Сөмкеге не салу керек? Белгіле<br><br><br>**4-тапсырма.Мақалды жаттап ал.**<br>Білекті бірді жығады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш,<br>Демаламыз жинап күш жинаймыз |  | | <br> | Білімді мынды жығады |

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар *«Лақтыр да,қағып ал»***

| | | |
|---|---|---|
| **Суретті тіл ұстарту:**<br>**Ша – ша – ша**<br>Айшаның шанасы **тама (ша)**<br>**Са – са – са**<br>Қаскыр соқты **Мұ (са)**<br>**Ол – ол – ол**<br>Ағашта лимон **м(ол)**<br>**Ра – ра – ра**<br>Дүкеннен нан алды **Са (ра)**<br>**Із – із – із**<br>Тамаққа қосты **сәб(із)**<br>**Жу – жу – жу**<br>Ыдысты тазалап **(жу)** **Елнұр** |  | **Ойын:** ***«Лақтыр да,қағып ал»***<br>**Мақсаты:** Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды. - Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br><br>Жарас, Осман |

3-ұйымдастырылған әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** «Менің мектебім»<br>**Мақсаты:** -мектеп туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету,диалогке | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Ағаш бұтақтары.<br>(Түрлі түсті қарындаштар)<br>**Мақсаты:** -ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру; | **Сауат ашу негіздер**<br>**Тақырыбы.** «Дыбыс пен сөз»<br>**Мақсаты:** -сөз,дыбыс туралы түсінік беру;<br>-сөздің дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып | **Қазақ тілі**<br>Тақырыбы: Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмесімен салыстыру.<br>**Мақсаты:** -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:**<br>Бізді не қоршап тұр?<br>**Мақсаты:** балаларды жансыз табиғат түсінігімен таныстыру,жансыз табиғаттағы адам қолымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатысуға үйрету.<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>-білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** бала-бақшаны білу,ұстазын құрметтеу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Топтық жұмыс.**<br>1-Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.<br>2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар. | -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;<br>- жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу.<br>-елестету және заттарға қарап пішндерді бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру.<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту;<br>- көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту.<br>**Күтілетін нәтиже:** балаға сурет салдырта отырып ой қабілеттерін дамыту<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды | бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру.<br>**Күтілетін нәтиже:** жазу үлгілерімен танысу,ұқыпты жазу,таза жазу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**1-тапсырма.**<br><br>**2-тапырма.** | қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>-тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** бөлмелердің атын білу,айырмашылықтарын атай білу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады.<br>«Қоян» құлақтарын созып тұр.<br>«Сақина» – бала жұдырығын | жасалған заттарды айыра білуге үйрету;<br>-өзіндік тәжірибеалдық жұмысты ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:** отбасың ,қоршаған ортаңның бар болу керектігін түсіну,білу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>Бояумен сурет салуды жетілдіру,<br>- бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды<br><br><br></td>
<td>үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br></td>
<td><br><br>3-тапсырма.<br><br></td>
<td>түйеді.<br>Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір- бірімен түйістіреді.<br>«Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне карама-карсы ұстайды. тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір»сөздерін пайдалануға қол жеткізеді.<br>Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады<br>1-тапсырма<br>Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмелерінің айырмашылықтары.<br><br></td>
<td>құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру<br>- қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту<br>- ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу<br>Топтық жұмыс:<br>Ой, балалар, балалар,<br>Қоңыркай күз болыпты. Құрап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты.<br><br></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Үзіліс Ойын: «Жәндікте неше аяқ бар»</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Қане, қайсы алақан,<br>Біз – кішкентай. (балапан)<br>Аралардың нәрі,<br>Бау-бақшаның сәні. (гүл)<br>Тік, тік, тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте. (шырша)<br>Менің тұрақты мекенім,<br>Сәнді етіп жүремін. (үй)<br>Санайық жаңаша,<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш. |  | Құрылымдалған ойын:<br>Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»<br>Мақсаты: Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау)<br><br>Осман |

**4-ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Спортзал»<br>«Спортзалда ойнаймыз».<br>**Мақсаты:**<br>-кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту;<br>-спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.<br>ептілік,шыдамдылық,төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:спортзалда немен шұғылдану керкетігін білу,жаттығу,қимыл адам өміріне пайда екенін ұғыну<br>**Құндылықтар:**<br>еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Білімің-бұлағың»<br>**Мақсаты:**- Балаларға білімнің өмір бойы қажет екенін бірнеше мысалдар келтіру арқылы ұғындыру<br>**Күтілетін нәтиже:**білім адам азығы екенін түсіну,білу<br>**Құндылықтар:**<br>еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – | **Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Денсаулықтың құпиялары»<br>**Мақсаты**:спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу<br>**Күтілетін нәтиже**:денсаулықты күту,сортпен шұғылдану<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев) | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Білімің-бұлағың»<br>**Мақсаты:** домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру;<br>-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>-балалардың музыкаға құштарлығын арттыру.<br>Күтілетін нәтиже: балалардың білімін шыңдай отырып ән айту музыка әлеміне саяхат арқылы ұғындыру.<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу | **Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Күлкі сыйла»<br>**Мақсаты** :бала ағзасын төзімді,мықты болуға шынықтыру,омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу<br>**Күтілетін нәтиже:** шынығa білу,айналаңа пайдалы болу<br>**Құндылықтар:**<br>еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>**«Мұқият бол» ойын жаттығуы**.<br>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу.<br>Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау.<br>Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br> | қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей<br>**Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т.Ломова )<br>**Билер:**« Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова) | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).**<br><br>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында<br> | Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей<br>**Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова)<br>**Билер:**«Жұп тасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)<br> | қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады. Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.<br><br>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді<br> |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. (Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Үзіліс:** Ойын: «Үкі». | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Тіл жаттығулары:<br>Тұрақты сөз тіркестерінен құралған санамақ<br>Мақсаты: Сандарды жаттау, санауды дамыту.<br>Бір ауыз сөз,<br>Екі айтпайтын адам.<br>Үш қайтара сәлем,<br>Төрт түлік мал,<br>Бес уақ намаз,<br>Алты алаш,<br>Жеті қабат жер асты,<br>Сегіз қырлы жігіт,<br>Тоғыз торау жол,<br>Он сақа ой. Осман | |  | | Ойын: «Үкі».<br>Мақсаты: Үкінің немен қоректенетінін және қай уақытта жүретінін үйрету.<br>Ойынның шарты: Тәрбиеші үкі болады. Ол ұясында отырады. Басқа балалар құрт-құмырсқа, көбелек, бақа болып секіріп жүреді. Тәрбиеші «түн» дегенде бәрі тоқтап қалады. Үкі аңға шығады, қозғалған ойыншыны көріп ұясына алып кетеді. Тәрбиеші «күн» дегенде барлығы жүгіріп ойнайды. Үкіні ауыстыруға болады. Кімді үкі ұстаған жоқ сол жеңімпаз атанады.<br>Жарас | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»**

**Мектепалды даярлық** О сынып

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 9-апта 03-07 қараша 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Бірлік және ынтымақ

**Құндылық айы:** Әділдік және жауапкершілік айы

**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын, «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.

**Апта дәйексөзі:** Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | Сәрсенбі | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Өнегелі 15 минут» Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю. | Б Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» балалармен балабақша туралы әңгімелесу. | Фотосуреттер қарастыру «Сүйікті ойыншықтарым ». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау. | Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі». | Құрылыс ойындары Қуыршақтарға үй құрас-тырамыз. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені №1 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық** | **Жылулық сәті:** Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді. | **Жылулық сәті:** Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз. | Жылулық сәті: Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді. | Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:** Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. |
| | 1 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | **Математика негіздері** **Тақырыбы**: Шартты өлшеуішті | **Сауаташу негіздері** **Тақырыбы:** Дыбыстық талдау | **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Шартты өлшеуішті | **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Мен не істей аламын | **Сауаташу негіздері** **Тақырыбы:** Дыбыстық талдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет** | пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.<br>**Мақсаты:** -шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>**күтілетін нәтиже**: шаршының сызбасын сыза алады және өлшейді.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.**<br>Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады.<br>П: Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді. Құстар үшін де пайдалы. Оның бұтақтарына құстар ұясалады<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма. | **Мақсаты:** балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту;<br>-сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту;<br>-ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу;<br>**Күтілетін нәтиже**: кез келген өздерге дыбыстық талдау жасай алады.<br>**Саққұлақ**<br>Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және т. б.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br><br>1-тапсырма.<br><br><br>2-тапсырма.<br><br><br>3-тапсырма.<br><br><br>4-тапсырма | пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.<br>**Мақсаты:** -шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>Күтілетін нәтиже. шаршының сызбасын сыза алады және өлшейді.<br>Дидактикалық ойын: «Қандай пішін шықты?»<br>Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.<br>Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары<br>Барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады.<br>Қандай пішін шықты?<br>Тәрбиеші тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қоюды ұсынады. Қандай пішін шықты?<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br>4-тапсырма | **Мақсаты:** -шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>Күтілетін нәтиже. Шартты өлшеуіштерді пайдаланып есептер шығара алады.<br>Дидактикалық ойын: «Мынау қай пішін?»<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br><br>4-тапсырма | **Мақсаты:** балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту;<br>-сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту;<br>-ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу;<br>**Күтілетін нәтиже**: кез келген өздерге дыбыстық талдау жасай алады.<br><br>2-тапсырма<br><br><br>3-Тапсырма.<br><br>4-тапсырма<br><br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/watch?v=pt71qtnq325 |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
</td>
<td>
<br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/watch?v=pidjfqc5k25</td>
<td></td>
<td>
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс:      Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР<br>Бармақ болып жұмысқа,<br>Қырға шықты құмырсқа,<br>Тоңып кетіп аяғы,<br>Қырға қайтып шығады.<br>Ой – ой – ой,<br>Әне аю келеді.<br>Құмырсқаны көреді.<br>Енді қайтып құтылар,<br>Илеуіне тығылар.<br><br>Осман</td>
<td colspan="2"> </td>
<td colspan="2">Құрылымдалған ойын:<br>Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»<br>Мақсаты: Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау)<br><br>Жарас</td>
</tr>
</table>

| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Алғашқы қар<br>**Мақсаты:** -дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу;<br>-балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту;<br>-туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі,ойлау қабілеттерін дамытады<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кімде не бар?»**<br>**Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Педагог:<br>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер.<br>Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.<br>Балалар, сендер күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер<br>1-тапсырма.<br>Суретке қарап мәтін құрастыр.<br><br>Тапсырма. Суретті боя | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Тақырыбы:** Аңдар қысқа қалай дайындалады?<br>**Мақсаты:** жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру;<br>-логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** аңдар қыс мезгілінде қалай дайындық жасайтыны жайлы ақпараттар алып өздеріне тоқиды.<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Тұқым» ойыны:** педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды.<br>Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.)<br><br>**«Тағы кім?» ойынан ойнауға** | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Тәуелсіз Қазақстан. (өлеңмен таныстыру)<br>Оразақын Асқар<br>**Мақсаты:** -өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншіік сезімдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>еліміздің тәуелсіз ел және егемен Қазақстанымыз жайлы біршама бейне жазбадан көрсетеді.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»<br>Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.<br>Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу.<br><br>**1-тапсырма.**Еліміздің тәуелсіз алған күнін жылын атап айту. | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Алғашқы қар<br>**Мақсаты:** -дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу;<br>-балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту;<br>-туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі,ойлау қабілеттерін дамытады<br>**«Саңырауқұлақтар»** тақырыбындағы кеспелі суреттерді құрастыруға шақырады, ойын барысында саңырауқұлақтарға сипаттама береді.<br><br>АҚ САҢЫРАУҚҰЛАҚ — қалпағы қоңыр, дөңгелек, сабағы жуан болады.<br>ҚАЙЫҢҚҰЛАҚ — негізінен қайың ағашының түбінде өседі, қалпағы дөңгелек, қара- қоңыр түсті, сабағы жіңішке, биік болып өседі.<br>ТЕРЕКҚҰЛАҚ — қалпағы қызыл, сабағы биік болады.<br>ТҮЛКІШЕК — түсі сары, сабағы аласа, қалпағы иілген.<br>ТОМАРҚҰЛАҚ — ақшыл-қоңыр түсті саңырауқұлақ, сабағы жіңішке, жиегінде «жағасы» бар, «отбасымен» топтасып өседі.<br>Педагог: орманнан тек саңырауқұлақ тереміз бе? Қазақстанда өсетін орман жидектерімен танысады. Олар: таңқурай, қызыл тал, шырғанақ, арша, шетен, бөріқарақат, итмұрын. Алған әсерлерімен бөліседі, олардың дәмі туралы әңгімелейді<br><br>1-тапсырма.<br>Қыс мезгілінде болатын құбылыстарды атаңыз | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Тәуелсіз Қазақстан. (өлеңмен таныстыру)<br>Оразақын Асқар<br>**Мақсаты:** -өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншіік сезімдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** еліміздің тәуелсіз ел және егемен Қазақстанымыз жайлы біршама бейне жазбадан көрсетеді.<br>**Дидактиалық/ойын**<br>«Зейінді бол»<br>Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.<br>Көрнекілік: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер /5–сурет/.<br>Барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші /екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы/ суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.<br><br>Біз Л.Н. Толстой шығармашылығымен танысамыз.<br>-Экранға назар аударыңыз , бұл Лев Николаевич Толстой.<br>- Ал енді оның "Әке мен ұлдар" шығармасымен танысамыз.<br>Әкесі ұлдарына тату-тәтті өмір сүруді бұйырды; олар бағынбады. Сондықтан ол сыпырғышты әкелуді бұйырды да:<br>— Сындыр!<br>Олар қанша күрессе де, сындыра алмады. Содан кейін әкем сыпырғышты шешіп, бір-бірден таяқшаны сындыруды |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>


**ЖИ тапсырма**

https://learningapps.org/watch?v=p7r2ynydk25
</td>
<td>
**шақырады.**Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).

**Тапсырма.** Суретке қарап аңдарды атап қыс мезгілінде қандай аң ұйқыға кетеді.



**Ойланып жауап бер!**<br>Орман аңдары қыс мезгілінде немен қоректенеді.

**Тапсырма.** Суретті боя





</td>
<td>



2-тапсырма. Еліміздің тарихымен таныстыру




.

Дидактикалық ойын<br>Тәрбиеші: Ойыншықтардың үлкенді-кішілі болатынын білесіздер. Ойнайық. Сіздердің әрқайсыларыңыз өз ойыншықтарыңыз туралы айтып бересіздер: "Үлкені – балық, кішісі – балық".<br>Үлкен қуыршақ – кішкентай қуыршақ.<br>Үлкен доп – кішкентай доп.<br>Үлкен машина – шағын машина.<br>Үлкен қоян – кішкентай қоян.<br>Бас барабан – кішкентай барабан. "Үлкен - кіші" дидактикалық жаттығуы<br>*Тәрбиеші*: Балалар, біз бір нәрсені күттік. Ойнайық, қол-аяқты жаттықтырайық.
</td>
<td>


2-тапсырма<br>Қыс көрінісіне көңіл бөліп балдарға ұғындыру





</td>
<td>
бұйырды. Олар штангаларды бір-бірлеп оңай сындырды.<br>Әке былай дейді: — Сонымен, сіз: егер сіз келісіммен өмір сүрсеңіз, сізді ешкім жеңе алмайды; ал егер сіз ұрысып, бәрін бөлек алсаңыз, бәрі сізді оңай құртады.

**1-тапсырма.** Тәуелсіз еліміз қай жылы алды?<br>**2-тапсырма.**






.
</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">**Күй күмбірі- үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**</td>
</tr>
</table>

**Тілді жаттықтыратын тақпақ**
Үйшікте мына бір сәулетті
Тұратын қай мықты әулеті?
Мен – тышқан-шиқылдақ,
Мен – қоян-желаяқ,
Мен – түлкі-керіммін,
Мен – қасқыр-серімін.
Бәріміз тұратын көңілді,
Қажетті сәулетті көр үйді!

Үйге кірді Алдияр,
Оған қоса Мадияр,
Кейін келді Айдана,
Қанша болды бар бала?

Елн9р



Артикулыциялық жаттығулар: Балықтар
Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.
Жарас, Осман

**Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** Менің пәтерім (үйім)
**Мақсаты:** -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.
Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру;
-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
Артикуляциялық аппаратты дамыту.
**Күтілетін нәтиже:** әр бала өзінің тұратын орнын таза әрі ұқыпты ұстауды дағдыға айналдыру.
**Демонстрациялық материалдармен жұмыс**.
Педагог шағын мәтін құрайды. Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша. Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ. – Мынау не? – Мынау – жапырақ. – Жапырақ сары. – Жапырақ қандай? – Жапырақ сары. – Алтын күз. – Қандай күз? – Алтын күз. Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды

**Сурет салу**

**Тақырыбы:** Гүлдене бер, Қазақстан! (Акварель бояу)
**Мақсаты**: -балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;
-балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту;
**Күтілетін нәтиже:**
Қазақстанымыздың көркейуіне кішкентай баладан бастап жауапты екенін ұғындырады.

**Тапсырма.**Сурет саламыз




Ескерту: Қағаз, қайшы, желіммен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік ережелерімен

**Сауаташу негіздері**

**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау
**Мақсаты:** балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту;
-сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту;
-ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу;
**Күтілетін нәтиже**: дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі,ойлау қабілеттерін дамытады
**Дидактикалық ойын:**
«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.
Көрнекілік: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.
Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»

**Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** Менің бөлмем
**Мақсаты:** -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру.
Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.
-қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту;
-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
**Күтілетін нәтиже:** әр бала өзінің тұратын орнын таза әрі ұқыпты ұстауды дағдыға айналдыру.

**Дидактикалық ойын:**
**«Дүкен» ойыны**.
Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің

**Қоршаған әлем**

**Тақырыбы:** Аңдар қысқа қалай дайындалады?
**Мақсаты:** жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру;
-логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту;
-табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтиже:** аңдар қыс мезгілінде қалай дайындық жасайтыны жайлы ақпараттар алып өздеріне тоқиды.
**Дидактикалық ойын:**
**Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар»**
қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар. Диалог:
Бала: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. т.б.

<table>
<tr>
<td></td>
<td>1-тапсырма. Суреттерде қандай үйлер бейнеленген? Сен қай үйде тұрасың? Бөлмелерді ата. Бөлмелерде нелер бар?<br><br><br>2-тапсырма. Қандай үйде тұрғың келеді? Суретін сал.<br><br>Қосымша тапсырма.<br>Айырмашылығын айтамыз.<br><br><br>Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. Балалар қайталайды.<br>Жақсы өнегелерді қайталап отырады.<br>Пәтер- квартира<br>Бөлме- комната<br>Қонақ бөлме- гостиная</td>
<td>таныстырамыз.<br><br>Тапсырма. Қазақстанның кез келген қаласындағы бір жерін суретке саламыз<br></td>
<td>1-тапсырма<br><br><br>2-тапсырма.<br><br><br>3-тапсырма<br><br><br>4-тапсырма<br><br></td>
<td>қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды.<br>Балалар дүкенге келеді.<br>Диалог: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Маған қияр беріңізші. – Алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз.<br>Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін табады.<br><br>1-тапсырма.<br>Суретте қандай бөлме бейнеленген? Бөлмеде нелер бар?<br><br>2-тапсырма. Өзіңнің бөлмеңде бар заттардың суретін сал. Ата.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. Балалар қайталайды.<br>Балалар бөлмесі- детская комната<br>Ойыншықтар- игрушки<br>Перде- шторы<br>Шам- лампа<br>Кітаптар- книги</td>
<td>Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар болады<br><br>Тапсырма. Аңдардың іздерін қарап қай аңныңізі екенін анықта<br><br><br>Тапсырма. Ұйқыға кететін жануарларды боя<br><br></td>
</tr>
</table>

**Күй күмбірі- үзіліс: Ойын: Саусаққа арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| Тауық шықты көшеге,<br>Ерді барлық шөже де.<br>Алға кетті 7-еуі,<br>Артта қалды 3-еуі.<br>Санай алмай барлығын<br>Есі шықты тауықтың.<br>Сен есепте, балақан,<br>Қанша еді балапан?<br><br>Әр қолына Нүриден<br>Төрт өріктен бердім мен.<br>Бала санай білмеді,<br>Неше өрік ол жеді?<br><br>Осман |  | **Саусақ ойыны: « Құрттар»**<br>**Мақсаты:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>**Тіл дамыту жаттығуы**<br>1,2,3,4,5<br>Құрттар серуенге жүрді,<br>Бір уақытта қарға алдарынан шықты,<br>Басын шайқап иіле ,<br>-Менің түскі асым- деп,<br>Енді қараса құрттар жоқ.<br><br>Жарас |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Біз- болашақ әскерміз!<br>**Мақсаты:**<br>-заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.<br>-қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: еңбекқорлық пен төзімділік берік болса мықты спортшы болатынын ұғындыру<br><br>**Қозғалмалы ойындар:**<br>**Доппен ойнау**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.<br> | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Біздің рәміздер.<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру;<br>-қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ халқымыздың рәміздерін суретімен таныстыру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазақстан жалауы» (Д. Омаров)<br>Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жаса,Қазақстан»(үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені<br>(өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)<br><br><br>**ЖИ тапсырма**<br>**https://learningapps.org/watch?v=p0pqiasen25** | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Біздің стадион.<br>**Мақсаты:** -кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: стадионда қандай спорт түрлерімен жаттығуға болады,сол жайлы балаға мәлімет беру.<br><br>**Қозғалмалы ойындар:**<br>**Ойын шарты:**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 2-нұсқа:<br>Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі.Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады<br><br>**«Қораздар шайқасы» ойыны:**<br>Бұл ойын үшін алдын - ала мүмкіндігінше үлкен етіп, дөңгелек сызу керек. Қарсыластар бір аяқтап жүріп, дөңгелек ішінен бір - бірін итеріп шығаруы керек. Екінші аяғы жерге тисе, ол ойыншы ұтылған болады.<br> | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Біздің рәміздер.<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру;<br>-қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ халқымыздың рәміздерін суретімен таныстыру<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазақстан жалауы» (Д. Омаров)<br>Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жаса,Қазақстан»(үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені<br>(өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)<br><br> | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы**: Менің отбасым.<br>Менің үйім<br>**Мақсаты:** -еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.<br>-балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары.<br>**Күтілетін нәтиже:** денені үнемі шынықтырсаң денің сау болатынын түсіндіру<br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады.<br>**Қозғалмалы ойындар**<br>**Секіртпемен секіру ойындары.**<br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді<br>**«Арқа» ойыны:**<br>Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топтың мүшелері теріс қарап тұрып, аяқтарының арасымен допты екінші командаға бағыттайды. Одан кейін екінші команда қайталайды<br><br><br>.**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/watch?v=pcvz9fs8a25 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Күй күмбірі- үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар** | | | | | |
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады **арыстан:**<br>**А-а-а-а-а-а**<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>**Мә-ә-ә-ә-ә**<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>**Мө—ө-ө-ө**<br><br>**Елнұр** | |   | | Ойын: «Допты қуып жет»<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшандыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты:<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.<br>Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.<br>Осман, Жарас | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 8-апта 20-24 қазан 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Әділдік және жауапкершілік
**Айдың құндылығы:** Тәуелсіздік және отаншылдық айы
**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.
**Апта дәйексөзі:** Отаным- алтын бесігім!

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Біз бақытты баламыз»<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | «Мен әдепті баламын»<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал,кәнеки бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге. | «Нәр алып»<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | «Қуан,шаттан!»<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке ддайындық | Жылулық сәті:<br>Апам мені «Айым» -дейді,<br>Мн мұңайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті:<br>Қуанамыз күлеміз<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып,қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті:<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті:<br>Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті:<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйыымдастырылған іс-әрекет | **1-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек. Шаршы.Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш.<br>**Мақсаты**-геометриялық фигура -тіктөртбұрышпен таныстыру; | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Үнді дауыссыз дыбыстар.<br>**Мақсаты:** -үнді дауыссыз дыбыстарды басқа | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша<br>**Мақсаты:** -сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша<br>**Мақсаты:** -сопақша геометриялық фигураны | **Сауаташу негіздері.**<br>**Сабақтың тақырыбы** : Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>Мақсаты: -дауыссыз дыбыстардың түрлерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: геометриялық фигураларды таниды және атайды. дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйренді. Тақырыпқа байланысты бірнеше мысалдар келтіріледі.<br><br>«Мынау қай пішін?»<br><br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br><br>1-тапсырма Заттарға қара. Заттар қандай фигураға ұқсайды? Оларды сәйкес геометриялық фигурамен сызып қос.<br> | дыбыстардан ажыратуға үйрету;<br>-үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. 3. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** үнді дауыссыз дыбыстарды ажырата алады. Дыбыстарға қандай әріптер жататынын біледі.<br><br>«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br><br>Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.<br>Көрнекілік: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.<br>Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдыңда қуыршақ, оң жағыңда машина, сол жағыңда доп, артыңда зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?.<br><br>2-тапсырма. Тыңда, орында.<br><br> | үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу).<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: геометриялық фигураларды таниды және атайды. дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйренді. Тақырыпқа байланысты бірнеше мысалдар келтіріледі.<br>.<br>«Ұзын және қысқа»<br><br>Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.<br>Ойынның мазмұны: балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.<br><br>1-тапсырма Фигуралардың үстіне саусағыңмен жүргіз.<br>Ұқсастығымен айырмашылығын ата. | тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу).<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: геометриялық фигураларды таниды және атайды. дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйренді. Тақырыпқа байланысты бірнеше мысалдар келтіріледі.<br><br>«Тәулік бөліктері »<br>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер<br>Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.<br><br>1-тапсырма Өзің салатын заттың суретін дөңгелек және сопақша түрінде бейнеле. | ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>-дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: Өтілген тақырыптарды қорытындылайды<br><br>«Мынау қай пішін?»<br><br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br><br>3-тапсырма Суретке қара. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін қорша.<br><br><br><br>4-тапсырма. Тыңда, орында. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>3-тапсырма. Зат қандай фигуралардан құралатынын ата. Фигураларды сана. Цифрларды жаз.<br><br><br>4-тапсырма. Сандықты геометриялық фигуралардан құрылған өрнектермен безендір. Боя.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс. Үшбұрышты қызыл, төртбұрышты көк, дөңгелекті сары түспен боя.<br><br></td>
<td>3-тапсырма. Штрихта.<br><br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br><br><br></td>
<td><br>2-тапсырма. Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. Боя<br><br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс. Дөңгелекті қызыл, сопақшаны көк түспен боя.<br><br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/watch?v=pawan4ab225</td>
<td><br>3-тапсырма. Фотосуреттерді сәйкес пішіндегі жақтаулармен сызып қос.<br><br>4-тапсырма. Әр фигураны карандаштардың көрсетілген түсіне сәйкес боя.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс. Сопақша мен дөңгелекті қоршап сыз.<br></td>
<td>Саусақтарды қайшылап,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып- қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз.<br><br><br>5-тапсырма.<br>Суреттерді бастыр.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br>Дауысты дыбыстарды қызыл, дауыссыз дыбыстарды көк үйге орналастыр.<br><br></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР<br>Бармақ болып жұмысқа,<br>Қырға шықты құмырсқа,<br>Тоңып кетіп аяғы,<br>Қырға қайтып шығады.<br>Ой – ой – ой,<br>Әне аю келеді.<br>Құмырсқаны көреді.<br>Енді қайтып құтылар,<br>Илеуіне тығылар.</td>
<td colspan="2"> </td>
<td colspan="2">Құрылымдалған ойын:<br>Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»<br>Мақсаты: Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>Шарты: Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды.<br><br>Осман, Елнұр</td>
</tr>
</table>

| Жарас | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)<br>**Сабақтың мақаты:** -балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету;<br>-мақал- мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту;<br>-отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп,<br>сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Отбасындағы әженің орнын түсінеді.<br><br>«Поезд құрастыр»<br>Мақсаты: 1-ді қосу таблицасын қайталату.<br>Көрнекілік: 1-ді қосу таблицасы берілген карточкалар, 0+1, 1+1, 2+1, т.с.с.<br>Барысы: Тәрбиеші карточкаларды балаларға таратып береді, оларды вагондар, ал бір баланы тепловоз деп тағайындайды. Балалар қолдарындағы карточкаларына қарай отырып, алдымен «тепловозға» ретімен тіркелуі тиіс.<br><br>Әжесін қайсысы жақсы көреді? деген әңгімені тыңдайды.<br>Сосын келесі сұрақтарға жауап береді.<br>-Кімнің әжесі бар?<br>-Кім әжесін жақсы көреді?<br>-Не үшін жақсы көреді?<br> | **Қоршаған әлем**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Тұрмыстық техника оның қажеттілігі<br>**Мақсаты:** -тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру;<br>-қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту;<br>-қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тазалыққа, жинақылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** біз техникасыз мына заманда өмірде сүре алмайтынымызды түсіну.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Шамдар»<br>Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар<br>Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Ақымақ қасқыр (қазақ халық ертегісі)<br>**Мақаты:** -ертегіні дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегінің кейіпкерімен танысады. Қасқырдың ақымақтығын түсіндіреді<br><br>«Таныс пішіндер доминосы»<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>1-тапсырма<br>Ертегінің желісін сурет бойынша айтып бер.<br>Үй жануарларын ата. Үй жануарлары туралы не білесің?<br>Қой қасқырды қалай алдады?<br>Ешкі қасқырдан қалай құтылды?<br>Досыңмен кейіпкерлердің диалогын құра. | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Қысқа дайындық (ертегі)<br>**Мақсаты :** -әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету;<br>-дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту;<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** мезгілдің ішіндегі күннің суу қай мезгілде боатынын біледі.<br><br>«Қуыршақтардың сыйлықтары»<br>Мақсаты: 1. Сандар мен олардың құрамы туралы білім беру.<br>2. Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.<br>Көрнекілік: Қуыршақ, шарлар.<br>Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі. Балалар ол шарларды үрлеп, қандай түсін және қанша екенін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Шардың санымен артық, қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу.<br><br>Жазғы мезгілде адамзат көбіне немен шұғылданады? | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Қыс (Абдрахман Асылбековтың өлеңі)<br>**Мақаты:** -сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтап, шығармашылық қабілеттері дамиды.<br><br>«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»<br>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.<br>Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.<br>Барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр<br><br>Абдрахман Асылбековтың ҚЫС өлеңімен танысады.<br>1-тапсырма.<br>Суретте жылдың қай мезгілі белгіленген?<br>Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.<br>Баллардың көңіл күйлері қандай?<br>Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың? |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Тапсырма. Мамандарды арнайы көлік түрлерімен сәйкестендір.<br><br>Болат пен Қанаттың үйіне қай көлік түрі келді? Белгіле.<br><br>Жеке тапсырма. Өз әжең туралы жақсы естеліктер айтып бер.</td>
<td>шығады<br><br>1-тапсырма. Заттарды ата. Тұрмыстық техникаға жатпайтын затты белгіле.<br><br>2-тапсырма. Заттарды 1-ден 6-ға дейінгі реті бойынша резеткамен қос.<br>Тапсырма. Жеке жұмыс. Үйіндегі тұрмыстық техникаларды ата.<br>Қайсысын қайда, қалай пайдаланытынын түсіндір.</td>
<td><br>2-тапсырма. Қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екпінмен айт.<br><br>3-тапсырма. Ұйқасын тап.<br>Моп- момақан өзі,<br>Суп- сүйкімді ... .(қозы)</td>
<td><br>Қысқа дайындық ертегісін тыңдайды. Ертегі желісі бойынша тапсырмалар орындайды.<br><br>1-тапсырма. Ертегі кейіпкерлері қысқа қалай дайындалды? Өзің итке қалай көмектесер едің? Суретін сал.<br><br>2-тапсырма. Қыздар жаңбырлы күні сыртқа қалай шықты? Әңгімеле. Күзгі және қысқы киімдердің қандай айырмашылығы бар?</td>
<td><br>2-тапсырма.<br>Кім қайда ойнайды? Сызып көрсет.<br><br>3-тапсырма. Жұмбақты шеш.<br>Ақ көрпесін тұйықтап,<br>Қыстай жатар ұйықтап.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс:  Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>Үйшікте мына бір сәулетті<br>Тұратын қай мықты әулеті?<br>Мен – тышқан-шиқылдақ,<br>Мен – қоян-желаяқ,<br>Мен – түлкі-керіммін,<br>Мен – қасқыр-серімін.<br>Бәріміз тұратын көңілді,<br>Қажетті сәулетті көр үйді!<br><br>Үйге кірді Алдияр,<br>Оған қоса Мадияр,<br>Кейін келді Айдана,<br>Қанша болды бар бала?</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Артикулыциялық жаттығулар: Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды!<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3-ұйымдастырылған әрекет</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Мамандықтың бәрі жақсы.<br>**Мақсаты**: -мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету;<br>-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйренеді. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінеді.<br><br>«Ұзын-қысқа»<br>Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.<br><br>1-тапсырма. Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос.<br>Дәрігер емдейді. ..... | **Жапсыру**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Күзгі жапырақтар.<br>**Мақсаты:** -қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту;<br>-табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Күзгі жапырақтардан және табиғи материалдардан түрлі заттар жасап үйренеді.<br><br>**Күз мезгілімен танысу**<br>Күз — жылдың төрт мезгілінің бірі. Бұл мезгілде Жер шары өз орбитасының күн мен түннің күзгі теңелу нүктесінен Күннің қысқы тоқырау нүктесіне дейінгі аралығында болады. Астрономиялық тұрғыдан Күз 90 күнге (24 қыркүйек – 22 желтоқсан), ал күнтізбелік тұрғыдан 91 күнге (1 қыркүйек — 30 қараша) созылады. Әдетте, қыркүйек, қазан, қараша Күз айлары болып есептеледі. Күзде күн суытып, көлдер мен өзендер тартылып, өсімдіктер қурап, ағаштардың жапырағы түседі. Күн қысқара береді. Егін піседі, мал семіреді. Жыл құстары тізбектеліп, жылы өлкелерге ауып кетеді.<br><br>1-тапсырма. Жапсыру сабағының тапсырмаларын орындамас бұрын қауіпсіздік сабағымен танысамыз. | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы**: Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Мақсаты:** -дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>-дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Жаттығулар жасайды, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтайды. Өтілген тақырыптарды қорытындылайды.<br><br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды<br><br>1-тапсырма. Суреттердегі заттарды ата. Әр сөздің бірінші дыбысын ата. Егер сөз дауыстан | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Жақсы өнеге.<br>**Мақсаты**: -сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру;<br>-қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтырады. Оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландырады.<br><br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны** 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді<br><br>1-тапсырма. Суретке қара. Сыпайы сөздерді қай кезде айтады? Суреттерді сәйкес сөздермен қос. Сөйлем құра.<br>-Сәлеметсіз бе?<br>-Сау болыңыз!<br>-Кешіріңіз<br>-Өтінемін<br>-Рақмет | **Қоршаған әлем**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Бөлме өсімдіктері және оларды күту.<br>**Мақсаты:** -өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру;<br>-өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту;<br>-топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** біз техникасыз мына заманда өмірде сүре алмайтынымызды түсіну.<br><br>1-тапсырма<br>Біздің елде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Дидактикалық ойын:** «Шамдар»<br>Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар<br>Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Тапсырма. Жеке жұмыс. Өскеде қандай мамандық иесі болғың келеді? Ойыңмен бөліс.<br><br><br><br>Сұрақ- жауап айдары.<br>-Үйде қанша адам тұрасыңдар?<br>-Олар қандай мамандық иесі?<br>-Сонда үйіңде қанша мамандық иесі тұрады?<br><br>Тапсырма. Мұғалім оқиды. балалар есте сақтайды.<br>Кім болып істейді?- кем работает?<br>Ұшқыш- летчик<br>Ғарышкер- космонавт.<br>Құрылысшы- строитель<br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/watch?v=ppjd70wfa25</td>
<td>2-тапсырма. Қолдағы бар заттармен күзгі көріністі жапсырып жасаймыз.<br><br><br></td>
<td>басталса, дөңгелекті қызыл түспен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түспен боя.<br><br><br><br>2-тапсырма. Суреттердегі заттарды ата. Үнді дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін көк қоржынға, ұян дауыссыз дыбыстан басталтын заттың суретін қызыл қоржынға сал.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Қ дыбысынан келетін сөздерді айтамыз.<br></td>
<td>2-тапсырма. Мақал- мәтелдерді жаттап ал.<br>Әдептілікті данадан үйрен.<br>«Сіз» деген- әдеп,<br>«Біз» деген- көмек<br><br>Жеке тапсырма. Суретке қарап әңгіме құра.<br><br><br><br><br>Тапсырма. Мұғалім оқиды. балалар есте сақтайды.<br>Жақсы өнеге- хорошие манеры<br>Әдепті- воспитанный<br>Рақмет- спасибо</td>
<td>шығады<br><br>Тапсырма. Бөлме өсімдіктерінің аттарын білесің бе? Білетін өсімдіктерініңнің аттарын ата.<br><br>Тапсырма. Мына өсімдіктердің ішінен үй жағдайында өсіретін өсімдіктерді көрсет.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Бөлме өсімдіктерін қалай күтіп, баптаймыз?<br> <br> </td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс Ойын: Саусаққа арналған ойындар</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td colspan="2">Тауық шықты көшеге,<br>Ерді барлық шөже де.<br>Алға кетті 7-еуі,<br>Артта қалды 3-еуі.<br>Санай алмай барлығын<br>Есі шықты тауықтың.<br>Сен есепте, балақан,<br>Қанша еді балапан?<br><br>Әр қолына Нұриден<br>Төрт өріктен бердім мен.<br>Бала санай білмеді,<br>Неше өрік ол жеді?</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Саусақ ойыны: « Құрттар»<br>Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br><br>Тіл дамыту жаттығуы<br>1,2,3,4,5<br>Құрттар серуенге жүрді,<br>Бір уақытта қарға алдарынан шықты,<br>Басын шайқап иіле ,<br>-Менің түскі асым- деп,<br>Енді қараса құрттар жоқ.<br><br>Осман</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4-ұйымдастырылған іс-әрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Дене тәрбиесі<br>Тақырыбы: Ақылдылар<br>Мақсаты: -допты алып жүру (қашықтық 5 м) жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру.<br>-гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу.<br>Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.<br>Күтілетін нәтиже: Балалардың денесін шынықтыра отырып ақылды бола алатынын түсіндіру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттығады.<br><br>«Баскетбол»</td>
<td>Музыка<br>Тақырыбы: Елтаңбасы елімнің.Гүлдене бер, Нұр Сұлтан.<br>Мақсаты: музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Еліміздің рәміздерін қастерлеп жатқа біледі.<br></td>
<td>Дене тәрбиесі<br>Тақырыбы: Ақылдылар<br>.Мақсаты: -допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру.<br>-гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу.<br>Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Балалардыңденесін шынықтыра отырып ақылды бола алатынын түсіндіру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттығады.<br><br>«Гимнастика»</td>
<td>Музыка<br>Тақырыбы:Біздің рәміздер<br>Мақсаты: -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру;<br>-қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>Күтілетін нәтиже: Еліміздің рәміздерін қастерлеп жатқа біледі.<br><br></td>
<td>Дене тәрбиесі<br>Тақырыбы Тақырыбы: Бізбен бірге және бізден артық орында.<br>Мақсаты: -балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату.<br>Күтілетін нәтиже :Жаттығу баланың денесін шынықтырып салауатты өмір салтын ұтануға көмек береді.<br><br>«Гараждар»<br><br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары:</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді<br>1-тапсырма<br>Денені қыздырамыз<br><br><br> | Музыка тыңдау:<br>«Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа)<br>Ән айту:<br>«Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:«Асатаяқ биі» (қыздар)<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Аспаптардың дауысын ажырату» | Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.<br>Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек<br><br><br> | Музыка тыңдау:<br>«Қазақстан жалауы» (Д. Омаров)<br>Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жаса,Қазақстан»(үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені<br>(өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай)<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>**https://learningapps.org/view35982314** | бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарыңа апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.<br><br><br> |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Тіл жаттығулары:<br>Үш бала.<br>Бір ауылда үш бала,<br>Олар – құрдас: үш жаста.<br>Бірақ, бірақ олардың,<br>Қылықтары үш басқа.<br>Біріншісі шыңқ етпе,<br>Тиіп кетсе, жылайды.<br>Екіншісі бір қоңыр,<br>Ақыл айтсаң, тулайды.<br>Үшіншісі – елгезек,<br>Бәрімізге ұнайды | |   | | **Аз қимылды ойын: Ойын: «Кеме»**<br>**Мақсаты:** Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қажетті атрибуттар:** ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.<br>**Ойын шарты:** Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады. Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады. Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады.<br>Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды. | |
| Балаларды үйге қайтару | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 7-апта 13-17 қазан 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Әділдік және жауапкершілік
**Айдың құндылығы:** Тәуелсіздік және отаншылдық айы
**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.
**Апта дәйексөзі:** Отанды сүю- отбасынан басталады!

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Біз бақытты баламыз»<br>Кел, шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | «Мен әдепті баламын»<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал, кәнеки бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге. | «Нәр алып»<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | «Қуан,шаттан!»<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар, Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Жылулық сәті:<br>Апам мені «Айым» -дейді,<br>Мен мұңайсам, уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті:<br>Қуанамыз күлеміз<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті:<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті:<br>Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті:<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- | **1-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Буынға бөлейік. | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Бүтін және фигуралардың | **Сауаташу негіздері.**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Дыбысты талдау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекет | **Мақсаты:** -сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу).<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** дөңгелек пен сопақша тәріздес заттарға мысалдар келтіреді.<br><br>«Мынау қай пішін?»<br><br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br><br>1-тапсырма<br><br>2-тапсырма | **Мақсаты:** басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету;<br>-сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру;<br>-ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** сөздерді буынға бөлінетінін көрсете отырып,дауысты және дауыссыз дыбыстарды қайталау. Дыбыстарға қандай әріптер жататынын біледі.<br><br>«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br><br>Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.<br>Көрнекілік: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.<br>Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдыңда қуыршақ, оң жағыңда машина, сол жағыңда доп, артыңда зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?.<br><br>1-тапсырма | **Мақсаты:** -сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу).<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** дөңгелек пен сопақша тәріздес заттарға мысалдар келтіреді.<br><br>«Ұзын және қысқа»<br><br>Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.<br>Ойынның мазмұны: балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.1-тапсырма<br><br>2-тапсырма. | бөліктері.<br>**Мақсаты:** -геометриялық фигура - тіктөртбұрышпен таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, ушбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** барлық заттарды бөлікке бөле алады және олар туралы түсінік береді..<br><br>«Тәулік бөліктері »<br>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер<br>Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.<br><br>1-апсырма<br><br>2-тапсырма. | **Мақсаты**--дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру;<br>-сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту;<br>-тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** дыбыстарды буынға бөледі және талдай алады.<br><br>«Мынау қай пішін?»<br><br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br><br>1-тапсырма Суреттегі заттарды ата. Үнді дауыссыз дыбыстан басталатын заттарды суреттің үшбұрышқа, қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын заттардың суретін дөңгелекке, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын заттардың суретін төртбұрышқа қос.<br>1тапсырма. |




3-тапсырма




4-тапсырма







2-тапсырма




3-Тапсырма.




**ЖИ тапсырма**
https://learningapps.org/watch?v=poib3buhn25




3-тапсырма




**ЖИ тапсырма**
https://learningapps.org/watch?v=p0w8cu0z525




3-тапсырма.




4-тапсырма







2-тапсырма




3-тапсырма




**Күй күмбірі- үзіліс : Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

**Тіл жаттығулары:**

Ар-арaар
Түрлі түсті шар

Ма-ма—ма
Бақшадағы алма

**Осман**




Елнұр

**Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»**

**Мақсаты:** Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.

**Қолданатын көрнекіліктер:** Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.

**Ойын шарты:**

***1-ші нұсқа***. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.

***2-ші нұсқа.*** Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.

***3-нұсқа.*** Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | береді, қалғандары оны шешу керек. | |
| | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Шаштараз (Өлең)<br>**Сабақтың мақаты:**-балалардың ойлау қабілетін дамыту;<br>-балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Шаштараз деген қандай мамандық екендігін, ол маманның не істейтінін балаларға видео, суреттер арқылы түсіндіру.<br><br>«Поезд құрастыр»<br>Мақсаты: 1-ді қосу таблицасын қайталату.<br>Көрнекілік: 1-ді қосу таблицасы берілген карточкалар, 0+1, 1+1, 2+1, т.с.с.<br>Барысы: Тәрбиеші карточкаларды балаларға таратып береді, оларды вагондар, ал бір баланы тепловоз деп тағайындайды. Балалар қолдарындағы карточкаларына қарай отырып, алдымен «тепловозға» ретімен тіркелуі тиіс.<br><br><br>Тапсырма.<br>Тазалық заттарын тауып, оларды сызықпен қос.<br>Ұқыпты, таза сөздерін қатыстырып, | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Жыл құстары<br>**Мақсаты:** -қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту;<br>-табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту;<br>-табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалар жыл құстарының аттарын біледі ажырата алады. Тұратын жеріндегі құстарды ажырата біледі.<br><br>«Неше саңырауқұлақ немесе көкеністер?»<br>Мақсаты: Артық-кем ұғымдарын бекіту.<br>Көрнекілік: Кәрзеңке, саңырауқұлақтар, көкеністер. (15 дана)<br>Барысы: Тәрбиеші балаларға былай дейді :<br>«Саңырауқұлақтың саны үштен кем, бірден артық. Неше саңырауқұлақ бар?<br>Кәрзеңкеге көкеніс түрлерін салғызып жаттығуды қайталайды. | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Әдептілік әлемі (өлең оқу)<br>Ермек Өтетілеуұлы<br>**Мақаты:** өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** өлең мазмұнын түсінеді. Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Бала тәртіпті болса сонда ғана білім дұрыс беретінін біледі.<br><br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру.<br>Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>1-тапсырма. Суреттерге қарап, әдепті бала туралы әңгіме құра. | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Ең тәтті дүние (Ертегі)<br>**Мақсаты :** -әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту;<br>-дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту;<br>-хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** бала өсу үшін армандап және ертегілерді естіп өсу керек екенін ұғынады.<br><br>«Қуыршақтардың сыйлықтары»<br><br>Мақсаты: 1.Сандар мен олардың құрамы туралы білім беру.<br>2. Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.<br>Көрнекілік: Қуыршақ, шарлар.<br>Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі.<br>Балалар ол шарларды үрлеп, қандай түсін және қанша екенін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Шардың санымен артық, қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу. | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Әдептілік әлемі (өлең оқу)<br>Ермек Өтетілеуұлы<br>**Мақаты:** өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** өлең мазмұнын түсінеді. Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Бала тәртіпті болса сонда ғана білім дұрыс беретінін біледі.<br>«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»<br>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.<br>Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.<br>Барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр<br><br>Тапсырма. Суретке қарап, әдепті бала туралы әңгіме құра.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Мақалды жаттап ал. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>бірнеше сөйлем құра.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Мына суреттен шаштараз мамандығын тауып, сызықпен қорша.</td>
<td>1-тапсырма. Құстардың суретіне қара. Өзің білетін құстарды белгіле. Құстар құрылысының ерекшелігін анықта. Олардың қандай ортақ белгілері бар?<br><br>Тапсырма. Өз өлкеңде тіршілік ететін құстар туралы әңгіме құра.<br>Зерттеу жұмысы. Құстың қауырсынын зерттеу жұмысына қатыс. Бұл туралы туысқандарыңа не айтасың?<br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/ watch?v=pp85w0he525</td>
<td><br>Тапсырма. Суретке қарап әңгімеле. Қай баланың әрекеті дұрыс, қай бала әдепсіз. Себебін түсіндір.<br></td>
<td><br>Тапсырма.<br>Ертегі кейіпкерлері нені ұнатады? Ал өзің қандай тағам түрлерін ұнатасың?<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Суреттерді сәйкестендіріп, сызықпен қос.</td>
<td>Әдепті адам- көрікті.<br><br>Тапсырма. Суретке қарап әңгіме құрастыр.<br></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Көбелектер бақалар»</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Топ, топ, добым.<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап</td>
<td colspan="2"> </td>
<td colspan="1">Ойын: « Көбелектер бақалар»<br>Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.<br>Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3-ұйымдастырылған әрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Қазақ тілі<br>Сабақтың тақырыбы: Менің отбасым. Ғажайып алаң<br>Мақсаты: -отбасы мүшелерінің</td>
<td>Құрастыру<br>Сабақтың тақырыбы: Жәндіктер. Жануарлар әлемі.<br>Мақсаты: -табиғи</td>
<td>Сауаташу негіздері<br>Сабақтың тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз.<br>Мақсаты: сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға</td>
<td>Қазақ тілі<br>Сабақтың тақырыбы: Мен және менің достарым<br>Мақсаты: --қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және</td>
<td>Қоршаған әлем<br>Сабақтың тақырыбы: Тұрмыстық техника оның қажеттілігі<br>Мақсаты: -тұрмыстық</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>-отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Отбасы басты тәрбие. Отбасы мүшелерін ажырата алады.<br><br>«Ұзын-қысқа»<br>Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас | материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету;<br>-кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>-киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету;<br>-қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** табиғи материалдардың түрлерімен танысады. Олардан жәндіктерді құрастырып үйренеді. Кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындап, шығармашылық қабілеттерін дамытады.<br><br>1-тапсырма. Табиғи материалдармен танысады. Мысалы қазіргі күз мезгілінде күзгі жапырақтардан әртүрлі заттарды құрастырып жасауға болатынын көрсетеміз. Сосын балаларға жасатамыз.<br><br> | жаттықтыру;<br>-дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту;<br>-шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** сөздерді буынға бөле отырып оқимыз.<br><br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды<br><br>2-тапсырма<br><br><br>2-Тапсырма.<br> | оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Адал достың қадірін білуге шақыру. Досы көпті жау алмайды.<br><br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны** 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді<br>1-тапсырма<br>Ана бізге нені береді?Ол кім?<br><br> <br>1-тапсырма. Суретке қарап, достар туралы қысқа мәтін құра. Балалар қандай ойындар ойнайды?<br><br>2-тапсырма. Арманға достарымен кездесу үшін жолды табуға көмектес.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. балалар | техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру;<br>-қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту;<br>-қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тазалыққа, жинақылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** біз техникасыз мына заманда өмірде сүре алмайтынымызды түсіну.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Шамдар»<br>Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар<br>Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп шығады<br><br>Тапсырма. Заттарды ата. Тұрмыстық техникаға жатпайтын затты белгіле.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жолақшаны табуға тапсырма беру.<br><br>Суретті сипатта. Отбасы мүшелері не істейді? Өз отбасың туралы әңгімеле.<br><br>2-тапсырма. Мақал- мәтелді жаттап ал.<br>Отан отбасынан басталады.<br>Баланың бас ұстазы- ата- анасы.<br><br>Тапсырма. Суреттерге қара. Отбасы мүшелерін ата. Сөйлем құра.<br>Менің атам бар. Атамның аты-... | <br>   | 3-Тапсырма.<br><br><br><br>4-тапсырма<br><br> | қайталайды.<br>Дос- друг<br>Достар- друзья<br>Тату- дружно<br>Біздің достарымыз- наши друзя. | <br><br><br>Тапсырма. Заттарды 1-ден 6-ға дейінгі реті бойынша резеткімен қос. |

**Күй күмбірі- үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»**

| | | |
|---|---|---|
| **Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар! | | **Ойын: «Күн мен жаңбыр»**<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты:Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді<br>«терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды |

| | | |
|---|---|---|
| Ал сен аландамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>Мына жерде құрт бар,<br>Мына жерде май бар.<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық!<br><br>Елнұр |  | Жарас |

**4-ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | Дене тәрбиесі | Музыка | Дене тәрбиесі | Музыка | Дене тәрбиесі |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:** Командалык эстафеталар (таза ауада)<br>**Мақсаты**:-гимнастикалык орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары<br>**Күтілетін нәтиже**: Балалар эстафета дегенді түсінеді. Ұжымдық ойында бір бірін сыйлауды, ынтымақтасуды үйренеді.<br><br>«Баскетбол»<br>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді | **Тақырыбы**:Сабантойды тойлаймыз.<br>**Мақсаты** қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау;<br>-ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Сабантойдың дәстүрімен танысады.<br> | **Тақырыбы:** Ерекше сабақтар<br>**Мақсаты:** -гимнастикалык орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Балаларды денені шынықтырудың маңызын түсінеді. Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйренеді.<br><br>**«Гимнастика»**<br>Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.<br>Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет | **Тақырыбы**:Сабантойды тойлаймыз.<br>**Мақсаты** қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау;<br>-ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Сабантойдың дәстүрімен танысады.<br><br>Ешбір Сабантой ойынсыз, жарыссыз өтпейді. Білесіз бе, халықтық мерекенің ең басты сайысы қандай! Иә, сондықтан біз ұлттық өнерімізді ән мен би жарысына қатыстырамыз Біз сабантойымыздың ең әншісі мен билерін таңдаймыз. | **Тақырыбы Тақырыбы:** Акробат болғым келеді.<br>**Мақсаты:** -заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже** : Бала арманын білу үшін түрлі жаттығулр жасай отырып қызығушылығын түсінеді.<br><br>«Гараждар»<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-тапсырма<br>Білім алушыларды қатарға тұрғызу сәлемдесу, сабақ мақсаттарымен таныстыру. Бір орында оңға,солға, кері бұрылу алаң шетімен қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен және қолды белге қойып өкшемен жүру. Аяққа толық отырып,қарапайым жүріс және қолды иық тұсынан айналдырып отыру. Жүруден жүгіріске өтіп алаң шетімен жүгіру.Қосарланып жасау арқылы жалпы шынығу жаттығуларын жасау. Жүгіруден жүріске өтіп, жалпы дамыту жаттығуларын жасау және сергіту ойындары.<br><br>Тапсырма. Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретеді.<br> | Бүгін бізге мереке келді,<br>Көңілді, батыр, пранкстер,<br>Сабантой, сабантой,<br>Ән айт, секір, күрес, биле!<br><br>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) | болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек<br><br>Гимнастикалық қондырғыларда элементтерді көрсету (қолда бар қондырғыларға байланысты).<br>Ұлдар. Керме. Асылып тұрып, аударылып түсіп көтерілу – баяу асылып тұруға түсу – аяқтарды артқа сермей секіріп түсу.<br>Қоссырық. Сілтеу арқылы қолға таяна көтерілу – қолмен таянып бүгілуден көтерілу<br>– аяқ екі жаққа бүгіліп көтерілу<br>– алға домалап отыру, аяқ екі жаққа ішке ырғып түсу және артқа сермеу, алға сермеу<br>- артқа сермеу арқылы иіле секіріп түсу.<br>Қыздар. Әртүрлі биіктіктегі қоссырық. Жоғарғы сырықта ілініп тұрып, бүгіле иілу<br>-төменгі сырықта артқа жатып ілініп, бір қолды жібере, жатып ілініп айналу<br>– жоғарғы сырықтан оң (сол) қолмен ұстана,төменгі сырыққа отыруға ауысу<br>– бұрыш жасап,артқа секіріп түсу.<br>Тепе-теңдік. Бір аяқта тұру «қарлығаш». | <br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан)<br> | беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарыңа апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.<br><br>Гимнастика спорт түрінің жаттықтырушы үшін өте маңызды, өйткені гимнастикалық жаттығулардың қай жерде қолданылатынына қарамастан бірде–бір түрі жоқ. дене шынықтырумен шұғылдану дың басым көпшілігі таңертеңгі сағаттарға арналған.<br>Бұларды гимнастикалық жаттығу деп айтуға болады.<br> |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Күй күмбірі- үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар** | | | | | |
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан | | | | **Ойын: «Допты қуып жет»**<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. | |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Ақырады арыстан:<br>А-а-а-а-а-а<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>Мә-ә-ә-ә-ә<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>Мө—ө-ө-ө<br><br>Осман</td>
<td colspan="2"> </td>
<td colspan="2">Ойынның шарты:<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.<br>Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.<br><br>Жарас</td>
</tr>
<tr>
<td>Балаларды үйге қайтару</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</td>
</tr>
</table>

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымыКММ «ЖББ Исаковка».
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 6-апта 06 қазан-10 қазан 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Бірлік және ынтымақ
**Құндылық айы:** Тәуелсіздік және отаншылдық айы
**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.
**Апта дәйексөзі:** Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Сәрсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балаларды сабаққа уақытысында әкелу,сабақтан қалдырмауды ескерту | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келуді ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: балаларға үлкенді құрметтеп айналасына мейірімді болуға баулу. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю. | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Б балалармен балабақша туралы әңгімелесу. | Фотосуреттер қарастыру «Сүйікті ойыншықтарым ». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау. | Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі». | Құрылыс ойындары Қуыршақтарға үй құрастырамыз. |
| **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Жылулық сәті: Апам мені «Айым» -дейді, Мен мұңайсам, уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті: Шақырамн сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер, Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері** **Сабақтың тақырыбы:** Қанша? Реті бойынша нешінші? **Мақсаты:** -реті бойынша нешінші екенін анықтайды | **Сауаташу негіздері** **Сабақтың тақырыбы:** Дыбыстар әлемі **Мақсат:** -дауысты, дауыссыз дыбыстарды | **Математика негіздері** **Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек ,шаршы ,тіктөртбұрыш,үшбұрыш **Мақсаты:** геометриялық фигура - тіктөртбұрышпен | **Математика негіздері** **Сабақтың тақырыбы:** Дөңгелек ,шаршы ,тіктөртбұрыш,үшбұрыш **Мақсаты:** геометриялық фигура - тіктөртбұрышпен | **Сауаташу негіздері.** **Сабақтың тақырыбы:** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз **Мақсаты:** -сөздерді буынға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -қанша деген сұраққа жауап бере алады<br>**Күтілетін нәтиже:** сандарды санай алады. Сандардың нешінші екенінін және реті бойынша орналасуын ажырата алады.<br><br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны** 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма | ажыратуды үйретуді жалғастыру;<br>-тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру;<br>-достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** балаларға дыбыстық талдау жасап үйренді, сөздерді буынға бөлуі дамыды, саусақ моторикасы дамыды.<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br>5-тапсырма.<br> | таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** балдарға сандарды толық меңгеріп дөңгелек шаршы үшбкрыштарды суреттерімен таныса отырып аттарын жаттау.<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма. 3-тапсырма.<br><br>4-тапсырма.<br> | таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** балдарға сандарды толық меңгеріп дөңгелек шаршы үшбкрыштарды суреттерімен таныса отырып аттарын жаттау.<br><br>1-тапсырма<br><br>2-тапсырма<br><br>3-тапсырма<br><br>4-тапсырма | бөлуді үйретуді жалғастыру. 2. -суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту;<br>3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтырады, білімге деген қызығушылықтары арттады<br>1-тапсырма<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br>**4-тапсырма** |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/view22810571</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">**Күй күмбірі- үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">**Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>Үйшікте мына бір сәулетті<br>Тұратын қай мықты әулеті?<br>Мен – тышқан-шиқылдақ,<br>Мен – қоян-желаяқ,<br>Мен – түлкі-кеіммін,<br>Мен – қасқыр-серімін.<br>Бәріміз тұратын көңілді,<br>Қажетті сәулетті көр үйді!<br><br>Үйге кірді Алдияр,<br>Оған қоса Мадияр,<br>Кейін келді Айдана,<br>Қанша болды бар бала?<br>Осман</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Артикулыциялық жаттығулар: Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды!<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қорaптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.<br>Жарас</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>**Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Отбасының күзгі еңбегі.<br>**Сабақтың мақаты:** -отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу;<br>-отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек</td>
<td>**Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Мақсаты:** -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы</td>
<td>**Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)саханалау.<br>**Мақаты:** -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;</td>
<td>**Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Күзгі жапырақтар<br>**Мақсаты:** -балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру;<br>-Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету.</td>
<td>**Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)саханалау.<br>**Мақаты:** -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | етуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** отбасымен жасайтын еңбек түрлерімен танысады. Еңбекпін наны тәтті екендігін біледі. Үлкендерге көмектесуді біледі.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр»** – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте дәмді. Өзен қыста қатады. Лақтар өте сүйкімді. Достар шахмат ойнады. Медет – жақсы бала<br><br>1-тапсырма. Суретке қарап мәтін құрастыр<br><br>2-тапсырма. Күзгі мезгілде табиғатқа қол ұшын беруге жұмыс жасау.<br><br>Тапсырма. Жемістер мен көгеністерді ата. Тек көгеністерді боя | сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** жануарлардың ішіндегі біздің елімізде қандай түрлері көп мекендейтінін балдарға сурет арқылы түсіндіру.<br>1-тапсырма.<br>Мемлекетіміздегі кездесетін жануарлар<br><br><br>2-тапсырма.Сен қандай жануарларды білесің?<br><br>Жеке тапсырма.<br>Үйінде жануар асырайсың ба? Қандай? Ол туралы айтып бер. | -ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта,<br>қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнымен, кейіпкерлерімен танысады. Қайырымдылық жасаудың үлкен кішісі жоқ екендігін біледі.<br><br>Қимылды ойын<br>«Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>1-тапсырма<br>Суретке қарап ертегіні сомдауға жұмыс жасау<br><br>2-тапсырма. Ертегіде Кімнің іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсың?<br><br>3-тапсырма.Ертегідегі мақтақыз мына өмірде қыздарға нені үйретеді?<br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/watch?v=pe4me0ekt25 | Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту;<br>-балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** күз мезгілінде табиғаттың өзгеруін балдармен талқылап,мәтіндер құрастыру.<br><br>**Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»** – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек. Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады). Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты).<br>Тапсырма. Жапырақтың түрлерін анықтап көр<br><br>Жапырақты бояу<br><br><br>Тапсырма. Ағаштарды ата. Әрқайсысының жапырақтарын | -ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта,<br>қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнымен, кейіпкерлерімен танысады. Қайырымдылық жасаудың үлкен кішісі жоқ екендігін біледі.<br><br>Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).<br>Атасы немерелерімен қайда барды?<br>Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.<br>2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр?<br>Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы егісте<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз<br><br>1-тапсырма.<br>Ертегіні баяндауды үйренеміз<br><br><br>2-тапсырма.<br>Мысықтың әрекеттерін сипаттап бер.<br><br><br>3-тапсырма. Мақал –мәтелдер айту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жандарына жапсыр. | |
| | | | | | |

**Күй күмбірі- үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| Тауық шықты көшеге,<br>Ерді барлық шөже де.<br>Алға кетті 7-еуі,<br>Артта қалды 3-еуі.<br>Санай алмай барлығын<br>Есі шықты тауықтың.<br>Сен есепте, балақан,<br>Қанша еді балапан?<br><br>Әр қолына Нұриден<br>Төрт өріктен бердім мен.<br>Бала санай білмеді,<br>Неше өрік ол жеді?<br><br>Осман |  | *Саусақ ойыны:* « **Құрттар»**<br>**Мақсаты:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>**Тіл дамыту жаттығуы**<br>1,2,3,4,5<br>Құрттар серуенге жүрді,<br>Бір уақытта қарға алдарынан шықты,<br>Басын шайқап иіле ,<br>-Менің түскі асым- деп,<br>Енді қараса құрттар жоқ.<br><br>Елнұр |

**3-ұйымдастырылған әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Неше? Санау<br>**Мақсаты**: - санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балдардың ойнай отырып сөздер мен сөйлемдерді ажырата алып үйрену.<br><br>Қимылды ойын | **Мүсіндеу.**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Көгөністер.<br>Саңырауқұлақтар<br>**Мақсаты:** -геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу;<br>-қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>көгөністер мен саңырау құлақтартардың суреттерін сала отырып олардың пайдасы мен зияндарын білу | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Буын.<br>**Мақсаты:** -сөздерді буынға түрлі әдістерменбөлуді үйрету;<br>-сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту;<br>-ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу және сөздерді буынға бөле отырып қабілеттері жетілді, тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтырды.<br><br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны).<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Апта күндері<br>**Мақсаты: -**апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету;<br>**-**жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту.<br>артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** балдарға апта күндерін түсіндіре отырып мағынасын түсіндіре отырып жаттату.<br><br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Ауа-райы қандай? | **Қоршаған әлем**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?<br>**Мақсаты:** -күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету;<br>-балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>табиғаттағы кездесетін ағаштардың жапырақтары қалай қай мезгілде түсетінін суреттер арқылы түсіндіру.<br><br>ұқыпты қарауға қалыптастру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас.<br><br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма. Жұмбақты жасыру.<br><br><br>Тапсырма. Әрбір дөңгелектің ішіндегі цифрды ата және сонша затты боя.<br><br>Жеке жұмыс. Мұғалім айтады. Балалар қайталайды.<br>Сан- счет<br>Санамақ- считалка<br>Санау- считать<br>Қанша? Неше?- сколько | Бояумен жұмыс жасағандағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырады. Ұқыпты болуға үйретеді.<br><br>1-тапсырма<br>Саңырауқұлақтың түрлерімен танысу.<br><br>2-тапсырма. Ермексаздан саңырауқұлақ жасаймыз<br><br>Әуелі ермексазбен жұмыс барысындағы қауіпсіздік ережелерімен танысамыз.<br> | алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады.<br>Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма<br><br>4-тапсырма<br><br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/ | Қыс мезгілінде неше ай бар, Қандай?<br>Бір жылда неше мезгіл бар?<br>Қандай атап көрейік.<br>Жыл мезгілдері туралы тақпақ кім біледі, кәне еске түсірейікші.<br>Біз бүгін апта күндерімен танысамыз<br><br>1-тапсырма. Сөйлемдерді тыңда.<br>Балалар әр апта күнінде не істеді?<br>Суреттен көрсет.<br>Балалар дүйсенбіде доп ойнады.<br>Сейсенбі күні серуенге шықты.<br>Сәрсенбіде сурет салды.<br>Бейсенбіде би билеп, ән салды.<br>Жұмада жидек терді.<br>Сенбіде кино көрді.<br>Жексенбіде үйлерінде демалды.<br>Балалар осылай бір аптаны өткізді.<br><br>2-тапсырма Жеке жұмыс. Мұғалім айтады. Балалар қайталайды.<br>Апта күндері- дни недели<br>Дүйсенбі- понедельник<br>Сейсенбі- вторник<br>Сәрсенбі- среда<br>Бейсенбі- четверг<br>Жұма- пятница<br>Сенбі- суббота<br>Жексенбі- воскресенье | 1-тапсырма<br>Біздің елде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»**<br>Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.<br>– Бұл қандай жануар?<br>– Қандай ертегіде кездеседі?<br>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына бөлінесіңдер.<br>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Үяшықтар, слайдтан көрсетеді)<br>– Әр ұяшықта сандар бар.<br>– Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.<br>– Ұяшықтан ертегінің суреті шығады.<br>Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.<br>1-Тапсырма.<br><br>Тапсырма. Жапырақ түрлерімен танысу<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | view33775346 | | |
| **Күй күмбірі- үзіліс Ойын: «Кеме»** | | | | | |
| Тіл жаттығулары:<br>Үш бала.<br>Бір ауылда үш бала,<br>Олар – құрдас: үш жаста.<br>Бірақ, бірақ олардың,<br>Қылықтары үш басқа.<br>Біріншісі шыңқ етпе,<br>Тиіп кетсе, жылайды.<br>Екіншісі бір қоңыр,<br>Ақыл айтсаң, тулайды.<br>Үшіншісі – елгезек,<br>Бәрімізге ұнайды | |   | | **Аз қимылды ойын: «Кеме»**<br>**Мақсаты:** Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қажетті атрибуттар:** ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.<br>**Ойын шарты:** Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады.<br>Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады. | |
| **4-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Зейінді боламыз<br>**Мақсаты:** -денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау<br>**Күтілетін нәтиже**: Дененің үнемі шыныққанды болу үшін жаттығуды жасап жүру.<br><br>«Баскетбол»<br>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді<br>1-тапсырма<br>Денені қыздырамыз | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр.<br>**Мақсаты:** -күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру;<br>-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету;<br>-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертеді;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындайды. | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Бірінші бол!<br>**Мақсаты:** -бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру<br>**Күтілетін нәтиже:** Доп арқылы денені қыздыруға түрлі жаттығулармен ойындарды білу.<br><br>**«Гимнастика»**<br>Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.<br>Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек<br> | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Күз – жомарт. Күзгі жаңбыр.<br>**Мақсаты:** -күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру;<br>-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету;<br>-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертеді;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындайды. | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Бірінші бол!<br>**Мақсаты:** -бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүреді, бір-бірінің артынан еңбектеп жүреді, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықты.<br><br>Ойынның шарты: Балалар допты аяқтың арасына қысып, секіру арқылы жарысады. Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>Жалпы саптағы жаттығулар.<br>1.Жүру. (аяқтың ұшымен, өкшемен, екі қырымен, жартылай бүгіп)<br>2.Жүгіру жаттығулары.<br>3.Жалпы дене қыздыру, қимыл жаттығуларын қатарда және шеңберде жасату<br><br>Қауіпсіздік ережелері<br>1.Қысқа қашықтықта тек өз жолыңмен жүгіру<br>2.Жүгіретін, секіретін, лақтыратын алаңдарды көлденең кесіп өтуге болмайды. | <br>Музыка тыңдау:<br>«Саржайлау» (Тәттімбет)<br>Ән айту:«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жеңіл би» (Т.  Ломова)<br>Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br>«Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев) | **Ашық ойын "Жылдам доп".**<br>***Мақсаты:*** балаларды допты тура бағытта домалатуға жаттықтыру, мұғалімнің белгісі бойынша әрекет ету.<br>***Ойын барысы:*** Балалар сызықпен немесе баумен көрсетілген бастапқы сызықта тұрады. Әр баланың қолында доп бар (диаметрі үлкен). Тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар бастапқы позицияны алады – аяқтар иық енінде, доп бүгілген қолдарда кеудеде. Келесі бұйрық бойынша балалар еңкейіп, допты жігерлі қимылмен итеріп, алға қарай домалатады, содан кейін оның артынан жүгіреді. Олар бастапқы сызыққа қадаммен оралады. | <br>Музыка тыңдау:<br>«Саржайлау» (Тәттімбет)<br>Ән айту:«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жеңіл би» (Т.  Ломова) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br>«Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев) | <br>Келесі ойынымыз « Жүйрік паровоз» жарысын бастаймыз. Ойын шарты: бірінше бала паровоз, қалған балалар вагондары болады. Бірінші паровоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ерітіп айналып келіп, үшінші баланы ерітеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паровозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Күй күмбірі- үзіліс:  Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»** | | | | | |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық! Жарас</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Ойын: «Күн мен жаңбыр»<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты:Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді<br>«терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды<br><br>Елнұр</td>
</tr>
<tr>
<td>Балаларды үйге қайтару</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</td>
<td>«Өнегелі 15минут»<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</td>
</tr>
</table>

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы  5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 5-апта 29 қыркүйек- 3 қазан 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Бірлік және ынтымақ
**Құндылық айы:** Тәуелсіздік және отаншылдық
**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.
**Апта дәйексөзі: «**Ел- жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабыылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балаларды сабаққа уақытысында әкелу,сабақтан қалдырмауды ескерту | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келуді ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: балаларға үлкенді құрметтеп айналасына мейірімді болуға баулу. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Шаттық шеңбер | «Менің топтағы достарым» достарының суретін салу | «Мен спортшымын» Фотосуретте бейнеленген суреттерді атау. | Әңгімелесу.Спорт не үшін керек? Әңгімелеп беру | Сурет салу. «Футболшы» |
| **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Жылулық сәті:<br>Апам мені «Айым» -дейді,<br>Мен мұңайсам, уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті:<br>Қуанамыз күлеміз<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті:<br>Шақырамн сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті:<br>Бақыт толы шеңберге<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті:<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** 7, 8, 9 сандары және цифрлары<br>**Мақсаты:** -цифр мен заттар санын | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстар<br>**Мақсат:** --сөйлеу тілінің | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** 0 саны және цифры 10 саны<br>**Мақсаты:** -10 санының жазбасын | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Қанша?Реті бойынша нешінші?<br>**Мақсаты:** -реті бойынша | **Сауаташу негіздері.**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>**Мақсаты:** --берілген дыбысқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>-заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** 7,8,9 сандарын дұрыс тануға және осы цифрларымен бейнелеуді үйренді, зейін мен ойлауы дамыды, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдылары дамыды.<br><br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны** 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br><br>4-тапсырма. Текшелерді ретімен қос.<br><br>3-тапсырма. Фигуралардың тізбегін боя.<br><br><br>4-тапсырма. | дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру<br>**Күтілетін нәтиже:** балаларға дыбыстық талдау жасап үйренді, сөздерді буынға бөлуі дамыды, саусақ моторикасы дамыды.<br><br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br>4-тапсырма.<br><br><br>5-тапсырма. | заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету;<br>-заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру;<br>-10 санын дұрыс тануға 1 және 0 цифрларымен бейнелеуге үйрету; зейін мен ойлауды дамыту;<br>-е сте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** 10 санын дұрыс тануға және 0 мен 1 цифрларымен бейнелеуді үйренді, зейін мен ойлауы дамыды, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдылары дамыды.<br><br>Қосымша жұмыс.<br><br><br>1-тапсырма. Суретке қара. Тиісті цифрмен сызып қос.<br><br><br>2-тапсырма. | нешінші екенін анықтайды<br>-қанша деген сұраққа жауап бере алады<br>**Күтілетін нәтиже:** сандарды санай алады. Сандардың нешінші екенінің және реті бойынша орналасуын ажырата алады.<br><br>1-тапсырма<br><br>2-тапсырма<br><br>3-тапсырма<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br>Заттарды қарастыр. Оларды түсі және өлшемі бойынша жапсыр.<br><br>Үлкен заттарды қызыл, ал кішкентай заттарды сары түске боя. Әр зат қайда орналасқанын айт.<br> | сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру;<br>-тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтырады, білімге деген қызығушылықтары арттады<br>1-тапсырма<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма.<br><br>**4-тапсырма** |

<table>
<tr>
<td></td>
<td><br><br>ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/<br>view38808966</td>
<td>
</td>
<td>

<br>3-тапсырма.<br><br>4-тапсырма.<br>

Қосымша тапсырма. Жеке жұмыс.<br>

ЖИ тапсырма<br>https://learningapps.org/watch?<br>v=pc2ssf9nt25</td>
<td></td>
<td>
</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Күй күмбірі- үзіліс</td>
<td colspan="3">Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойында «Лақтыр да қағып ал»</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Суретті тіл ұстарту:<br>Ша – ша – ша<br>Айшаның шанасы тама (ша)<br>Са – са – са<br>Қасқыр соқты Мұ (са)<br>Ол – ол – ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра – ра – ра</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Психологиялық ойын: «Суреттерді аяқтайық» жаттығуы.<br>Мақсаты:<br>Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын бойынша жұмыс істей білуін дамыту .<br>Ойын шарты: Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады. Оқушылардың көздері шарфпен байланады да, олар кезек-кезекпен шығып, бірі денесін, бірі басын, бірі аяғын салады, осылайша жалғаса береді.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Дүкеннен нан алды **Са (ра)**<br>**Із – із – із**<br>Тамаққа қосты **сәб(із)**<br>**Жу – жу – жу**<br>Ыдысты тазалап **(жу)** **Жарас** | |  | | Осман | |
| | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Қорыққанға қос көрінеді (ертегісі)<br>**Сабақтың мақаты:** ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнымен, оның кейіпкерлерімен танысады. Батырлық пен қорқақтықтың айырмашылығын түсінеді. Сөздік қорлары артады.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр»** – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте дәмді. Өзен қыста қатады. Лақтар өте сүйкімді. Достар шахмат ойнады. Медет – жақсы бала<br><br>Қорыққанға қос көрінеді ертегісінің мазмұнымен толық танысады.<br>Баяғыда әже, күлекеш немере, қыттықтай беретін тауық және пештің астын мекендейтін тышқан болыпты. Олар күнде су тасиды екен. Әжесінің қолында үлкен шелек, немересінің қолында кішірек шелек, тауықта қиярдың үлкендігіндей, | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Мақсаты:** -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттері қалыптасады.<br><br>**Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».**<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Арыстан мен тышқан (қазақ халық ертегісі)<br>**Мақаты:** -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнымен, кейіпкерлерімен танысады. Қайырымдылық жасаудың үлкен кішісі жоқ екендігін біледі. Айналасындағыларға көмектесуді үйренеді.<br><br>Қимылды ойын «Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br><br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас<br>1-тапсырма | **Тіл дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Отбасының күзгі еңбегі<br>**Мақсаты:** отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу;<br>-отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** отбасымен жасайтын еңбек түрлерімен танысады. Еңбекпін наны тәтті екендігін біледі. Үлкендерге көмектесуді біледі.<br><br>**Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»**<br>– Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.<br>Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады). Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты). | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Алтын астық (Қосжан Мүсірепов)<br>**Мақаты:** -ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Жыл мезгілдерімен танысады. Күз мезгіліндегі егістіктегі еңбек түрлерін біледі. Ондағы қайнаған еңбекпен келген астықтың қандай пайдасы бар екендігін біледі. Астық жинайтын техника түрлеріменде танысады.<br><br>Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).<br>Атасы немерелерімен қайда барды? Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.<br>2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр?<br>Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы егісте<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз<br><br>1-тапсырма.<br>Суреттегі қай жыл мезгілі?<br>Суретте не бейнеленген?<br>Астықты қай кезде жинайды?<br>Астықты қырманға немен жеткізеді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тышқанда оймақта шелек бар екен. Әжесі суды құдықтан, немересі астаудан, тауық шалшықтан, тышқан торғайдың тұяғы кірген жерден алады екен. ......<br><br><br>1-тапсырма. Дидактикалық ойын «Белгілі дыбысқа сөз таңда».<br>Әже сөзіндегі Ә дыбысына, қыз сөзіндегі Қ дыбысына, тышқан сөзіндегі Т дыбысына<br>2-тапсырма. Мағынасын түсіндір «Батыр бір өледі, қорқақ мың өледі»<br><br>3-тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br>Сурет бойынша әңгімеле | <br>1-тапсырма. Суретке қара. Суретші бейнелеген жануарларды ата. Олардың қайда тіршілік ететінін білесің бе? Өзіңнің өлкеңде тіршілік ететін жануарларды белгіле.<br><br>Не артық?<br><br> | Суреттерді қара.<br>Арыстан тышқанға не айтты?<br>Тышқан арыстанға қалай көмектесті?<br>Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт.<br>Досыңмен кейіпкерлердің диалогын құра.<br><br><br>2-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап.<br><br>Балалар ертегіні тыңдай отырып, түсінгендерін әңгімелей біледі.<br><br>Арыстанның тышқанды менсінбегенін, кейін тышқанның көмек бергенін түсінді. | Дидактикалық ойын:<br>«Сөйлемді толықтыр»<br>Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.<br>Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет.<br>Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр<br><br>Тапсырма. Жемістер мен көгеністерді ата.<br>Тек көгеністерді боя.<br>Көгеністерді сәйкес пішіндермен сәйкестендір. | 2-тапсырма.<br>Жұмыс барысының реті бойынша нөмірле.<br><br>3-тапсырма. Жұмбақты шеш. Жеке жұмыс.<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойынында дәні бар.<br><br>4-тапсырма.<br>Не артық? Белгіле. |
| | | | | | |

**Күй күмбірі- үзіліс "Шапшаң жүргізуші" ашық ойыны**

| | | |
|---|---|---|
| Топ, топ, добым.<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап |   | **"Шапшаң жүргізуші" ашық ойыны.**<br>***Мақсаты:*** балаларды түрлі-түсті сигнал бойынша әрекет етуге, әр түрлі бағытта шашыраңқы қозғалуға, залдың барлық аумағын пайдалануға жаттықтыру. Жол қозғалысы ережелерін қайталаңыз.<br>***Ойын барысы:*** Балалар бүкіл залда еркін түрде орналасады, әр баланың қолында руль (құрсау) болады. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша: "Кеттік!" - балалар – "көліктер" бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысып, бүкіл залды әртүрлі бағытта аралайды. Егер мұғалім қызыл жалаушаны көтерсе, онда барлық машиналар тоқтайды. Егер жасыл болса– қозғалысты жалғастырыңыз. |

**3-ұйымдастырылған әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Жидектер<br>**Мақсаты**: қазақ тіліндегі сөздер | **Сурет салу**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Жаңбырлы күн.<br>*(Акварель бояу)* | **Сауаташу негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстар<br>**Мақсаты:** -қатаң дауыссыздарды | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Ойнайық та ойлайық<br>**Мақсаты:** меңгерген сөздерді | **Қоршаған әлем**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жидектерді жатқа айтады. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br><br>Қимылды ойын<br>«Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас.<br><br>1-тапсырма. Жидектерді тап және | **Мақсаты:** -мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету;<br>қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйренеді; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптасады.<br><br>Бояумен жұмыс жасағандағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырады. Ұқыпты болуға үйретеді.<br><br>1-тапсырма<br>Жаңбырлы күн қандай болады?<br><br><br>2-тапсырма<br>Бояймыз | қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>-суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру;<br>-бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттері жетілді, тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтырды.<br><br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны).<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды<br>1-тапсырма.<br><br>3-тапсырма. | ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру;<br>-бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінеді. Күнделікті өмірде қолдана біледі<br>-ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап береді. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады;<br><br>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Балалар, мынау – аула.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – аула.<br>– Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).<br>– Аулада не болуы мүмкін?<br>Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с.<br>Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не?<br>Аулада тауық (әтеш) бар.<br>Құстардың суреттерін аулаға орналастырады<br>– Мынау – қаз. Қаз – үй құсы.<br>– Мынау – ... (қаз).<br>– Қаз қандай құс?<br>– Қаз – үй құсы.<br>– Аулада қаз бар.<br>– Аулада не бар?<br>– Аулада қаз бар.<br>– Мынау – үйрек. Үй-рек.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – үйрек. | **Мақсаты:** -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттері қалыптасады.<br><br>ұқыпты қарауға қалыптастру<br>1-тапсырма<br>Біздің елде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»**<br>Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы<br>қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен<br>бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.<br>– Бұл қандай жануар?<br>– Қандай ертегіде кездеседі?<br>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына<br>бөлінесіңдер.<br>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді)<br>– Әр ұяшықта сандар бар.<br>– Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.<br>– Ұяшықтан ертегінің суреті шығады.<br>Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні<br>рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.<br>Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>ата. Қызыл түспен белгіле.<br><br><br>2-тапсырма. Жұмбақты жаттап ал.<br>Жапырақты тасалап,<br>Өскен жері бау- бақша,<br>Күрең қызыл, шіркін- ай,<br>Жидектің аты-... (құлпынай)<br><br>Қосымша тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Жидектерге нелер жатады?<br><br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/<br>view22649555</td>
<td></td>
<td><br>4-тапсырма<br><br><br>Қосымша жеке жұмыс.<br>Үзік сызықтарды бастыр.<br><br>**ЖИ тапсырма**<br><br>https://learningapps.org/<br>view31910862</td>
<td>– Үйрек – үй құсы.<br>– Үйрек қандай құс?<br>– Үйрек – үй құсы.<br>– Аулада үйрек бар.<br>Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарлары және құстарға шөп, жем береді.<br>Балалар мәтінді қайталайды<br><br>1-тапсырма<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Ойын-игра<br>Ойлан- думай</td>
<td> <br>Тапсырма. Сызық арқылы ересек жануарларды балаларымен қос. Олардың қандай айырмашылықтары бар?<br><br>Тапсырма. Сызбаның көмегімен жабайы жануарлар туралы әңгіме құра. Олардың жыртқыш не шөпқоректі жануар екенін айтуды ұмытып кетпе.<br><br>Есіңде болсын!<br>Адам бәрін табиғаттан үйренеді.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">**Күй күмбірі- үзіліс** **Қозғалмалы зерек ойындар «Автобус жүргізушісі»**</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">.<br>**Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">**«Автобус жүргізуші»** **(қауіпсіздік сабағы)**<br>**Ойын мақсаты:**<br>Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүюге баулу,<br>Жол ережесін ,қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету.<br>Қажетті атрибуттар: руль, абонементтер, орындықтар, микрофон.<br>Ойын шарты: Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде өткізілсе, орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі параллель сызығын сызады. Аялдамада тосып тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп қолдарындағы абонементтерін компостерге тесіп орындарына отырады.<br>Жүргізуші рөліндегі бала «ал кеттік» деп, аузымен мотордың дүрілін салып жүргізеді. Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды «дүкен, дәріхана, парк» деп микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада 4-5 баладан түсіп отырады. Тексеруші рөлін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы абонементтерін</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td colspan="2">Мына жерде құрт бар,<br>Мына жерде май бар .Елнұр<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық!</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">жинап алады. Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны-мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады. Ойынды осылайша қайта жалғастыруға болады</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4-ұйымдастырылған іс-әрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Дене тәрбиесі<br>Тақырыбы: Дене қабілеттерін дамыту.<br>Мақсаты: -денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру<br>Күтілетін нәтиже: Дененің үнемі шыныққанды болу үшін жаттығуды жасап жүру.<br><br>«Баскетбол»<br>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді<br>1-тапсырма<br>Денені қыздырамыз<br> <br>Жалпы саптағы жаттығулар.<br>1.Жүру. (аяқтың ұшымен, өкшемен, екі қырымен, жартылай бүгіп)</td>
<td>Музыка<br>Тақырыбы:Күзгі серуен<br>Мақсаты: -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>Күтілетін нәтиже: музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертеді;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындайды.<br><br>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г.</td>
<td>Дене тәрбиесі<br>Тақырыбы: Доппен ойнап, көңілінді көтер!.<br>Мақсаты: -допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары<br>Күтілетін нәтиже: Доп арқылы денені қыздыруға түрлі жаттығулармен ойындарды білу.<br><br>«Гимнастика»<br>Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.<br>Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек<br> <br><br>Ашық ойын "Жылдам доп".<br>Мақсаты: балаларды допты тура бағытта домалатуға жаттықтыру, мұғалімнің белгісі бойынша</td>
<td>Музыка<br>Тақырыбы:Күзгі серуен<br>Мақсаты: -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>Күтілетін нәтиже: музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертеді. қимылдарды музыкаға ілесе орындайды.<br><br><br>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>Билер: «Шабандоздар</td>
<td>Дене тәрбиесі<br>Тақырыбы: Біз әртүрлíміз<br>Мақсаты: -кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту<br>Күтілетін нәтиже:<br>кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүреді, бір-бірінің артынан еңбектеп жүреді, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықты.<br><br>Ойынның шарты: Балалар допты аяқтың арасына қысып, секіру арқылы жарысады. Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді.<br><br>Келесі ойынымыз « Жүйрік паровоз» жарысын бастаймыз. Ойын шарты: бірінше бала паровоз, қалған балалар</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.Жүгіру жаттығулары.<br>3.Жалпы дене қыздыру, қимыл жаттығуларын қатарда және шеңберде жасату<br><br>Қауіпсіздік ережелері<br>1.Қысқа қашықтықта тек өз жолыңмен жүгіру<br>2.Жүгіретін, секіретін, лақтыратын алаңдарды көлденең кесіп өтуге болмайды. | Жотаева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер:** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | әрекет ету.<br>***Ойын барысы:*** Балалар сызықпен немесе баумен көрсетілген бастапқы сызықта тұрады. Әр баланың қолында доп бар (диаметрі үлкен). Тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар бастапқы позицияны алады – аяқтар иық енінде, доп бүгілген қолдарда кеудеде. Келесі бұйрық бойынша балалар еңкейіп, допты жігерлі қимылмен итеріп, алға қарай домалатады, содан кейін оның артынан жүгіреді. Олар бастапқы сызыққа қадаммен оралады. | биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | вагондары болады. Бірінші паровоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ерітіп айналып келіп, үшінші баланы ерітеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паровозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жалғыз аяқ жолмен»** | | | | | |
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады **арыстан:**<br>**А-а-а-а-а-а**<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>**Мә-ә-ә-ә-ә**<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>**Мө—ө-ө-ө**<br><br>Жарас | | <br> | | **Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Жалғыз аяқ жолмен»**<br>**Мақсаты:** ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады.<br>**Ұсыныс:** бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді<br><br>Осман | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелесу | бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»**

**Мектепалды даярлық** <u>О сынып</u>

**Балалардың жасы** <u>5 жас</u>

**Жоспардың құрылу кезеңі** <u>4-апта 22-26 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы</u>

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Жасампаздық және жаңашылдық

**Құндылық айы:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.

**Апта дәйексөзі:** «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» Абай Құнанбайұлы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **«Өнегелі 15 минут» Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю. | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Б балалармен балабақша туралы әңгімелесу. | Фотосуреттер қарастыру «Сүйікті ойыншықтарым ». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау. | Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі». | Құрылыс ойындары Қуыршақтарға үй құрастырамыз. |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық** | **Жылулық сәті:**<br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұнайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім -дейді. | **Жылулық сәті:**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | **Жылулық сәті:**<br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | **Жылулық сәті:**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: 5 саны және цифры.<br>Мен 5-ке дейін санаймын.<br>6 саны және цифры.<br>**Мақсаты:** -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>-5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**күтілетін нәтиже**:5 санның жазылуы мен айтылуына мән беру.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.**<br>Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады.<br>П: Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді. Құстар үшін де пайдалы. Оның бұтақтарына құстар ұясалады<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br> | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстардың жасалуы.<br>**Мақсаты:** -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру<br>**Күтілетін нәтиже**: Дауыссыз дыбыстарға мысалдар келтіру<br><br>**Саққұлақ**<br>Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және т. б.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br><br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br><br>3-тапсырма. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: 7, 8, 9 сандары және цифрлары<br>**Мақсаты:** --цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>-заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже.** 7 саны мен 8,9 сандарын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Қандай пішін шықты?»<br>Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.<br>Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары<br>Барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады.<br>Қандай пішін шықты? Тәрбиеші тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қоюды ұсынады. Қандай пішін шықты?<br><br>**1-тапсырма.**<br><br><br>**2-тапсырма.** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: 7, 8, 9 сандары және цифрлары<br>**Мақсаты:** --цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>-заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже.** 7 саны мен 8,9 сандарын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Мынау қай пішін?»<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br>**1-тапсырма.** Дүкен сөресіндегі қанша өнім болса, себетке сонша таяқшаның суретін сал.<br><br><br>2-тапсырма. Заттарды түсі, пішіні және өлшемінен басқада қасиеттері болады. Мына заттардың қасиеттерін ата.<br> | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біз нені үйрендік?Нені білдік?<br>**Мақсаты**: -балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету;<br>-сөздерді буынға бөлуді дамыту;<br>-саусақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: Дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыстарды жатқа білу<br><br><br>2-тапсырма<br><br><br>3-Тапсырма.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-тапсырма.<br><br><br>4-тапсырма<br><br> | <br>3. Тыңда, орында.<br>Партадағы саусақтар<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар<br>Сурет сала біледі.<br>Ортаңғы мен сұқ саусақ<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға<br>Қоян да бола қалады. | <br><br>3-тапсырма.<br><br><br>**ЖИ тапсрыма**<br>https://learningapps.org/watch?v=pv9n416nj25 | 1-тапсырма.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>9 санын бастырып жаз.<br> | |

**Күй күмбірі- үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Бармақ болып жұмысқа,<br>Қырға шықты құмырсқа,<br>Тоңып кетіп аяғы,<br>Қырға қайтып шығады.<br>Ой – ой – ой,<br>Әне аю келеді.<br>Құмырсқаны көреді.<br>Енді қайтып құтылар,<br>Илеуіне тығылар.<br><br>Осман |  <br><br>Елнұр | Құрылымдалған ойын:<br>Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»<br>Мақсаты: Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау)<br><br>Жарас |

| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Менің атам<br>**Мақсаты:** -ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: ертегідегі атаның орны ерекше екенін сезіну және білу<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кімде не бар?»**<br>**Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Педагог:<br>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер.<br>Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.<br>Балалар, сендер күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер<br><br><br>1-тапсырма.<br>Отбасы мүшелерін ата және сөздерді буынға бөл.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Өз отбасың туралы әңгімеле. | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Тақырыбы:** Ағаш және бұта.<br>**Мақсаты:** -ағаш пен бұтаның айырмашылығымен таныстыру;<br>-танымдық мүмкіндіктерін арттыру,тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** судың кадірін білу, «Судында сұрауы бар» деген мақалдың мағынасын түсіну<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Тұқым» ойыны**: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды.<br>Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.)<br><br>**«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.**Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).<br><br>**Тапсырма.** Суретке қара. Өзің білетін ағаштар мен бөталарды ата. Өз ауланда өсетін өсімдіктерді қорша. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Менің ойыншықтарым (Мұзаффар Әлімбаевтың өлеңі)<br>**Мақсаты:** -өлеңдегі баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-өлең мазмұнын әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:** мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»<br>Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.<br>Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу.<br><br>**1-тапсырма**. Суретте не бейнеленген?<br>Әр вагонда қандай ойыншықтар бар?<br>Суреттегі өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта.<br>Сенде қандай ойыншықтар бар?<br><br>2-тапсырма. Не артық? Белгіле.<br><br>3-тапсырма. Үлкен және кіші доптың суретін аяқтап сал. Боя.<br><br>Дидактикалық ойын<br>Тәрбиеші: Ойыншықтардың үлкенді-кішілі болатынын білесіздер. Ойнайық. Сіздердің | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)<br>**Мақсаты:** -ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** баланы қорқыта берсе ынжық болатынын, батылдыққа баулыса керемет тұлға болатынын ұғындыру<br>Дидактикалық тапсырма:<br><br>**«Саңырауқұлақтар»** тақырыбындағы кеспелі суреттерді құрастыруға шақырады, ойын барысында саңырауқұлақтарға сипаттама береді.<br><br>АҚ САҢЫРАУҚҰЛАҚ — қалпағы қоңыр, дөңгелек, сабағы жауан болады.<br>ҚАЙЫҢҚҰЛАҚ — негізінен қайың ағашының түбінде өседі, қалпағы дөңгелек, қара- қоңыр түсті, сабағы жіңішке, биік болып өседі.<br>ТЕРЕКҚҰЛАҚ — қалпағы қызыл, сабағы биік болады.<br>ТҮЛКІШЕК — түсі сары, сабағы аласа, қалпағы иілген.<br>ТОМАРҚҰЛАҚ — ақшыл-қоңыр түсті саңырауқұлақ, сабағы жіңішке, жиегінде «жағасы» бар, «отбасымен» топтасып өседі.<br>Педагог: орманнан тек саңырауқұлақ тереміз бе?<br>Қазақстанда өсетін орман жидектерімен танысады. Олар: таңқурай, қызыл тал, шырғанақ, арша, шетен, бөріқарақат, итмұрын. Алған әсерлерімен бөліседі, олардың дәмі туралы әңгімелейді<br><br>1-тапсырма.<br>Ертегі кейіпкерлерінің | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әкесі мен балалары (Лев Толстойдың әңгімесі)<br>**Мақсаты:** --әңгіме арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>-әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:** мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br><br>**Дидактиалық/ойын**<br>«Зейінді бол»<br>Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.<br>Көрнекілік: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер /5–сурет/.<br>Барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші /екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы/ суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.<br><br>Біз Л.Н. Толстой шығармашылығымен танысамыз.<br>-Экранға назар аударыңыз , бұл Лев Николаевич Толстой.<br>- Ал енді оның "Әке мен ұлдар" шығармасымен танысамыз.<br>Әкесі ұлдарына тату-тәтті өмір сүруді бұйырды; олар бағынбады. Сондықтан ол сыпырғышты әкелуді бұйырды да:<br>— Сындыр!<br>Олар қанша күрессе де, сындыра алмады. Содан кейін әкем сыпырғышты шешіп, бір-бірден таяқшаны сындыруды бұйырды. Олар штангаларды бір-бірлеп оңай сындырды.<br>Әке былай дейді: — Сонымен, сіз: егер сіз келісіммен өмір сүрсеңіз, сізді ешкім жеңе алмайды; ал егер сіз ұрысып, бәрін бөлек алсаңыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отбасы мүшелерін ата.<br><br> | **Ойланып жауап бер!**<br>Ағаштар мен бұталардың қандай айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар?<br><br>**Тапсырма.** Суретке қара. Ағаш пен бұтаның негізгі бөліктерін көрсет. Оларды салыстыр.<br><br>**Тапсырма.** Тәжірибе жүргізуге қатынас. Ағаштың қасиеттері туралы не айта аласың?<br><br>Әрбір ағаштың бұтағында оның «балалары» бар: жапырақ, гүлдер, жемістер. Жеміс және бұтақ жұбын құрастыр. Сызықпен қос. | әрқайсыларыңыз өз ойыншықтарыңыз туралы айтып168 бересіздер: "Үлкені – балық, кішісі – балық".<br>Үлкен қуыршақ – кішкентай қуыршақ.<br>Үлкен доп – кішкентай доп.<br>Үлкен машина – шағын машина.<br>Үлкен қоян – кішкентай қоян.<br>Бас барабан – кішкентай барабан. "Үлкен - кіші" дидактикалық жаттығуы<br>*Тәрбиеші*: Балалар, біз бір нәрсені күттік. Ойнайық, қол-аяқты жаттықтырайық. | шелектерін тауып жапсыр.<br>Өзіңе ертегідегі қай кейіпкер ұнады?<br><br><br> | бәрі сізді оңай құртады.<br><br>**1-тапсырма.** Суреттер бойынша әңгімеле. Әкесі балаларына сыпыртқыны не үшін берді?<br>Сен осы балалардың орнында болсаң, не істер едің?<br>Әңгіме қалай аяқталады?<br>**2-тапсырма.** Үзік сызықпен бастырып сыз. Боя.<br>**3-тапсырма**: Жеке жұмыс.<br>Мақалды жаттап ал.<br>Бірлік болмай, тірлік болмас.<br><br>. |
| **Күй күмбірі- үзіліс:** | **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар** | | | | |

**Тілді жаттықтыратын тақпақ**
Үйшікте мына бір сәулетті
Тұратын қай мықты әулеті?
Мен – тышқан-шиқылдақ,
Мен – қоян-желаяқ,
Мен – түлкі-керіммін,
Мен – қасқыр-серімін.
Бәріміз тұратын көңілді,
Қажетті сәулетті көр үйді!

Үйге кірді Алдияр,
Оған қоса Мадияр,
Кейін келді Айдана,
Қанша болды бар бала?

Жарас



Осман

Артикулыциялық жаттығулар: Балықтар
Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суреті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

---

**Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** Көкөністер
**Мақсаты:** -тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлем мен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту;
-сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту.
**Күтілетін нәтиже:** көкөністердің адам ағзасына пайдалы дәрумендер беретінін суреттер арқылы ұғындыру
**Демонстрациялық материалдармен жұмыс**.
Педагог шағын мәтін құрайды. Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша. Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ. – Мынау не? – Мынау – жапырақ. – Жапырақ сары. – Жапырақ қандай? – Жапырақ сары. – Алтын күз. – Қандай күз?

**Жапсыру**

**Тақырыбы:** Көшедегі үйлер. Біздің үй.
**Мақсаты**: -архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту;
-балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру
**Күтілетін нәтиже:** ұшақпен баратын жеріне жылдам әрі үнемді баратынын түсіндіру

**Тапсырма.**Үйді бояп шық.



Ескерту: Қағаз, қайшы, желіммен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік ережелерімен таныстырамыз.

Тапсырма. Түрлі түсті қағаздан геометриялық

**Сауаташу негіздер**

**Тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстардың жасалуы.
**Мақсаты:** -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;
-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру
**Күтілетін нәтиже**: Дауыссыз дыбыстарға мысалдар келтіру

**Дидактикалық ойын:**
«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.
Көрнекілік: Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.
Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»

**3-тапсырма**

**Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** Жемістер
**Мақсаты:** -жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету;
-диалогке қатысуға үйрету;
-сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту;
-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
**Күтілетін нәтиже:**
жемістердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру

**Дидактикалық ойын:**
**«Дүкен» ойыны**.
Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді. Диалог: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Маған қияр беріңізші. – Алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін

**Қоршаған әлем**

**Тақырыбы:** Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?
**Мақсаты:** -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;
-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;
-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.
**Күтілетін нәтиже:** елімізде тіршілік ететін жануарларды білу

**Дидактикалық ойын:**
**Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар»**
қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар. Диалог:
Бала: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. т.б. Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Алтын күз. Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды<br><br>1-тапсырма. Көгеністерді тап. Ата. Олар қайда өседі? Өзіңе ұнаған көгеністі сипатта.<br>2-тапсырма. Жаңылтпашты жаттап ал.<br>Бақшада көп көгеніс,<br>Бақтарда да көп жеміс.<br>Өседі, піседі<br>Көп жеміс пен көгеніс.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. Балалар қайталайды.<br>Көгеністер- овощи<br>Бақша- огород<br>Дәмді- вкусно<br>Пайдалы- полезно<br>Қызылша свекла<br>Орамжапырақ- капуста | фигуралар сызып, қиып аламыз. Оны қағаз бетіне үй құрастырып жапсырамыз.<br><br> | <br>3. Тыңда, орында.<br>Партадағы саусақтар<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар<br>Сурет сала біледі.<br>Ортанғы мен сұқ саусақ<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға<br>Қоян да бола қалады.<br>**3-тапсырма.**<br><br>4. Нүктелер мен үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. | табады.<br><br>1-тапсырма. Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір.<br><br>2-тапсырма. Жаңылпашты жаттап ал.<br>Алма базардан<br>Алма алар ма?<br>Ақ алма алар ма?<br>Әлде алары анар ма?<br><br>Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. Балалар қайталайды.<br>Жемістер- фрукты<br>Өрік- абрикос<br>Анар- гранат<br>Құрма- хурма<br>Шабдалы- персик<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/view21344064 | болады<br> <br><br>Суретке қара. Суретші бейнеленген жануарларды ата. Олардың қайда тіршілік ететінін білесің бе? Өзіңнің өлкеңде тіршілік ететін жануарларды ата.<br><br>Тапсырма**.** Сызық арқылы ересек жануарларды балаларымен қос. Олардың қандай айырмашылықтары бар?<br><br>Тапсырма. Сызбаның көмегімен жабайы жануарлар туралы әңгіме құра. Олардың жыртқыш немесе шөпқоректі жануар екендігін айтуды ұмытып кетпе. |

**Күй күмбірі- үзіліс: Ойын: Саусаққа арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| Тауық шықты көшеге,<br>Ерді барлық шөже де.<br>Алға кетті 7-еуі,<br>Артта қалды 3-еуі.<br>Санай алмай барлығын<br>Есі шықты тауықтың.<br>Сен есепте, балақан,<br>Қанша еді балапан?<br><br>Әр қолына Нұриден<br>Төрт өріктен бердім мен.<br>Бала санай білмеді,<br>Неше өрік ол жеді?<br><br>Жарас |  | **Саусақ ойыны: « Құрттар»**<br>**Мақсаты:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>**Тіл дамыту жаттығуы**<br>1,2,3,4,5<br>Құрттар серуенге жүрді,<br>Бір уақытта қарға алдарынан шықты,<br>Басын шайқап иіле ,<br>-Менің түскі асым- деп,<br>Енді қараса құрттар жоқ.<br><br>Осман |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Қалай спортшы болуға болады?<br>**Мақсаты:**<br>-ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын,<br>салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>еңбекқорлық пен төзімділік берік болса мықты спортшы болатынын ұғындыру<br><br>**Қозғалмалы ойындар:**<br>**Доппен ойнау**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Біздің аспаптар.<br>**Мақсаты:** -ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру;<br>-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-әуеннің би сипатын сезіну,би қимылдарының элементтерін орындау;<br>-балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ халқымыздың аспаптарының суретімен таныстыру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Балбырауын» (Құрманғазы)<br>Ән айту:«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов) Билер: «Шабандоздар би» | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Менің сүйікті жануарларым<br>**Мақсаты:** -экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа, психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: өз ұнататын жануарларыңның суретін салу және баяндау<br><br>**Қозғалмалы ойындар:**<br>**Ойын шарты:**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 2-нұсқа:<br>Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі.Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады<br><br>**«Қораздар шайқасы» ойыны:** | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Күзгі серуен<br>**Мақсаты:** әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже**: Күзгі серуеннің кереметтігін айнала сары түске боялатынын суреттерден көрсету<br>**Музыка тыңдау**:<br>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы**: Дене қабілеттерін дамыту<br>**Мақсаты:** -денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру<br>**Күтілетін нәтиже:** денені үнемі шынықтырсаң денің сау болатынын түсіндіру<br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады.<br><br>**Қозғалмалы ойындар**<br>**Секіртпемен секіру ойындары.**<br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді<br><br>**«Арқа» ойыны:**<br>Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топтың мүшелері теріс қарап тұрып, аяқтарының арасымен допты екінші командаға бағыттайды. Одан кейін екінші команда қайталайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жібермеген команда ұтып шығады.<br>**Саптағы жаттығулар:**<br>а) Оңға! Артқа! Солға! Солға!<br>Жүру және оның түрлері:<br>а) қолды жоғары тік көтеріп,аяқтың ұшымен жүру<br>ә) қолды екі жаққа созып, өкшемен жүру<br>б) қолды белге қойып, сыртқы қырымен жүру<br>в) қолды белге қойып, ішкі қырымен жүру<br>Арнайы жүгіру жаттығулары:<br>а) аяқты артқа бүгіп жүгіру<br>ә) тізені жоғары көтеріп жүгіру<br>б) оң (сол) жақ қырмен тіркеле адымдап жүгіру<br>в) аяқтың ұшын созып, алдыға қайшы тәріздес жүгіру<br>г) жылан тәріздес жүгіру<br>Оқушыларды бір лекке тұрғызу:<br>а) 1,2,3,4 санал! | (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>**https://learningapps.org/view32545837** | Бұл ойын үшін алдын - ала мүмкіндігінше үлкен етіп, дөңгелек сызу керек. Қарсыластар бір аяқтап жүріп, дөңгелек ішінен бір - бірін итеріп шығаруы керек. Екінші аяғы жерге тисе, ол ойыншы ұтылған болады.<br> |  | <br>**Ұшты-ұшты ойыны:**<br>«Ұшты-ұшты». Жүргізуші түрлі құстардың атын атап, «ұшты-ұшты» деп қолдарын сермейді, барлық ойыншылар қайталап, қимылдар жасайды. Бір сәт жүргізуші: мысалы «сиыр» дейді; егер ойыншылардың біреуі қолын былғап қалса, ол қандай да болсын бір тапсырманы орындайды. |

<table>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td></tr>
<tr><td colspan="6">Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар</td></tr>
<tr><td>Тіл жаттығулары:<br>Үш бала.<br>Бір ауылда үш бала,<br>Олар – құрдас: үш жаста.<br>Бірақ, бірақ олардың,<br>Қылықтары үш басқа.<br>Біріншісі шыңқ етпе,<br>Тиіп кетсе, жылайды.<br>Екіншісі бір қоңыр,<br>Ақыл айтсаң, тулайды.<br>Үшіншісі – елгезек,<br>Бәрімізге ұнайды</td><td colspan="3"> </td><td colspan="2">Аз қимылды ойын: Ойын: «Кеме»<br>Мақсаты: Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Қажетті атрибуттар: ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.<br>Ойын шарты: Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады. Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады. Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады. Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.<br>Елнұр</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды үйге қайтару**<br><br>**«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка»**

**Мектепалды даярлық** О сынып

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **3-апта** 15-19 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю, шаңдарын сүрту | Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру . | Қоршаған ортаны қорғау оған мейірімен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю | Құрылыс ойындары «Үй жиһаздары», «Қуыршақтарға үй құрастырамыз». | Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем беру |
| **Таңертенгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені №1 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық** | **Жылулық сәті:**<br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұңайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім -дейді. | **Жылулық сәті:**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | **Жылулық сәті:**<br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | **Жылулық сәті:**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |

| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет | 1 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 3 саны және цифры. 4 саны және цифры<br>**Мақсаты:** -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету ,-заттарды санау дағдыларын жетілдіру,3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету,-зейін мен логикалық ойлауды дамыту,есте сақтау,сөйлеу,назар аудару дағдыларын дамыту. қалыптастыруды жалғастыру<br>**Күтілетін нәтиже**: 3 саны мен 4 санын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>**Дидактикалық ойын:**<br>4-тапсырма. Жолақты бастырып сыз.<br><br>5-тапсырма. Музыкалык дукенде сатылатын заттарды коршап сыз. Сана. Олардың саны канша? | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дауысты дыбыстар.<br>**Мақсаты:**сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже**: дауысты дыбыстарды ажырата білу, сөз құрау.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>**Саққұлак**<br>Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және т. б.<br>Ойын барысы:Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br>**1-тапсырма.** Суретке қара. Дауысты дыбыстан басталатын сөздерді қызыл үйге орналастыр. Сызықпен қос. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 3 саны және цифры.<br>4 саны және цифры.<br>**Мақсаты:** -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтіллетін нәтиже**: 3 саны мен 4 санының құрамдарымен танысу және жаза алу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Тапсырма.** Суретке кара. Канша бала және канша конжық екенін сана. Уяшықта сонша нукте сал..<br><br><br>Тапсырма. Заттарды сәйкес келетін нүктелермен қосып | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 5,6 сандары және цифрлары. 5-ке дейін санаймын.<br>**Мақсаты:** -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрену;-заттарды санау дағдыларын дамыту;5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрену;<br>**Күтілетін нәтиже**: 5 саны мен 6 санын тани алу және жазу үлгісін дәптерге жаза білу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма- шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Тапсырма.** Суретке қара. Мына отбасында неше адам барын сана. Қанша мысық бар, сонша нүкте сал.<br><br>Тапсырма. Артық затты тап. Коршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір.<br><br>3-тапсырма. Цифрлардың үстіне саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дауысты дыбыстарды бекіту.<br>**Мақсаты**:- сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Дауысты ,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:дыбыстарды екіге бөлінетінін және мағыналарын түсіндіру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>1-тапсырма.Суреттердің атындағы дауысты дыбыстарды ата.<br><br>2-тапсырма. Дауысты дыбыстан басталатын суреттерді белгіле.<br><br>3-тапсырма. Тында орында. Саусақтарды қайшылап, Қағаздарды қиямыз. Қиып- қиып аламыз. Біз көңілді баламыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>Тапсырма: Жеке жұмыс.<br>Суретке қара. Қанша қыз, қанша ит екенін сана.<br>Үкіметүйінен сонша нүкте боя<br><br><br>3-тапсырма. Заттарды саны қарай тиісті цифрмен және нүктемен сызып қос.<br><br>4-тапсырма. 2 және 3 санын тауып, қоршап сыз. Оларды боя.<br><br><br>Тапсырма. Цифрлардың үстіне саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса<br> | <br><br>**2-тапсырма.** Өлеңді тыңда.<br>Кім туралы айтылған? Осы сөз қандай дыбыстан басталады?<br>Күлімдеген көзіңнен<br>Күн мейірімі сезілген.<br>Бұл жалғанда балаға<br>Жақын жан жоқ өзіңнен.<br>(Ә.Дүйсенбиев)<br><br>3-тапсырма. Тыңда, орында.<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін бірі көреді.<br>Бір біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады.<br>4-тапсырма. Жеке жұмыс<br>Үзік сызықтарды бастыр.<br>. <br><br>**ЖИ тапсырма**<br>[https://learningapps.org/view3918471](https://learningapps.org/view3918471) | сыз.<br><br><br><br>Тапсырма. Цифрлардың үстіне саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.<br><br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс. Барлығы неше жидек, неше көкөніс болды?<br> | <br><br>4-тапсырма. Суреттен 4 және 5 сандарын тауып, боя.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Суреттегі заттардың қанша? Неше? Екендігін санап жаз.<br> | 4-тапсырма. Үзік сызықтарды бастыр.<br><br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br> |

**Үзіліс-күй күмбірі: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар! |  | **Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.<br>**Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа |

| | | |
|---|---|---|
| Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>Мына жерде құрт бар,<br>Мына жерде май бар.<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық!<br>Осман |  | қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады<br>Жарас |

| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Күз бояуы<br>**Мақсаты:** -балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесі, -өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту, күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: күз мезгіліндегі болатын жағдайды әңгімелей алады.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Кім алғыр?**<br>Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.<br>Қажетті құралдар: Ойыншықтар: қуыршақ, аю, мәшине.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші үстінде ойыншықтары бар үстелдің жанында отырады. Бала одан 2 – 3 метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тыңда» :<br>-Аюды ал және мәшинеге отырғыз.<br>-Аюды мәшиненің ішінен ал.<br>-Мәшинеге қуыршақты отырғыз.<br>-Қуыршақты мәшинемен қыдырт.<br>Бала бұл тапсырмаларды естуі, түсінуі және орындауы қажет. | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Тақырыбы:**Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?<br>**Мақсаты:** -саңырауқұлақтың кейбір жеугге жарамды және улы түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру,<br>-балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрену.<br>**Күтілетін нәтиже:** саңырау құлақтың суретін сала отырып адамға қандай дәрумен беретінін білу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>**Сыңғыр - сыңғыр**<br>Мақсаты: Кеңістікте бағдарлану, дыбыс бағытын анықтай білу, есту қабілетін бағыттауды дамыту.<br>Қажетті құралдар: Қоңырау.<br>Ойын барысы: Бала көзін жұмады, ал тәрбиеші тым-тырыс оның жанына (сол, оң, артынан) келіп қоңырауды сылдырлатады. Бала көзін ашпай дыбыстың, қайдан шыққан бағытын анықтауы қажет. Егер бала қателессе, онда тағы шешеді. Ойынды 4 – 5рет қайталайды. Баланың көзін ашпауын қадағалау керек. Бала дыбыс қайдан шықты, сол жерге бетімен бұрылып, дыбыстың бағытын көрсете білуі керек. Қоңырауды баяу сылдырлату керек.<br>Суретті боя. Жеке жұмыс. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі)<br>**Мақсаты:** -ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрену,-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту,<br>-ертегі арқылы балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Не істеу керек, табамыз**<br>Мақсаты: Есту зейінін жұмылдыра білуін дамыту.<br>Сылдырмақтың дыбысымен өзінің қозғалысының арақатынасын белгілеу, қозғалыс сәйкестігін дамыту.<br>Қажетті құралдар: Сылдырмақ, екі жалауша.<br>Ойын барысы: Баланың қолында екі жалауша бар, егер тәрбиеші сылдырмақты қатты сылдырлатса,онда бала жалаушаларды жоғары көтереді және бұлғайды. Егер сылдырмақ ақырын сылдырласа, онда жалаушаларды төмен түсіреді. Мұнда балалардың дұрыс тұруын және қозғалыстарының дәл орындалуын қадағалау | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы.** Күз бояуы<br>**Мақсаты:** -балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесі,-өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту,күздің жомарт,мырза екенін айтып,мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** күз мезгіліндегі болатын жағдайды әңгімелей алады.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>Дидактикалық тапсырма:<br>**Бип, бип, пыш**<br>Мақсаты: Еліктеу бойынша дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту.<br>Қажетті құралдар: Паравоздың суреті.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші өлеңді оқиды, ал балалар бірінен соң бірі тізбектеліп паравоздың қимылын жасайды. Сосын еліктеу сөздерін қайталап айтады.<br>Бип, бип, пыш.<br>Мен паравоз алам.<br>Саяхатқа бет алам,<br>Бірте-бірте тездейміз,<br>Тез жетуді көздейміз.<br>Бип, бип, пыш. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі)<br>**Мақсаты:** -ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау,қисынды мазмұндауға үйрену,-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану,еңбек дағдыларын дамыту,--ертегі арқылы балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>**Дидактиалық/ойын**<br>**Немен ойнап отырмын, тапшы?**<br>Мақсаты: Тұрақты есту қабілетін дамыту, дыбысталуы бойынша аспаптарды айыра білу.<br>Қажетті құралдар: Дабыл, сылдырмақ, сырнай және т. б.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші балаға кезекпен музыкалық аспаптарды көрсетіп, олардың атауларын нақтылайды және олардың дыбысталуымен таныстырады. Тәрбиеші балалардың аспаптар атауларын ұғып және дыбысталуын есте сақтағанына көз жеткізгеннен кейін, аспаптарды қалқанның артына жинайды. Онда тәрбиеші әртүрлі аспаптарда ойнауды жалғастырады, ал бала дыбысы бойынша анықтайды.<br><br>Қайталау: Ертегі мазмұнын есіне түсіріп қайталайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапсырмалар қысқа және жеңіл, ал айтылуы ақырын, бірақ айқын болу керек.<br>Тапсырма: Күз мезгілінде қандай жағдайлар орын алады. Әңгімеле.<br><br><br>Тапсырма: сатып алуға болатын заттарды көк, сатып алуға болмайтын заттарды қызыл түспен белгіле.<br><br>Тапсырма: Жеке тапсырма. Күз мезгілін сипатта.<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Күзде жасыл ағаштар қандай түске боялады?<br>-Күзде пісетін қандай жеміс түрлерін білесіңдер?<br><br>Тапсырма: Күзгі киім. Ұяшықтардағы суретте адамдар жылдың әр мезгілінде киетін киімдер бір-бірімен қиылысып бейнеленген. Мұғалім баладан қандай киім киетінін сұрайды, күзгі киімдерді тауып, үлгі бойынша айтуды сұрайды *(Күзде жүннен жасалған қалпақ, резеңке етік немесе етік, күртеше киемін).* Мұғалім бұл киімнің күзде не үшін киілетінін түсіндіреді. |  <br>1-тапсырма. Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды жасыл, жеуге жарамсыздарын қызыл карандашпен қорша. Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды ата.<br><br>2-тапсырма. Суретте қандау саңырауқұлақтар жасырынып тұр? Оларды санай аласың ба?<br><br>3-тапсырма. Фотосуреттерді қара. Бұларды неліктен орман жидектері деп атайды? Ойлан. Оларды жеп көрдің ба? Дәмі қандай?<br><br>Есіңе сақта!<br>Барлық жидектерді жеуге болмайды. Бөріқарақат пен қарғакөз- улы жидектер.<br><br>Сен білесің бе!<br>Жидектер жарықты, ал саңырауқұлақтар жарықты да, көлеңкені де жақсы көреді. | маңызды.Бала жаттығуды жеңіл орындау үшін, сылдырмақтың қатты және ақырын дыбысталуын кемінде 4 рет алмастыру қажет.<br><br>**1-тапсырма**. Суретте қай ертегі бейнеленген? Шаруа аюға не айтып тұр? Ойыңды білдір. Ертегі арқылы қандай ой түйдің? Ертегі қалай аяқталады? Ертегідегі адам мен аюдың іс-әрекетін салыстыр.<br><br><br>Тапсырма. Ертегі мазмұнымен толық танысады. | Көп қаладан өтеміз.<br>Қызықтарға жетеміз,<br>Бип, бип, пыш.<br>Гук пыш,<br>Гук, пыш паравоз.<br>Мықты болсаң басып оз,<br>Қызық болды кеп қалдық,<br>Енді жайлап тоқтаймыз,<br>Бип, бух, пыш.<br>Балалардың сөз тіркестерін дұрыс айтуын қадағалау.<br><br>Тапсырма: Жеке тапсырма: Күз мезгілін бояп түс береміз.<br><br>Тапсырма: "Сөз-қимыл". Мұғалім балаға "сөз-қимыл" нені білдіретінін еске салады. Суретте не бейнеленгенін сұрайды. Бала сөйлемдер құрастырады, ересек адам оның назарын іс-қимыл сөздеріне аударады *(Жаңбыр жауады, жаңбыр жауады, тамшылайды).* | **2-тапсырма.** Суреттегі заттарды ата. Шаруаның құралын қоршап сыз.<br><br>**3-тапсырма.** Жұмбақты шеш.<br><br><br>Мұғалім балаларға жұмбақ жасырады:<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны. Ол не?<br><br>. |
| **Үзіліс- күй күмбірі: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br><br>Елнұр |  <br> Осман | **Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**<br>**Қысқыштармен ойналатын ойын**<br>**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>**«Жаңғақтармен ойын »**<br>**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.<br><br>Жарас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Мектеп қызметкерлері. Менің ойыншықтарым<br>**Мақсаты:** -мектептегі қызметкерлерінің атын білу, карапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету;<br>сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** мектепте кімдер жұмыс атқарады,сол адамдарды құрметтеп сәлем беруді ұмытпау<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>**Тапсырма.** Мектеп қызметкері дегеніміз кімдер? | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Ұшақ<br>**Мақсаты:** -құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;<br>-ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту;<br>-өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** әр оқушыға өзі тұратын көшенің үйлерін біле отырып нешінші үйде тұратынын айта білу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін | **Сауаташу негіздер**<br>**Тақырыбы.** Жіңішке дауысты дыбыстар<br>.**Мақсаты:** -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже:** жіңішке дауысты дыбыстарды білу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Зейінді бол**<br>Мақсаты: Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.<br>Қажетті құралдар: биік және | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Алтын күз. Менің сүйікті ойыншығым.<br>**Мақсаты:** -күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>-жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. -қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** күз мезгіліндегі ауа райында болатын құбылыстарды білу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:**<br>Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы | **Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Тақырыбы:** Жыл мезгілдері: жаз, күз, қыс, көктем. Белгілері.<br>**Мақсаты:** -балалардың нанның дастарханға келлу жолы туралы түсініктерін жетілдіру;-танымдық-ізденістік жұмыстарға талпынысын күшейту;<br>**Күтілетін нәтиже:** жыл мезгілдерді ажырата алады<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Өз үйіңді тап**<br>Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.<br>Қажетті құралдар: түрлі-түсті дөңгелектер.<br>Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. |




**Дидактикалық ойын:**
**Сиқырлы суреттер**
Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.
Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.
1-тапсырма. Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер.
-Мынау кім?
-Ол не істейді?

Жеке жұмыс.
Тәрбиеші- воспаитатель
Меңгеруші- заведующий
Аспаз- повар
Дәрігер- врач

**Менің ойыншықтарым**
1-тапсырма: Ойыншықтарды ата. Өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта.

2-тапсырма: Тыңда. Таныс сөздерді тап, ата.
Аю, қасқыр, жолбарыс,
Арыстан мен піл, барыс-
Ойыншықтар, тұрыңдар,
Ойын- сауық құрыңдар.

зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу
**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы

Тапсырма. Қағаз бен қайшымен жұмыс жасағанда ескерілетін қауіпсіздік шараларын түсіндіреді.

Тапсырма. Жай ақ қағаздан немесе түрлі түсті қағаздан, не конструктордан ұшақ құрастырады.



Тапсырма. Жеке жұмыс.
Ұшақ бояп шық.





аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.
Ойын барысы: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.

**1-тапсырма.** Суреттегі заттарды атындағы жіңішке дауысты дыбыстарды ата.



**2-тапсырма.** Жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын суреттерді белгіле.



3-тапсырма. Тыңда, орында.
Саусақтарды қайшылап,
Қағаздарды қиямыз.
Қиып- қиып аламыз,
Біз көңілді баламыз.

4-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр.

5-тапсырма: Үзбей сызып шық



**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу
**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы

1-тапсырма.Суретке қарап, сөйлем құра. Күзде қандай өзгерістер болады? Ата.

2-тапсырма. Жаттап ал.
Алтын, сары, қызыл, көк-
Алуан- алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады.

1-тапсырма. Өзіңнің сүйікті ойыншығыңның суретін сал. Қысқа мәтін құра.

**Менің сүйікті ойыншығым**.

2-тапсырма. Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір.

3-тапсырма. Жеке жұмыс.
Біздің ойыншықтарымыз- наши игрушки
Ойын бұрышы- игровой уголок
Таза- чистый

Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылжам тауып, тұра қалу.
Тапсырма
Жыл мезгілдерін ата.




Тапсырма. Жыл мезгілінде болып тұратын құбылыстарды атап бер.




Тапсырма. Қазір қандай жыл мезгілі? Бұл жыл мезгілі саған ұнайды ма? Неге?

Тапсырма. Жеке жұмыс.



## Үзіліс- күй күмбірі: Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар

| | | |
|---|---|---|
| **Тілді дамыту тақпақтар**<br>Топ, топ, добым.<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап | <br> <br>**Жарас**<br>**Осман** **Елнұр** | **Ойын: «Тығылыспақ»**<br>**Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту**<br>**Жасы: 5-6 жас аралығы**<br>**Қажетті заттар:**<br>**Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ........(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.** |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Бадминтон, футбол<br>**Мақсаты:**<br>-спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: ойын барысында ойынның шартын біледі<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Доппен ойнау**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар | **Музыка**<br>**Тақырыбы**:Көңілді ырғақтар.<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту;<br>-көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту<br>**Күтілетін нәтиже:** адам миына жағымды музыкалар тыңдай отырып көңілді жүру<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:**<br>Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Күзгі орманда<br>**Мақсаты**: -қозғалыс мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту,-азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.<br>**Күтілетін нәтиже**: орманда күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын әңгімелесу барысында білу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Ойын шарты:**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы 2-нұсқа: Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Көңілді ырғақтар.<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту;<br>-көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Музыка тыңдау**:<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев),<br>«Полька» (М. Красев),<br>«Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы**: Ұлттық ойындар (таза ауада)<br>**Мақсаты:**-ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,комуникативтік құзіреттіліктерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** ұлтық ойындардың атын және шарттарын білу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br><br>**Тапсырма .** Футбол ойынындағы ойын шарттарын білесің бе? | Құнанбайұлы<br><br>**Музыка тыңдау**:<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)<br>**Билер:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Ән салған кім?»<br>(А. Райымқұлова)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі.Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады<br> | (М. Омаров)<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)<br>**Билер:**<br>«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)<br>  | <br><br>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес*** | ***Ата –аналарға кеңес*** | ***Ата –аналарға кеңес*** | ***Ата –аналарға кеңес*** | ***Ата –аналарға кеңес*** |
| **Серуенге дайындық** | Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарынан бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарынан бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етуге қажетті шарттарын үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарынан бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | - баламен жағымды эмоционалдық жағдай жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

Тіл жаттығулары:

***Ар-араар***

Санамақтар.

Бессаусақ.

Ал санайық санамақ,
Саусақтарға қарап ап,
Кәне-кәне санайық,
Санын біліп алайық.

Біреу, 2, 3, 4, 5-еу,
Қолымда сонда саусағым нешеу?

Мынау, мынау, бас бармақ,
Санамақ содан басталмақ.
Мүйіз қалпақ басында,
Төрт серігі қасында.







Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: КММ «ЖББ Исаковка».
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 08-12 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады | Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру | Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады. | Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек. | Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. |
| Таңертеңгі жаттығу | Таңғы жаттығу кешені №1 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке ддайындық | Жылулық сәті: Апам мені «Айым» -дейді, Мен мұңайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып,қуанып, Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті: Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер, Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | 1-ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру **Мақсаты:** дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; -«біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу; | **Сауаташу негіздері** **Тақырыбы:** Сөз.Сөздің мағынасы. **Мақсаты:** сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; -сөйлеу тілін жетілдіру. Дауысты, дауыссыз дыбыс | **Математика негіздері** **Тақырыбы**: 1 саны және цифры. 2 саны және цифры **Мақсаты:** -«бір» және «көп» ( «бірнеше») терминдерін енгізі; -1 және 2 сандарымен таныстыру; -заттарды санай алуға; сандардың | **Математика негіздері** **Тақырыбы**: 1 саны және цифры. 2 саны және цифры **Мақсаты:** -«бір» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; -1 және 2 сандарымен таныстыру; -заттарды санай алуға; сандардың | **Сауаташу негіздері** Тақырыбы: Дауысты дыбыстар Мақсаты:- сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; -сөйлеу тілін жетілдіру. Дауысты,дауыссыз дыбыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: сандардың көп немесе аз сөзінің мағынасын ұғындыру<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**1-тапсырма**<br><br>**2-тапсырма.** | ерекшелігін түсіндіру<br>**Күтілетін нәтиже**:балалар сөзді ажырата алып мағынасына аса назар аударту.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**1-тапсырма** | айтылу реттілігін үйрету;<br>-заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету;<br>-сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту;<br>-қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**күтілетін нәтиже**:1 және 2 санның жазылуы мен айтылуына мән беру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Сөздік ойын:**<br>1-тапсырма. бір-бірден керсетілген заттарды белгіле. Суретте канша зат болса, уяшыкта сонша нүкте салыңдар. | айтылу реттілігін үйрету;<br>-заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету;<br>-сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту;<br>-қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**күтілетін нәтиже**:1 және 2 санның жазылуы мен айтылуына мән беру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**3-тапсырма.** 1 цифырын тауып, коршап сыз. Оны боя. | ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже**: дыбыстарды екіге бөлінетінін және мағыналарын түсіндіру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>.<br> |



4-тапсырма




ЖИ сілтемесі
https://learningapps.org/watch?v=pcmac40nn25



**2-тапсырма**



**3-тапсырма**






2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.



ЖИ сілтемесі
https://learningapps.org/watch?v=p80e40vz525



**4-тапсырма.Суретке қара. Артық затты қоршап сыз.**



**3-тапсырма**




**Үзіліс- Күй күмбірі: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

**БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**
Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
**А-а-а-а-а-а**
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
**Мә-ә-ә-ә-ә**
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
**Мө—ө-ө-ө**





Ойын: *«Допты қуып жет»*
Мақсаты: Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.
Ойынның шарты:
Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.
Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

Елнұр, Жарас

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | **Тілді дамыту**<br>**Тақырыбы.** Менің сүйікті ойыншығым.<br>**Мақсаты:** ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету;<br>-сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту;<br>-ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ойыншық ойнау арқылы ой өрісін дамыту.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:** Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім! | **Қоршаған әлем**<br>**Тақырыбы.** Табиғатта не өзгерді?<br>**Мақсаты:** -күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап,бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге;себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету;<br>-тәжірибелік-тәжіриеалдық жұмысқа деген қызығушылығын ояту,бақылау нәтиелерін салыстыру,талдау,және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау.<br>**Күтілетін нәтиже:**жапырақтар сарғайып күн суыта бастағанын әңгімелеу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:** Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Кішкентай бағбан. (әңгімелеу)<br>Мәдіхат Төрежанов **Мақсаты-** әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**бағбан деген табиғатты көріктендіруші,үлес қосушы екенін білу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:** Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру | **Тілді дамыту**<br>**Тақырыбы.** Менің сүйікті ойыншығым.<br>**Мақсаты:** ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету;<br>-сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту;<br>-ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ойыншық ойнау арқылы ой өрісін дамыту.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім! | **Көркем эддебиет**<br>**Тақырыбы:** Кішкентай бағбан. (әңгімелеу)<br>Мәдіхат Төрежанов<br>**Мақсаты-** әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**бағбан деген табиғатты көріктендіруші,үлес қосушы екенін білу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш<br>**1**-тапсырма<br>**Екі баланың неге таласып жатқанын әңгімелеу**.<br><br>ЖИ сілтемесі<br>https://learningapps.org/watch?v=pyuomk60325 | қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Зейінді бол**<br>Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.<br>Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші (екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы) суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.<br> | **Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>1-тапсырма. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Балалар қайда жүр?<br><br>2-тапсырма.Сәйкес суреттерді сызып қос. Қай сурет тақырыпқа сай келеді?<br><br>3-тапсырма. Жеке жұмыс. Ауланда, үйінде қандай жеміс ағаштары бар? Жеміс ағаштарына қандай ағаштар жатады? Оларды ата. | **«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету).<br><br><br>**"Қатені тап" дидактикалық ойыны**<br>Міндеттері: көп буынды сөздерді анық дауыстап айтуға үйрету, есту зейінін дамыту.<br>Ойын барысы: Мұғалім ойыншықты көрсетіп, осы жануар шығарады деп болжанған қасақана дұрыс емес әрекетті атайды. Балалар бұл дұрыс па, жоқ па деп жауап беруі керек, содан кейін бұл жануардың іс жүзінде жасай алатын әрекеттерін тізімдеуі керек. Мысалға: "Ит оқиды. Ит оқи алады ма?" Балалар: "Жоқ" деп жауап береді. Ал ит не істей алады? Балалар тізімдейді. Содан кейін басқа жануарлар шақырылады. | қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Дидактиалық/ойын**<br>3-тапсырма. Мақалды жаттап ал.<br>Еңбекпен тапқанның<br>Шекер балдан тапқаның<br><br>4-тапсырма. Тақырыпқа сай түрлі сызбаларды көрсету арқылы бағбан жылдың қандай мезгілінде көбірек жұмыс жасайды?<br><br>5-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Сен қандай жемісті ұнатасың?<br>Не үшін ұнатасың?<br>Суретін салып, түстерін сәйкестендіріп боя.<br>. |

Үзіліс-Күй күмбірі: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»

| | | |
|---|---|---|
| **Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. |  | Ойын: «Күн мен жаңбыр»<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты:Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл аланда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез |

| | | |
|---|---|---|
| Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>Мына жерде құрт бар,<br>Мына жерде май бар.<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық! | <br>Жарас | үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды<br><br>Осман |

**3-ұйымдастырылған әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Біздің сынып<br>**Мақсаты:** -не? нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>-игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру..<br>**Күтілетін нәтиже:** бала сабақты сыныпта отырып оқу арқылы бөлменің маңыздылығын түсіну.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Жеміс бағында<br>**Мақсаты:** -пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,жемістерді мүсіндеу;<br>-бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту;<br>-балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** жеміс жиддектердің суреттерін сала отырып аттарына аса назар аударту.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау | **Сауаташу негіздер**<br>**Тақырыбы.** Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?<br>**Мақсаты:** - сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауысс ыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру<br>**Күтілетін нәтиже:** дыбыс арқылы сөз шығатынын балаға мысалдар арқылы көрсету.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру | **Қазақ тілі**<br>Тақырыбы: Біз балабақшада не істейміз? Мектепте не істейміз?<br>**Мақсаты:** -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету,шағын мәтіндер құрау үйрету;<br>-сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** бала-бақша мен мектептің айырмашыығын түсіндіру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу | **Қоршаған әлем**<br>**Тақырыбы:** Нан қайдан келді?<br>**Мақсаты:** -балалардың нанның дастарханға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру;<br>-танымдық-ізденістік жұмыстарға талпынысын күшейту.<br>**Күтілетін нәтиже:** біздің жеп жүрген нанымыздың қалай келетінін түсінддіру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>**Сиқырлы суреттер**<br>Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.<br>Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды.<br>Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br><br>Тапсырма: Суретке қарап, сұраққа жауап бер.<br>Топта не бар?<br>Мынау не? Заттарды жекеше, көпше түрде ата.<br><br>Мұғалім оқиды. оқушылар қайталайды.<br>Жеке жұмыс.<br>Топ- группа<br>Ойын бұрышы- игровой уголок<br>Ұйықтайтын бөлме- спальня<br>Табиғат бұрышы- уголок природы | Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>Балаларға рмексаздан жеміс жидектерді мүсіндетіп үйрету.<br>Жасаған жұмыстарын мақтап мадақтап сынып безендіру шкафына салып қою.<br> | Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**1-тапсырма.**<br><br>**2-тапырма.**<br><br>**3-тапсырма.**<br> | Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>Тапсырма: Суретке қарап сұрақтарға жауап беру арқылы әңгіме құрастыр.<br>-Неге бұнда кітаптар көп?<br>-Бұл қай жер деп ойлайсың?<br>-Балалар бұнда не істейді?<br><br>1-тапсырма<br>Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмелерінің айырмашылықтары.<br>Тапсырма.<br>Суретке қара. Балалар не істейді? Сөйлемдер құра.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. оқушылар қайталайды.<br>Жаттығу жасайды- делаем зарядку<br>Тамақ ішеміз- кушаем<br>Ән айтамыз- поем<br>Би билейміз- танцуем<br>Сурет саламыз- рисуем<br>Серуенге барамыз- гуляем | Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>1-Тапсырма. Суреттерге қара. Бидайды қалай өсіретінін әңгімеле. Дәнді дақылдарды өсіруге қатысатын мамандық иелерін білесің бе? Бидайды қандай көлікпен жинайды?<br><br>Жеке жұмыс. Жақсы өнім алуға не кедергі жасайды? Ойлан. Айт.<br><br>2-Тапсырма. Ұннан дайындалған азық- түлікті карандашпен сызып қорша<br><br>3-Тапсырма. Егін ортаны машинаны белгіле. Ертеде адамдар егінді қандай еңбек құралымен орған?<br><br>Есіңде сақта!<br>Ас атасы – нан.<br><br>ЖИ сілтемесі<br>**https://learningapps.org/watch?v=pm318rhtn25** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Демаламыз- отдыхаем<br>Ұйықтаймыз- спим | |
| **Үзіліс- Күй күмбірі ойнайды: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»** | | | | | |
| Топ, топ, добым.<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап | <br> | | | **Ойын: « Көбелектер бақалар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.<br>**Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.<br>Елнұр, Жарас | |
| **4-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Күлкі сыйла<br>**Мақсаты:**<br>-бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.<br>**Күтілетін нәтиже**: балалармен дұрыс қарым-қатынас сыйлап жаттығу жасау.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары-**ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Нота үйренейік.<br>Мақсаты: -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>-әннің сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.Музыка сипатын ашық ырғақты,ширақ жүріспен беру.<br>**Күтілетін нәтиже**:әуендегі дыбыстар нота арқылы дыбысталаттынын түсіндіру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Біз күшті ержүрекпіз.<br>**Мақсаты**: салауатты өмір салтын сақтауға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже**:денсаулықты күту,сортпен шұғылдану<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Нота үйренейік.<br>Мақсаты: -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>-әннің сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.Музыка сипатын ашық ырғақты,ширақ жүріспен беру.<br>**Күтілетін нәтиже**:әуендегі дыбыстар нота арқылы дыбысталаттынын түсіндіру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы**: Мен ойнағанды жақсы көремін.<br>**Мақсаты** : кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту,қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** шынығa білу,айналаңа пайдалы болу<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**<br>**Құндылықтар:**еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>**«Мұқият бол» ойын жаттығуы**.<br>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу.<br>Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау.<br>Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br><br> | **Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>**Музыка тыңдау**:<br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).<br>Ән айту:«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),<br>«Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>Билер:«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау: | **Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).**<br><br>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында<br>**Доппен ойнау**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** | туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>**Музыка тыңдау**:<br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).<br>Ән айту:«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),<br>«Білімің – бұлағың»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>Билер:«Жұптасу биі»<br>(чех халық әуені)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br><br> | Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!<br><br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады.<br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.<br><br>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді<br> |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>
</td><td>
</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету)</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету)</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>(Өз-өзіне қызмет ету)</td></tr>
<tr><td colspan="6">Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар</td></tr>
<tr><td colspan="2">Серуен<br>Тіл жаттығулары:<br>Ар-арaар<br>Түрлі түсті шар<br><br>Ма-ма—ма<br>Бақшадағы алма</td><td colspan="2">
</td><td colspan="2">Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»<br>Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.<br>Қолданатын көрнекіліктер: Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.<br>Ойын шарты:<br>1-ші нұсқа. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.<br>2-ші нұсқа. Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.<br>3-нұсқа. Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.<br>Елнкр, Жарас</td></tr>
<tr><td>Балаларды үйге қайтару</td><td>«Өнегелі 15минут»<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу</td><td>«Өнегелі 15минут»<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</td><td>«Өнегелі 15минут»<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз,</td><td>«Өнегелі 15минут»<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</td><td>«Өнегелі 15минут»<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | белдеушесіз. | | туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы..КММ «ЖББ Исаковка»....................................
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы  5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі  1-апта  01-05 қыркүйек  2025-2026 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Сәрсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабыылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме:  «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады | Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру | Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады. | Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек. | Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. |
| Таңертеңгі жаттығу | Таңғы жаттығу кешені №1 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Жылулық сәті: Апам мені «Айым» -дейді, Мен мұңайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім-дейді. | Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып,қуанып, Достарымен бір жүреміз | Жылулық сәті: Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. | Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер, Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйыымдастырылған іс-әрекет | 1-ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Кеңістікте бағдарлау Қағаз бетінде бағдарлау **Мақсаты:** -қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, төменде, оң жағында, сол жағында) қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, | **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Дыбыс **Мақсаты:**-сөз және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жазу кезінде арқаны  және қолдарды дұрыс ұстау | **Математика негіздері** **Тақырыбы**: «Біреу-көп» **Мақсаты:** -«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту **күтілетін нәтиже**:бір зат пен көп затты ажырата | **Математика негіздері негіздері** **Тақырыбы:** Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру **Мақсаты:** дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; -«біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу; | Сауаташу негіздері Тақырыбы: «Сөз» Мақсаты:-балалардың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.Есту қабілеттерін жетілдіру; -танып білуге деген қызығушылығын арттыру. **Күтілетін нәтиже**:ауызша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төмен, ортасы, оң жақ, сол жақ) дағдыларын дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:Санай алу,кері санау<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>**Сөздік ойын:**<br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.Ит қай жерде отырғанын айт.Үйшіктің алдында отырған иттің жанына доптың суретін сал. | ережелерімен таныстыру, қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту. Қағылездіілікке, бастаған істі аяқтай білуге баулу;<br>- шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:балалар есімдерін қысылмай айта білу,еске сақтай білу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**1-тапсырма** | білу,мысалдар келтіру<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>1-тапсырма. 1.<br>2-тапсырма.<br>Бастырып сыз. Б1р сыйлык,ты банттыц туандей ет1п боя. ^ Боялмаган к;анша сыйлы!^ калды?<br> | -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтіллетін нәтиже**: сандардың көп немесе аз сөзінің мағынасын ұғындыру<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**1-тапсырма.**<br><br>**2-тапсырма.** Карточкаларда к,андай тустг! заттардыц бейнеленген1н ата. Оларды сондай тустег! шаршымен сызып к,ос. Эртурл! тустеп заттар к;анша? Сана | сөйлемдерді саптай білу,жазбашада қаламсапты ұстай білу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br><br> | <br><br>**2-тапсырма**<br><br><br>**3-тапсырма**<br><br> | <br> |  | <br> |
| **Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Жүретін шаршы»** | | | | | |
| Баланың тілін дамытуға арналған ойындар:<br>**Мақсаты:** Балалардың тілдік қоры жетіліп, ойлау қабілетін дамиды. Бұл ойын маңызды роль атқарады. Тілдері дамиды.<br>Та – та – та Ақ сақалды ата<br>Е – е – е Ақ жаулықты әже<br>Ке – ке – ке Асқар таудай әке<br>На – на – на Мейірімді ана | |  | | **«Жүретін шаршы»**<br>Мақсаты: байқампаздыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: бор<br>Барлық ойнаушылар шаршымен тұрады (шаршының ішіндегі барлық кеңістік мүмкіндігінше тығыз болуы үшін), тіпті олар сыйуы тиіс шаршыны алдын ала сызуға болады. Содан кейін жетекші команда береді, ал шаршы оларды орындайды, мысалы: - шаршы солға кетті; - шаршы солға қарай жүреді; - шаршы отырады- шаршы айқайлап, бәрі бірге отыруға тырысады | |
| | **Сөйлемді дамыту**<br>**Тақырыбы.** Кел, танысайық! (Балабақшадағы,мектептегі алғашқы күн)<br>**Мақсаты:** -балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету;<br>-мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту;баланы ұқыптылыққа | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы.** Заттардың адам өміріндегі маңызы.<br>Не неден жасалады?<br>**Мақсаты:** балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру;<br>-қандай материалдардан жасалынатыны және олардың сапасы жайлы | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Білімің – бұлағың. (өлеңмен танысу)<br>Ақылбек Шаяхметов<br>**Мақсаты**-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен | **Сөйлемді дамыту**<br>**Тақырыбы.** Менің досым.<br>**Мақсаты**-суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту;<br>-бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту;<br>-достыққа деген адалдыққа, сенімділікке | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы.** Білімің – бұлағың. (өлеңмен танысу)<br>Ақылбек Шаяхметов<br>**Мақсаты:**- өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** оқу жылының алғашқы күнін сезіну, жақсы көңіл күймен бастау<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>**Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, | түсінігін кеңейту<br>**Күтілетін нәтиже:**бала-бақша мен мектепті тану,өзін ересек екенін сезіну<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Кім жылдам?** ойыны<br>Бал-бақша мен мектепте кездесетін заттардан құралған суреттер беріледі. Сол суреттерден бала екі қатарға заттарды бөліп , түсіндіреді.<br>Балаларға жас бала мен үлкен мектепте кездесетін жағдаяттарды баяндайды | таныстыру;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту;<br>-балабақша және мектеп қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**білімді ұғыну ,білу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>1-тапсырма. Суретке қарап өз ойыңды айт.<br>Балаларды кім қарсы алды?<br>Баллалардың көңіл күйі қандай?<br>2-тапсырма.Суреттегі жалпы және жеке атауын ата. | тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** досқа адал болу,сыйлау<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>**«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету). | таныстыру;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту;<br>-балабақша және мектеп қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** алғашқы күздің бірінші күні білім күні екенін атап өту,күздің тіршілігімен танысу<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Дидактиалық/ойын**<br>3-тапсырма. Сөмкеге не салу керек? Белгіле<br><br>**4-тапсырма.Мақалды жаттап ал.**<br>Білекті бірді жығады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш,<br>Демаламыз жинап күш жинаймыз |  | | <br> | Білімді мынды жығады |

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар *«Лақтыр да,қағып ал»***

| | | |
|---|---|---|
| **Суретті тіл ұстарту:**<br>**Ша – ша – ша**<br>Айшаның шанасы **тама (ша)**<br>**Са – са – са**<br>Қасқыр соқты **Мұ (са)**<br>**Ол – ол – ол**<br>Ағашта лимон **м(ол)**<br>**Ра – ра – ра**<br>Дүкеннен нан алды **Са (ра)**<br>**Із – із – із**<br>Тамаққа қосты **сәб(із)**<br>**Жу – жу – жу**<br>Ыдысты тазалап **(жу)** **Елнұр** |  | **Ойын:** ***«Лақтыр да,қағып ал»***<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды. - Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br><br>Жарас, Осман |

3-ұйымдастырылған әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** «Менің мектебім»<br>**Мақсаты:** -мектеп туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету,диалогке | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Ағаш бұтақтары.<br>(Түрлі түсті карындаштар)<br>**Мақсаты:** -ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру; | **Сауат ашу негіздер**<br>**Тақырыбы.** «Дыбыс пен сөз»<br>**Мақсаты:** -сөз,дыбыс туралы түсінік беру;<br>-сөздің дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып | **Қазақ тілі**<br>Тақырыбы: Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмесімен салыстыру.<br>**Мақсаты:** -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:**<br>Бізді не қоршап тұр?<br>**Мақсаты:** балаларды жансыз табиғат түсінігімен таныстыру,жансыз табиғаттағы адам қолымен |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>қатысуға үйрету.<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>-білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Күтілетін нәтиже: бала-бақшаны білу,ұстазын құрметтеу<br>Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>Топтық жұмыс.<br>1-Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.<br>2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар.</td>
<td>-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;<br>- жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу.<br>-елестету және заттарға қарап пішндерді бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру.<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту;<br>- көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту.<br>Күтілетін нәтиже: балаға сурет салдырта отырып ой қабілеттерін дамыту<br>Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды</td>
<td>бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру.<br>Күтілетін нәтиже: жазу үлгілерімен танысу,ұқыпты жазу,таза жазу<br>Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>Дидактикалық ойын:<br>1-тапсырма.<br>
<br>2-тапырма.</td>
<td>қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>-тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>Күтілетін нәтиже: бөлмелердің атын білу,айырмашылықтарын атай білу<br>Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады.<br>«Қоян» құлақтарын созып тұр.<br>«Сақина» – бала жұдырығын</td>
<td>жасалған заттарды айыра білуге үйрету;<br>-өзіндік тәжірибеалдық жұмысты ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру.<br>Күтілетін нәтиже: отбасың ,қоршаған ортаңның бар болу керектігін түсіну,білу<br>Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>Бір тұтас тәрбие:Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>Қауіпсіздігі: «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>Бояумен сурет салуды жетілдіру,<br>- бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды<br><br><br> | үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат түтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br> | <br><br>**3-тапсырма.**<br><br> | түйеді.<br>Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір- бірімен түйістіреді.<br>«Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне карама-карсы ұстайды. тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір»сөздерін пайдалануға қол жеткізеді.<br>Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады<br>1-тапсырма<br>Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмелерінің айырмашылықтары.<br><br> | құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру<br>- қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту<br>- ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу<br>Топтық жұмыс:<br>Ой, балалар, балалар,<br>Қоңырқай күз болыпты. Құрап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты.<br><br> |
| **Үзіліс Ойын:** «Жәндікте неше аяқ бар» | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Қане, қайсы алақан,<br>Біз – кішкентай. (балапан)<br>Аралардың нәрі,<br>Бау-бақшаның сәні. (гүл)<br>Тік, тік, тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте. (шырша)<br>Менің тұрақты мекенім,<br>Сәнді етіп жүремін. (үй)<br>Санайық жаңаша,<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш. |  | Құрылымдалған ойын:<br>Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»<br>Мақсаты: Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау)<br><br>Осман |

**4-ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Спортзал»<br>«Спортзалда ойнаймыз».<br>**Мақсаты:**<br>-кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту;<br>-спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.<br>ептілік,шыдамдылық,төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:спортзалда немен шұғылдану керкетігін білу,жаттығу,қимыл адам өміріне пайда екенін ұғыну<br>**Құндылықтар:**<br>еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Білімің-бұлағың»<br>**Мақсаты:**- Балаларға білімнің өмір бойы қажет екенін бірнеше мысалдар келтіру арқылы ұғындыру<br>**Күтілетін нәтиже:**білім адам азығы екенін түсіну,білу<br>**Құндылықтар:**<br>еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – | **Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Денсаулықтың құпиялары»<br>**Мақсаты**:спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу<br>**Күтілетін нәтиже**:денсаулықты күту,сортпен шұғылдану<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев) | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Білімің-бұлағың»<br>**Мақсаты:** домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру;<br>-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>-балалардың музыкаға құштарлығын арттыру.<br>Күтілетін нәтиже: балалардың білімін шыңдай отырып ән айту музыка әлеміне саяхат арқылы ұғындыру.<br>**Құндылықтар:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу | **Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Күлкі сыйла»<br>**Мақсаты** :бала ағзасын төзімді,мықты болуға шынықтыру,омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу<br>**Күтілетін нәтиже:** шынығa білу,айналаңа пайдалы болу<br>**Құндылықтар:**<br>еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Бір тұтас тәрбие:**Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау<br>Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу<br>Мемлекеттік тілді білу<br>Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты қарауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>**«Мұқият бол» ойын жаттығуы**.<br>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу.<br>Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау.<br>Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br> | қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей<br>**Ән айту:** «Білімің – бұлағың»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т.Ломова )<br>**Билер:**« Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова) | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).**<br><br>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (кармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында<br> | Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу<br>Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну<br>**Қауіпсіздігі:** «Судың да сұрауы бар» суды үнемді тұтынуға ұқыпты карауға қалыптастыру<br>**Апта дәйексөзі:** Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей<br>**Ән айту:** «Білімің – бұлағың»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова)<br>**Билер:**«Жұп тасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)<br> | қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)<br><br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады.<br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.<br><br>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді<br> |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. (Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Үзіліс:** Ойын: «Үкі». | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Тіл жаттығулары:<br>Тұрақты сөз тіркестерінен құралған санамақ<br>Мақсаты: Сандарды жаттау, санауды дамыту.<br>Бір ауыз сөз,<br>Екі айтпайтын адам.<br>Үш қайтара сәлем,<br>Төрт түлік мал,<br>Бес уақ намаз,<br>Алты алаш,<br>Жеті қабат жер асты,<br>Сегіз қырлы жігіт,<br>Тоғыз торау жол,<br>Он сақа ой. Осман | |  | | Ойын: «Үкі».<br>Мақсаты: Үкінің немен қоректенетінін және қай уақытта жүретінін үйрету.<br>Ойынның шарты: Тәрбиеші үкі болады. Ол ұясында отырады. Басқа балалар құрт-құмырсқа, көбелек, бақа болып секіріп жүреді. Тәрбиеші «түн» дегенде бәрі тоқтап қалады. Үкі аңға шығады, қозғалған ойыншыны көріп ұясына алып кетеді. Тәрбиеші «күн» дегенде барлығы жүгіріп ойнайды. Үкіні ауыстыруға болады. Кімді үкі ұстаған жоқ сол жеңімпаз атанады.<br>Жарас | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |